

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!



Қазақстан
КОММУНИСТІ

1

январь

1969

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

1 ЯНВАРЬ 1969

1921 жылғы сентябрьден бастап шығып келеді.

М А З М У Н Ы

ЛЕНИНИЗМ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Бас мақала — Ұлы мереке құрметіне	3
Ю. Гриневич — В. И. Ленин — партиялық-тарихи ғылымның негізін қалаушы	9
Б. Ермұқанов — КПСС және халықаралық коммунистік қозғалыс	13
Ә. Нұршайықов — Жыл жемісі, ел дәулеті	19

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ

С. Байеділов — Жарқын мерекеге жақсы әзірленеміз	24
К. Нұрбаев — Өскен ауылдың өскелең мәдениеті	28

ҰЙЫМДАСТЫРУ-ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫ

С. Қойшыбаев — Өнеркәсіптегі басты бағыт	33
Т. Смағұлов — Селодағы саяси жұмыс	37
К. Хасенов — Қоғамдық негіздегі кабинет	40

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Ж. Дайырбеков, В. Қалқамбаев — Мыс кенінде еңбек өнімділігін арттырудың жолдары	42
Е. Жамалбеков — Байлық бұлағы	45
Т. Мақашев — Халық дәулетін күзетушілер	48
Х. Баймендин, С. Омаров — Шұғыл шешуді қажет ететін мәселе	51

ӨНДІРІС ЖӘНЕ КОЛЛЕКТИВ

Ш. Есмұрзаев — Басшы әрі тәрбиеші	52
Қ. Садықов — Инженер абыройы	58

ҒЫЛМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

Қ. Сағындықов — Әлеуметтік-экономикалық әдебиетті қазақ тіліне аударудың кейбір мәселелері	61
--	----

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

М. Мамажанов — Кемеңгер көсем туралы естеліктер	67
Д. Кішібеков, А. Ержанов — Лениндік ұлт саясатының салтанаты, Б. Ғумаров — Орал өңірінің байлығы	71
Аудандық газет беттерінен	76
Партия тұрмысының хабарлары	79
Журнал жанашырлары	80

СОДЕРЖАНИЕ

ЛЕНИНИЗМ И СОВРЕМЕННОСТЬ

Передовая — Предъюбилейная вахта трудящихся	3
Ю. Гриневич — В. И. Ленин — основоположник историко-партийной науки	9
Б. Ермуханов — КПСС и международное коммунистическое движение	13
А. Нуршаихов — Год великих свершений	19

ВОПРОСЫ ИДЕОЛОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ

С. Баедилов — Навстречу к знаменательной дате	24
К. Нурбаев — Культурная жизнь современного аула	28

ОРГАНИЗАЦИОННО-ПАРТИЙНАЯ РАБОТА

С. Койчубаев — Главное направление в развитии промышленности	33
Т. Исмагулов — Политическая работа на селе	37
К. Хасенов — Кабинет организационно-партийной работы	40

НА ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ТЕМЫ

Ж. Даирбеков, В. Калкамбаев — Пути повышения производительности труда в медной промышленности	42
Е. Жамалбеков — Источник изобилия	45
Т. Макашев — На страже народного достоинства	48
Х. Баймендин, С. Омаров — Назревший вопрос	51

ПРОИЗВОДСТВО И КОЛЛЕКТИВ

Ш. Есмурзаев — Руководитель и воспитатель	52
К. Садыков — Слава инженера	58

НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

К. Сагындыков — Некоторые вопросы перевода социально-экономической литературы	61
---	----

КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

М. Мамажанов — Воспоминания о гениальном вожде	67
Д. Кшибеков, А. Ержанов — Торжество ленинской национальной политики, Б. Гумаров — Дары степных просторов Приуралья	71
По страницам районных газет	76
Хроника партийной жизни	79
Активные распространители печати	80

Гос. респ. библиотека
КСС им. А. С. Пушкина
Инв. 16958

ҰЛЫ МЕРЕКЕ ҚҰРМЕТІНЕ

Кеменгер көсеміміз Владимир Ильич Лениннің жүз жасқа толатын күні жақындап келеді. Бұл торқалы тойға еліміздің еңбекшілері, бүкіл прогресшіл адамзат шексіз қуанышпен, шарықтаған шабытпен қызу әзірленуде.

В. И. Ленин ең алғаш маркстік үйірмеге қатысып, революциялық жолға біржола бекініп түскенде де, Россия пролетариатын патша өкіметіне қарсы шешуші шайқасқа көтергенде де, адамзат тарихында жұмысшылар мен шаруалардың тұңғыш социалистік мемлекетін орнатып, жаңа қоғамның жарқын келешегіне жол сызып бергенде де ол бәрінен бұрын еңбекші бұқараға сүйенді, еңбекшілер творчествосының сарқылмас қайнарына, жасампаз күдіретіне сенді.

Совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ Владимир Ильич ұзақ жылғы соғыстан қалжыраған елдің күйзелген шаруашылығын қалпына келтіру үшін, жас мемлекетті анталаған ішкі-сыртқы жаулардың қаскүнем шабуылынан қорғап, жаңа қоғамның түпкілікті жеңуін қамтамасыз ету үшін еңбекшілердің саналы белсенділігі, ұйымдасқан, ынтымақтасқан еңбек өрлеуі қажет екенін қайта-қайта атап көрсетті. «Халықтың, — деп жазды ол, — жаңа топтарын қоғамдық құрылысқа қатыстырмайынша, бұған дейін ұйқыда келген қалың бұқараның белсенділігін көтермейінше ешқандай да революциялық қайта құрылыстар туралы сөз болуы да мүмкін емес» (Шығармалар, 27-том, 201-бет).

Бұқараның белсенділігін көтерудің ең пәрменді құралы ретінде В. И. Ленин жарысқа айрықша мән берді. Капиталистік қоғамда өзін көрсете алмаған үлгі, өнеге күшінің социализм тұсында орасан зор маңызға ие болатынын, жеке меншікшіл қоғам тұсындағы кескілескен бәсекеге емес, шын мәнісіндегі жолдастық өзара көмекке, қолдауға негізделген жарыстың бұқараны дәйекті тәрбиелеу, қоғамды қайта құру үшін өлшеусіз роль атқаратынын егжей-тегжейлі талдап, түсіндіріп берді.

1919 жылдың көктемінде Москва — Қазан темір жолының озат жұмысшылары коммунистік сенбілікке шығып, олардың бұл бастамасы тез тарала бастаған кезде Лениннің қалай қуанғанын жақсы білеміз. Ол қарапайым еңбек адамдарының бұл патриоттық қозғалысынан ұлы бастаманың қайнарын, бұқараның қоғамдық өндіріске жаңа көзқарасының, болашақ коммунистік еңбектің айқын нышандарын көрді. «Бұл — әлі тек бастама ғана болар, — деп жазды Владимир Ильич, — бірақ бұл бастаманың маңызы өте-мөте үлкен. Бұл — буржуазияны құлатудан төрі де анағұрлым қиын, анағұрлым мәнді, анағұрлым негізді, анағұрлым шешуші төңкерістің бастамасы» (Шығармалар, 29-том, 407-бет).

Социалистік экономика мен мәдениеттің бүкіл даму тарихы В. И. Лениннің кеменгер көрегендігін, бұқараның творчестволық бастамасының келешегі туралы оның даналық болжамының дұрыстығын түгелдей растап шықты. Коммунистік партияның қамқорлық көмегімен:

дана басшылығымен социалистік жарыс қоғамымыздың қозғаушы күштерінің біріне айналды. Еліміздің экономикасы нығайып, адамдардың санасы, білімі, мәдениеті өскен сайын, жарыстың да жаңа формалары мен әдістері туындап, еңбекшілердің ең қалың бұқарасын жасампаз творчествоға тартты.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында аш-жалаңаш, бірақ революциялық жалынға толы жұмысшылардың коммунистік сенбіліктерінен басталған социалистік жарыс отызыншы жылдарда стахановшы өкпінділер қозғалысына ұласты. Ұлы Отан соғысы жылдарында заводтар мен фабрикаларда, шахталар мен рудниктерде, колхоздар мен совхоздарда өкпінді майдан бригадалары өріс алып, ең қатал сын сағатта, қиын-қыстау кезеңде еліміздің шаруашылық тынысын дамылдатпай, ғаламат еңбек ерлігін көрсетті. Соғыстан соң жеңіс қуанышымен жігерленген еңбекші бұқараның творчестволық өрлеуі онан әрі тасқындап, алпысыншы жылдарға қарай жаңа арнаға — коммунистік еңбек жолындағы қозғалысқа ұласты.

Коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс — социалистік жарыстың жетілген, дамыған, жоғары формасы. Бұл қозғалыс бұқараны неғұрлым кең қамтитындығымен ғана емес, бүкіл мақсат-мазмұнымен, ықпал-әсерімен коммунистік құрылыстың қазіргі кезеңіне сай келеді. Коммунистік еңбектің өкпіндісі атағын алу жолындағы күресте адамдардың арасында жаңа, ізгі қатынастар қалыптасуда, коммунизм адамына лайық рухани-моральдық қасиеттерге тәрбиеленуде. Ал В. И. Ленин жарыстың нақ осы жағына, адамдардың еңбекке, қоғам өміріне саналы көзқарасын шыңдауға, олардың білімін, ой-өрісін, мәдениетін көтеруге ерекше мән берген болатын. Ұлы Октябрьдің 50 жылдығы мерекесіне әзірлену және өткізу күндерінде социалистік жарыс жаңа мазмұнмен, жаңа формалармен байыды.

Еңбекшілер бұқарасының өндірістік өрлеуі кеменгер көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірленумен байланысты бұрын-соңды болмаған биікке көтеріліп отыр. Совет адамдары өздерінің Владимир Ильичке — дүниедегі ең ұлы, ең абзал адамға деген шексіз сүйіспеншілігін адал еңбегімен, оның өсиеттерін жүзеге асыру жолындағы белсенді, қажырлы күресімен дәлелдеуде.

Еңбекшілердің торқалы той құрметіндегі жаңа жарысын революцияның алтын бесігі болған Ленинград пен Москваның қаһарман жұмысшы табы бастады. Олар ұлы көсемнің туғанына жүз жыл толуына дейін қалған әрбір күнді лениндік еңбек вахтасына айналдыру, бесжылдық жоспардың тапсырмаларын 1970 жылдың 7 ноябріне дейін орындау жөнінде ұран көтерді. Ленинградтықтар мен москвалықтардың патриоттық шақыруы ұлан-байтақ Отанымыздың барлық түкпір-түкпірінде жаппай қолдау тауып, даңқты мерекеге еңбек тартуларын әзірлеу жолындағы жарыс шын мәнісінде бүкіл халықтық қозғалысқа айналды.

КПСС Орталық Комитетінің «В. И. Лениннің туғанына жүз жыл толуына әзірлену туралы» қаулысы еңбекшілердің жасампаз творчествосына жаңадан кең өріс ашты. «В. И. Лениннің туғанына жүз жыл толуын атап өтудің ең жақсы тәсілі, — делінген қаулыда, — совет халқының алдында тұрған шаруашылық және мәдени құрылыстың орасан зор көлемді жоспарларын жүзеге асыруға баса назар аудару. Негізгі күш-жігерді КПСС XXIII съезінің шешімдерінде қойылған аса маңызды экономикалық, әлеуметтік-саяси және идеологиялық міндеттерді шешуге бағыттаған жөн». Орталық Комитет бұл мақсатқа жету үшін партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының, еңбекші коллективтерінің не істеуі, қалай істеуі керек екенін жан-жақты талдап, саралап берді.

КПСС Орталық Комитетінің қаулысы барлық облыстық, аудандық партия комитеттерінің пленумдарында, партия-шаруашылық активтері-

нің, бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында талқыланып, бірауыздан мақұлданды. Өнеркәсіп, құрылыс, транспорт орындарының, колхоздар мен совхоздардың коллективтері Орталық Комитеттің қаулысына сәйкес ұлы Лениннің туғанына жүз жыл толуы мерекесін ең лайықты табыстармен қарсы алудың нақты шараларын белгіледі, көбісі өндіріс көлемін ұлғайтуға, жоспарларды мерзімінен бұрын орындауға мүмкіндік беретін жаңа резервтер тауып, бұрынғы міндеттемелерін қайта қарады.

Республика еңбекшілерінің қарқынды, шабытты еңбек өрлеуінің нәтижесі бесжылдықтың үшінші жылының қорытындысынан айқын көрініп отыр. Бұл жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің жуырда өткен төртінші сессиясында келтірілген мәліметтер көңіл қуантады. Бесжылдықтың алғашқы үш жылы ішінде өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі мен аса маңызды өнім түрлерін шығару тапсырмасы толық және асырып орындалды.

Бесжылдықтың үш жылы ішінде ауыл шаруашылығының еңбеккерлері де елеулі табысқа жетті. Мемлекет үш жылда Қазақстаннан 35,7 миллион тонна астық, 2,8 миллион тонна ет пен құс, 298 мың тонна жүн, миллиондаған қарақұл елтірісін алды. Республиканың колхоздары мен совхоздары өткен жылы Отан қоймасына 713 миллион пұт астық құйып, белгіленген тапсырманы едәуір артығымен орындады.

Қазір жер-жерден түсіп жатқан хабарлар байтақ республикамыздың барлық жерінде лениндік еңбек вахтасы күннен күнге ұлғайып, тасқындап отырғанын дәлелдейді. Ұлы көсемнің жүз жасқа толуы мерекесін дарқан табыстармен қарсы алу жолындағы қозғалыстың қуатты толқыны барған сайын ұлғая түсуде. Мысалы, бір ғана Шығыс Қазақстан облысының өзінде 225 мыңнан астам жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер лениндік вахтаға тұрды. Олардың 140 мыңнан астамы — коммунистік еңбек қозғалысының алдыңғы сапындағылар. Облыстың партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары өндіріс технологиясы мен мәдениетін жетілдіру, жаңа техниканы енгізу, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру, озат тәжірибені тарату, жұмыс уақытын тиімді пайдалану, еңбек жағдайын жақсарту жөнінде жыл бойына байқау-конкурстар өткізуді ұйғарды. Аудандық, қалалық партия комитеттері мен құрылыс орындарының партия ұйымдары мерекеге дейін аяқталуға тиісті негізгі объектілердің тізімін анықтап, олардағы жұмыстың барысын қатаң бақылауға алды. Құрылысшылар 1969 жылдың 31 декабріне дейін құрылыс сапасына жүргізілетін бүкіл одақтық байқауға қосылып, «Лениндік қор жинау» жорығын бастады.

Лениндік еңбек вахтасының барысында бұқаралық ізденістен, творчестволық толғаныстан туған жаңа бастамалар, өндіріс нәтижесін арттырудың соны жолдары мен әдістері табылуда, социалистік жарыстың жаңа формалары қалыптасуда. Мәселен, бүкіл одақтық жарыстың қашаннан бергі жүлдегері Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында лениндік бесжылдықтың екпіндісі атарын жеңіп алу жолында жеке міндеттеме алушылардың қозғалысы кең өріс алған. Мұнда әрбір жұмысшының үнемдеген қаржысын тіркеп отыратын дербес есеп кітабы ашылған. Өскемен қорғасыншылары товарлы өнім шығару және өнім өткізу жөніндегі бесжылдық тапсырманы 1970 жылғы 7 ноябрьге дейін, ал мырыш өндіру жоспарын бұрынғы міндеттемеде белгіленгендей мерзімінен 42 күн емес, 80 күн бұрын орындау үшін күресуде.

Өскемен титан-магний комбинатының жұмысшылары әр бескүндік жоспарды төрт күнде орындап отыру, әрбір операциядан уақыт үнемдеу жөнінде бастама көтерді. Ал Риддер руднигі кеншілерінің нысанасы — мерекеге дейін қалған уақыттың әрбір сағатын екпінді вахтаға айналдырып, өнім шығарудың бесжылдық тапсырмасын 1970 жылдың 22 апреліне толық орындау болып отыр.

Шымкент қорғасын зауытының коллективі бүкіл одақтық жарыста соңғы 12 тоқсан бойына ауыспалы Қызыл туға ие болып келеді. Кәсіпорынға коммунистік еңбек коллективі атағы берілген. Шымкент қорғасыншыларының мерекелік міндеттемелерінде өндіріс көлемін ұлғайтумен бірге жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің білімін, мамандығын, техникалық даярлығын жетілдіруге, соның негізінде еңбек өнімділігін мықтап арттыруға айрықша назар аударылған. Мұнда жыл сайын 200-дей адам техникалық білім университетін, мыңға тарта жұмысшы оқу комбинатын бітіріп шығады. Жүздеген адам өндірістен қол үзбей жоғары, арнаулы орта дәрежелі оқу орындарында, мастерлер мектебінде оқиды. Шымкенттіктер мерекеге дейін бесжылдық тапсырмадан тыс 3900 мың сом пайда келтіруге, кәсіпорынның рентабельділігін 16 процент, еңбек өнімділігін 37 процент арттыруға міндеттеніп отыр.

Лениндік еңбек вахтасы Павлодар трактор зауытында тамаша нәтижелер беруде. Машина жасаушылар еңбек қарқынын күннен-күнге арттыра отырып, шынжыр табанды «Қазақстан» тракторының тұңғыш партиясын конвейерден шығарды. Зауытта «уақыттан озғандардың» қатары күн санап көбеюде. Коммунистік еңбектің екпінділері комсомолец Н. Новорж пен жас коммунист В. Телков лениндік еңбек вахтасын осыдан бір жыл бұрын бастаған болатын. Екеуі де жеке бесжылдық міндеттемелерін ВЛКСМ-нің 50 жылдығына дейін орындап, өткен жылғы декабрьде 1971 жылдың тапсырмасын аяқтады, Ильич қорына жоспардан тыс 90 тонна болат, шойын құймасын қосып, 160 тонна формовка материалын үнемдеді. Зауытта жеке бесжылдық міндеттемесін орындаған мұндай санлақтар жүздеп саналады.

1968 жылы Қостанай облысының диқандары мемлекетке 136 миллион пұт астық тапсырып, жоспарды едәуір асырып орындағаны мәлім. Осы облыстағы Ленин ауданының диқандары ауыл шаруашылық еңбеккерлері арасындағы лениндік вахтаның туын бірінші болып көтерді. Астық дайындаудың бесжылдық тапсырмасын үш жылда орындаған аудан диқандары егіншілік мәдениетін онан сайын көтеру, жұмыс процесстерін механикаландыру негізінде әрбір шаруашылық бойынша егіннен тұрақты және мол өнім алынуын қамтамасыз ету, сөйтіп ұлы көсемнің туған күнін дарқан табыстармен қарсы алу жөнінде көтеріңкі міндеттеме қабылдады. Олар алған міндеттемесін орындау үшін күзден бастап-ақ берік негіз қалады. Аудан шаруашылықтарында барлық егіске жетерлік зябь жыртылды, сортты тұқым құйылды. Қазір тұқымды тазартып, себу дәрежесіне жеткізу, техника мен құрал-саймандарды жөндеу жұмысы аяқталып келеді.

Еңбекшілердің патриоттық өрлеуін бейнелейтін мұндай мысалдарды көп келтіре беруге болады. Қарағандының кеншілері, Теміртаудың, Ақтөбенің металлурғтары, Жезқазғанның, Балқаштың мыс қорытушылары, Маңғыстаудың, Мақаттың мұнайшылары, Жетісудың, Оралдың, Сыр бойының диқандары — қысқасы, байтақ республикамыз түгелімен лениндік вахтада. Ендігі әңгіме — еңбекшілердің осы өрлеуін, творчестволық еңбек шабытын дұрыс бағыттап, онан сайын өрістетіп, оның жасампаз күшін бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау мүддесіне жұмылдыру. Бұл тұрғыда партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, шаруашылық басшылары мен мамандары орасан зор саяси және ұйымдастыру жұмысын жүргізуге тиіс.

Ең алдымен жарыстың шын мәнісіндегі жариялылығын қамтамасыз ету керек. Лениндік вахтаға тұрған әрбір адам өзінің, өз коллективінің ғана емес, жарысушы жұмысшының, коллективтің де міндеттемесі қалай орындап жатқанын күнбе-күн біліп отыратын болуға тиіс. Бұл мақсатта жарыстың барысын уақтылы қорыту, өзара тексеру бригадаларын алмасу, көп тиражды және қабырға газеттері, жауынгерлік листоктар, көрсеткіш және құрмет тақталары, жарыс бюллетеньдері,

радио торабы, рейдтер, байқаулар, конкурстар, «Ленин жолдас, Сізге баяндаймыз!» деп аталатын рапорттық кештер, өндірістік кеңестер, т. б. осы сияқты құралдарды ұқыпты пайдалану керек.

Лениндік вахта күндерінде еңбек ұйымдастыруды жақсартуға, өндіріс резервтерін ашуға, озат тәжірибені таратуға бағытталған жаңа бастамалар, жарыстың пәрменді ықпалын күшейтетін жаңа формалар мен әдістер туындауда. Партия ұйымдары ондай жаңалықтарды тез көріп, мұқият зерттеп, жинақтап, пайдалы, тиімді дегендерін дереу көпшілік игілігіне айналдырып отыруға тиіс. Өнер тапқыштық инициативасымен көзге түскен, жарыста үздік шыққан коллективтерді, өндіріс озаттарын материалдық және рухани жағынан дер кезінде ынталандырып, көтермелеп отыру керек.

Партия лениндік еңбек вахтасының тәрбиелік роліне ерекше мән беріп отыр. Мерекелік жарысты еңбекшілердің саяси саналылығы мен белсенділігін, идеялық сенімін, еңбекке коммунистік көзқарасын шыңдауға, әрбір адамның Отан игілігі үшін кешегіден бүгін, бүгіннен ертең жақсырақ еңбектөнсем деген ынта-ықыласын күшейтуге бағыттау керек. Партия ұйымдарының бұл саладағы саяси-тәрбие жұмысы өндірісті басқарудағы қырсыздыққа, оралымсыздыққа, шикізат пен қаражатты жұмсаудағы ысырақорлыққа, социалистік меншікті талаң-таражға салу, ұрлау фактілеріне, еңбек тәртібін бұзушыларға, маскүнемдерге, бұзақыларға, бюрократтарға және басқа жарамсыз жөріністерге қарсы ымырасыз күреспен ұштастырыла жүргізілуіне тиіс. Бұл мақсатта партия жиналыстарының, халық бақылаушылары мен комсомол прожекторларының, тексеру комиссияларының, жолдастық соттардың ролі мен белсенділігін барынша көтеру қажет.

В. И. Ленин қол жеткен табыстарды байсалдылықпен қорыта отырып, шаруашылық пен мәдениет құрылысының әлі де шешілмеген мәселелеріне көбірек назар аудару қажет деп үнемі үйретуші еді. Ал бізде ондай проблемалар жеткілікті. Республиканы тұтас алғанда өнеркәсіп өндірісінің жайы жақсы болғанымен, экономикалық тиімділігі төмен, жоспарларын орындамайтын жеке кәсіпорындар жоқ емес. Мәселен, Гурьев, Ақтөбе, Шымкент, Қызылорда және басқа бірқатар облыстардың әрқайсысында ондаған кәсіпорындар өнім өткізу жоспарын орындамады. Күрделі құрылысқа бөлінген қаржының игерілмеуі салдарынан республикада аяқталмаған құрылыстар саны көбеюде. Бірқатар кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарында өнімнің сапасы нашар, өзіндік құны қымбат, рентабельділік төмен.

Ауыл шаруашылығында да «әттеген-ай» дегізетін жайлар көп. Республиканың 44 ауданы бесжылдықтың алғашқы үш жылында мемлекетке астық сату жоспарын орындамады. Төлдейтін малдың қысыр қалуы әлі де өте көп, малдың өнімділігі төмен. Көптеген шаруашылықтарда мал өнімінің өзіндік құны қымбат. Міне осы кемшіліктерді жойып, артта қалған кәсіпорындар мен шаруашылықтарды алдыңғылар дәрежесіне жеткізу — өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өнімдерін молайтудың аса маңызды резерві. Партия, совет, шаруашылық органдары бұл резервтерді іске қосудың бар амалдарын қарастыруға тиіс.

Жуырда СССР Жоғарғы Советінің V сессиясы еліміздің халық шаруашылығын өркендетудің 1969 жылға арналған мемлекеттік жоспары мен бюджетін қарап бекітті. КПСС XXIII съезінің нұсқауларына толық сай келетін осы жоспарға және өткен жылы қол жеткен табыстарға сүйене отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясы бесжылдықтың төртінші жылында республика халық шаруашылығын өркендетудің негізгі бағыттары мен міндеттерін белгілеп берді.

1969 жылға арналған жоспарда республикамыздың экономикасы мен мәдениетін жаңадан мықтап өрге бастыру шаралары көзделген. Республикада өткен жылғымен салыстырғанда биыл өндірістің жалпы

көлемі 8 процент, ұлттық табыс 8,6 процент ұлғаяды. Халық шаруашылығы жоспарларын орындаудың шешуші шарты ретінде ғылыми-техникалық прогресті тездетуге, еңбек өнімділігін арттыруға айрықша көңіл бөлінеді. Өнеркәсіп өнімінің бүкіл өсімінің 60 проценттен астамы еңбек өнімділігі есебінен алынады.

Тұтыну заттарын өндіру қарқынының өндіріс құрал-жабдықтарын шығару қарқынынан едеуір жоғары болуы — жаңа жыл жоспарының негізгі ерекшеліктерінің бірі. Биыл халық тұтынатын товарлар өндіруге өткен жылғымен салыстырғанда күрделі қаржы 43 процент көп жұмсалғалы отыр. Мұның өзі еңбекшілердің материалдық-мәдени тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Экономикалық реформа өнеркәсіп пен құрылысты өркендетудегі басты бағыт болып қала береді. Партияның экономикалық саясатын дәйектілікпен жүзеге асыру, барлық кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарын жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне көшіруді аяқтау, бұл жүйенің артықшылықтарын пайдалана отырып, өндіріс тиімділігін мейлінше арттыру, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кеміту, сол негізде әрбір коллектив бойынша мерекелік міндеттеменің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету — үстіміздегі жылдың ең маңызды міндеттерінің бірі.

Республика ауыл шаруашылығын өркендетудің бағыты КПСС Орталық Комитетінің октябрь Пленумы мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің IX пленумының шешімдеріне негізделген. Егіс көлемінің құрылымын жақсартып, егіншілік мәдениетін көтеру арқылы ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, соның есебінен 1968 жылғымен салыстырғанда астық өндіруді 12 мың тонна ұлғайту, сөйтіп мемлекетке астық сатудың бесжылдық тапсырмасын 4 жылда толық орындап шығу, мал санын көбейтіп, оның өнімдерін жоспардағыдан едеуір артық дайындау — міне республика дикандары мен малшыларының биылғы нысанасы осы. Ендігі жерде жаңа жыл жоспарының мақсат-мазмұнын әрбір еңбек адамына жеткізу, сөйтіп бесжылдықтың төртінші жылының жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресті байсалдылықпен, іскерлікпен ұйымдастыру республика партия ұйымдарының жауынгерлік міндеті болмақ.

Лениндік еңбек вахтасы экономиканы дамытуда ғана емес, совет адамдарының мәдени-тұрмыс дәрежесін онан сайын көтеру, қалалар мен жұмысшы поселкелерін, ауылдар мен селоларды көркейту, халыққа тұрмыстық-мәдени, медициналық қызмет көрсетуді, сауданы мейлінше жақсарту саласында да елеулі кезең болғалы тұр. Көптеген коллективтер өздерінің мерекелік міндеттемелерінде көшелерді, елді мекендерді сәулеттендіру, селолық жерлерде мәдени-тұрмыстық құрылысты кең өрістетуге жөнінде шаралар белгіледі. Партия, кәсіподақ ұйымдары, әсіресе жергілікті Советтер сол шаралардың іс жүзінде орындалуын күнбе-күн қадағалап, село мәдениетін онан әрі көтеру жолындағы жарыста озып шыққан коллективтерді қолдап, ынталандырып отыруға тиіс.

Лениндік еңбек вахтасы күннен-күнге қанатын кең жайып, совет адамдарының ұлы көсемге, Коммунистік партияға деген шексіз адалдығы мен сүйіспеншілігінің бүкіл халықтық байқауына айналуда. Бұл байқауда әрбір коллектив, әрбір еңбекші өзінің лайықты орнын тауып, шығар биігін белгілеп, мерекеге неғұрлым мол тартумен баруға күлшенуда. Совет адамдарының еңбектегі ерлігі, Отанымыздың экономикалық қуатын нығайту, елімізде коммунизмнің сәулетті сарайын салу жолындағы қаһармандық күресі Владимир Ильичке орнатылған ең лайықты ескерткіш болып табылады.

В. И. ЛЕНИН — ПАРТИЯЛЫҚ-ТАРИХИ ҒЫЛЫМНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

В. И. Лениннің идеялық мұралары — маркстік тарихи ойдың аса бағалы қазынасы. «Ленинизм — тарихи жаңа замандағы, империализм мен пролетарлық революциялар заманындағы, адамзаттың капитализмнен социализмге өту және коммунистік қоғам орнату заманындағы марксизм. Ленинизм революциялық ой мен революциялық қимылдың мәңгі нәр беріп отыратын қайнары», — деп көрсетілді КПСС Орталық Комитетінің «Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы» қаулысында.

В. И. Ленин — біздің партиямыздың ұйымдастырушысы, дүние жүзіндегі бірінші социалистік мемлекеттің негізін қалаушы және жаңа типтегі жұмысшы табының көсемі. Ол сонымен бірге ұлы ғалым, марксизмнің теоретигі, мемлекеттік данышпан қайраткер. Лениннің шығармалары өзі ұйымдастырған Коммунистік партияның өмірімен және қызметімен біте қайнасып, астасып жатады.

В. И. Ленин партия тарихының алғашқы зерттеушісі және бірінші тарихшысы. КПСС тарихы — революцияшыл пролетариаттың маркстік партиясының пайда болуы мен дамуын және қызметін зерттейтін ғылым, ал оның қайнар бұлағы — лениндік еңбектер. Олай болса тарихнаманың лениндік мұраларын оқып үйрену — партия тарихын зерттеушілердің аса маңызды міндеті.

В. И. Ленин партия тарихы мына мәселелерді зерттеумен шұғылданып отырған ғылым деп көрсетті: К. Маркс пен Ф. Энгельстің ғылыми социализм теориясын Россиядағы азаттық қозғалысының ең таңдаулы дәстүрлерімен ұштастыру негізінде пролетариаттың революцияшыл маркстік партиясының дүниеге келу барысы; партияның үш революцияны әзірлеп, өткізудегі және социалистік құрылыстағы басшылық ролін; партияның ішкі өмірі, оның программалық және ұйымдық принциптерінің, стратегиясы мен тактикасының қалыптасып дамуы; партияның интернационалдық қатынасының кеңеюі және халықаралық аренадағы революцияшыл күштерді біріктірудегі большевизмнің ролі; партияның пролетариаттан басқа да бұқарамен байланысын нығайту, революциялық қозғалыстағы пролетариаттың жетекшілігі жолындағы күрес тарихы; маркстік емес революциялық және оппозициялық партиялар мен ағымдарға большевиктердің көзқарасы; партияның оңшыл және «солшыл» оппортунистермен күресінің негізгі заңдылықтары.

Партия тарихын кезендерге бөлу мәселесіне В. И. Ленин әлденеше рет оралған болатын. «Не істеу керек?» деген кітабының қорытындысында орыс социал-демократиясының тарихын үш дәуірге бөліп жазды. Бірінші дәуір — 1884—1894 жылдар — социал-демократияның теориясы мен программасының дүниеге келіп, буыны беку дәуірі; екіншісі — 1894—1898 жылдар — социал-демократияның «балалық және ержету» дәуірі; үшіншісі — 1898—1902 жылдар — «ыдырау, іру, ауытқу дәуірі еді, мұның орнына жаңа дәуір келуге тиіс», — деп көрсетті Владимир Ильич (Шығармалар, 5-том, 561—562-беттер).

1920 жылы «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде В. И. Ленин партия тарихының негізгі дәуірлеріне тамаша сипаттама береді. Дәуірге бөлудің лениндік принциптерінде тарихи дамудың барысындағы негізгі бағытты анықтай білу, Россиядағы револю-

циялық прогрестің объективтік және субъективтік факторларын анықтау негізге алынады.

В. И. Лениннің еңбектерінде жұмысшы табының революцияшыл партиясының тарихын зерттеу жолдарын көрсететін аса маңызды методологиялық нұсқаулар бар. Мұнымен бірге В. И. Лениннің большевизм тарихы хақында жазған ондаған, жүздеген беттері ғылыми зерттеудің тамаша үлгісі болып табылады. Оның осы еңбектері партия тарихының бөлінбес бір саласы болып отыр және олардың тарихи маңызы ерекше.

В. И. Лениннің көзі тірісінде оның публицистикалық еңбектерін замандастары тарихи зерттеу деп ойламады. Дегенмен сол еңбектер жарияланған күннен бергі өткен уақыт В. И. Ленин берген бағалардың, сипаттамалар мен қорытындылардың дұрыстығын, нағыз тарихи зерттеулер екенін дәлелдеп отыр.

Көп жағдайда В. И. Ленин нақ бір партия тарихын зерттеуші ретінде көрінеді. Партияның өткен жолына терең шолу жасайды, оның жеке-леген кезеңдеріне әділ бағасын береді, партия ішіндегі күрестің әлеуметтік тамырын және тарихи мәнін дәл басып, ашып көрсетеді. Бұған дәлел ретінде II Интернационалдың 1904 жылғы Амстердам конгресіне арнап В. И. Лениннің басшылығымен әзірленген большевиктер партиясының тарихы жөніндегі алғашқы очеркті атасақ та жеткілікті. Сондай-ақ В. И. Лениннің «Не істеу керек?», «Бір адым ілгері, екі адым кейін», «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы», «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы», тағы басқа да ондаған еңбектері — партия тарихының жарқын беттері.

Владимир Ильич Ленин маман тарихшы емес-ті. Бірақ ол саяси қайраткер, партиялық публицист, ғалым-экономист және философ ретінде үнемі тарихқа жүгінетін. Тарихты оқып, зерттей отырып, В. И. Ленин оны ескі қоғамдық құрылысты құлатудың бір шарасы деп бағалады. Ал Октябрь революциясы жеңгеннен кейін тарих социалистік қоғам орнатудың және жаңа адамды тәрбиелеудің қуатты құралына айналуға тиіс деп санады.

В. И. Ленин өткендегі мен қазіргіні бір тұтас тізбектің ажырамас бөлегі деп санады. Ол өткеннен қазіргінің анықтамасын іздесе, қазіргіні — тарихқа айналған кешегінің заңды жалғасы деп білді. Ол философиялық диалектик ретінде, әрбір қоғамдық құбылысқа, ол қалай шықты, даму барысында қандай негізгі кезеңдерді басынан өткерді, қазіргі күйі қандай деген тұрғыдан талдау жасады.

Сонымен бірге В. И. Ленин тарихтың орасан тәрбиелік күшін көре білді, оны аға ұрпақ революционерлердің жас коммунистерге революциялық күрес эстафетасын беруіне көмектесетін идеялық тұтқа деп білді. Октябрдің жеңістерінен кейін жас Совет республикасы дүние жүзілік революциялық қозғалыстың ұйтқысына айналды, большевизмнің тарихы дүние жүзілік-тарихи маңыз алды. Сөйтіп Коммунистік партияның стратегиясы мен тактикасы әлемдегі барлық маркстік, революцияшыл партиялар үшін үлгі-өнеге болды. Дүние жүзілік коммунистік қозғалысқа арналған «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде В. И. Ленин большевизм тарихының негізгі дәуірлеріне, оның тактикасына егжей-тегжейлі талдау жасады, партияның идеялық жаулармен күресіне тоқталады.

В. И. Ленин партия тарихын революциялық марксизмнің тазалығы үшін, оны бұрмалаушыларға және жұмысшы табының жауларына қарсы күресетін мықты құрал деп бағалады; партия ішіндегі идеялық алауыздықтың мәнін түсініп, Россия жұмысшы қозғалысындағы түрлі ағымдардың күрес сырын білгісі келетін жұмысшыларды бұл күрестің мақсаты мен бағытын ашып беретін партия тарихын оқып үйренуге, фактілер мен документтерге жүгінуге шақырды ол. «...Таласта кімдікі дұрыс екенін, шындық қайда екенін шешу үшін — партия тарихынан фактілер мен документтер іздестіру керек, жеке адамға қатысты нәр-

селердің бәрін, өсек-аяндардың бәрін былай қойып, таластың қоғамдық тамырларын түсіну керек», — деп жазды В. И. Ленин (Шығармалар, 19-том, 58-бет):

Дүние жүзі пролетариатының көсемі В. И. Ленин — партия тарихын зерттеуші ұлы ғалым. Ол өз еңбектерінде дүние жүзілік және отандық тарихтың мәселелері жайлы маман зерттеуші ретінде салихалы пікір айтты, өзі зерттеген мәселелерге қатысы бар әдебиеттерді өте жетік білді, тарихи түп нұсқаның ішінен қажетті фактілерді іріктеп алып, оларға сын көзбен талдау жасады.

Буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық тарихшылармен бітіспес күрес жүргізе отырып, олардың шығармаларындағы нақты мәліметтерді өзінің шын мәніндегі ғылыми және партиялық терең тұжырымдарына пайдалана білді. Оны «Россияда капитализмнің дамуы», «Империализм — капитализмнің ең жоғарғы сатысы» деген еңбектеріндегі мысалдардан айқын көруге болады. Сонымен, В. И. Ленин әрбір тарихи құбылысқа жан-жақты талдау жасап, қоғамдық өмірдегі түрлі жағдайлардың өзара байланыстарын ескеріп отыруды үйретеді.

Ертеректегі, большевиктік дәуірге дейінгі көптеген мәселелердің ішінен В. И. Ленин зерттеген аса маңызды мәселе — революцияшыл орыс социал-демократтарының және жұмысшы қозғалысының социализмге ұласуы. Бұл проблемалардың партия тарихшылары үшін зор маңызы бар. Орыс марксистерінен бұрынғы азаттық қозғалысынан қалған «мұраны» дұрыс зерттеу, патша өкіметіне қарсы күрестің ХХ ғасыр басында жинақталған тарихи тәжірибелерін сын көзімен қайта қарау сияқты аса маңызды міндеттер тұрды. Міне сондықтан да орыстың сол кездегі маркстік әдебиетінде Россиядағы революциялық қозғалыстың тарихы мен тәжірибесіне зор көңіл бөлінді. Бірқатар лениндік зерттеулердің, атап айтқанда, оның «Халық достары деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітабында және «Біз қандай мұрадан бас тартамыз?» деген мақаласында бұрынғы революцияшыл қайраткерлер мен ұйымдарға, олардың дамуындағы негізгі заңдылықтар мен дәуірлерге принципті сипаттама беріледі. Россия социал-демократтарын революциялық күрес жөніндегі өздеріне дейінгі әріптестерімен байланыстыратын негізгі түйін — олар өздерінің таяудағы міндеті ретінде патша өкіметін құлату, сөйтіп саяси бостандық орнату мәселесін алға қойды. Міне сондықтан да В. И. Ленин халықшылардың жалпы демократиялық талаптарын және ХІХ ғасырдың 70-ші жылдарындағы алғашқы жұмысшы ұйымдарының саяси бостандықты талап етуін аса жоғары бағалайды. Сонымен бірге халықшылардың демократиялық идеяларды марксистер қабылдамады деген пікіріне В. И. Ленин қатаң соққы бере отырып, орыстың революцияшыл марксистері мен оларға дейінгі патша өкіметіне қарсы күресушілердің арасындағы айырмашылықты атап көрсетті. Орыс марксистері бірден-бір революцияшыл тап — пролетариат, оның ғылыми теориясы — марксизм, ал жетекші ұйымы — жұмысшы табының революциялық партиясы болуға тиіс деп санады. Сондықтан да Россияда революцияшыл маркстік партия ұйымдастыру қажет болды. В. И. Ленин ұйымдастырған большевиктер партиясы міне нақ осындай партия еді. Ол ғылыми социализм мен жұмысшы қозғалысының бірігуін қамтамасыз етті. Патша өкіметіне қарсы күресу жұмысшы табының, оның партиясының ең таяудағы міндеті еді.

Осы міндетті орындау жолында В. И. Ленин либерал халықшылармен, экономистермен идеялық қатты күрес үстінде марксизмнің және Россиядағы социал-демократиялық қозғалыстың түбірлі мәселелерін шешкен шығармаларында партия тарихы ғылымының негізін қалады. Жұмысшы қозғалысының тарихын біздің партиямыздың тарихымен тығыз байланысты, — деп көрсетті ол.

В. И. Лениннің «Не істеу керек?», «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітаптары, дәлірек айтсақ, партия тарихы туралы алғашқы моно-

графиялық көлемді зерттеулер болып отыр. «Не істеу керек?» деген еңбегінде Ленин жаңа типтегі пролетарлық партияның идеологиялық негізін қалады, орыс социал-демократиясының тарихын кезеңдерге бөліп, Россиядағы жұмысшы қозғалысы мен социал-демократиядағы алғашқы оппортунистік ағым — экономизмнің бет пердесін ашып, оның Батыстағы ревизионизммен байланысын әшкереледі.

Осы кездердегі көптеген еңбектерінде В. И. Ленин партия программасын жасау жайына тоқталады. «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабы партия тарихының аса маңызды кезеңі — РСДРП-нің II съезі мен большевизмнің пайда болып, оның саяси партия ретінде қалыптасуына арналған. В. И. Лениннің бұл еңбегі партиялық документтерге ғылыми талдау жасаудың тамаша үлгісі болып табылады.

Бірінші орыс революциясы кезінде халықтың көпшілігі елдегі саяси өмірге белсене қатысты, сан мыңдаған жұмысшылар большевиктер партиясына ілесті, оның қатарына мүше болып енді. Сол себепті оларды партияның тарихымен, революцияға дейінгі өмірімен, сондай-ақ партияның программасымен, тактикасымен, ұйымдық принциптерімен таныстыру қажет болды. Міне сондықтан да осы кезде Ленин революцияда пролетариаттың жетекші ролі, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы, аграрлық және ұлт мәселелері сияқты аса маңызды мәселелерге зор көңіл бөлді.

Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында партия тарихын бұрмалаушыларға қарсы күресу большевиктердің аса маңызды міндеттерінің бірі болды. Ленин революциялық марксизмге жат көзқарастың қандайына болса да батыл соққы беріп отырды. Осы дәуірдегі бірқатар лениндік еңбектер, аса маңызды мәселеге — ұлт мәселесіне арналды. Осы еңбектердің негізінде маркстік партияның ұлт мәселесі жөніндегі программасы белгіленді. Ал, 1917—1922 жылдар В. И. Ленин партия тарихшысы ретінде баға жетпес еңбектер берген дәуір болды. Өмірінің соңғы жылдарындағы лениндік еңбектерде негізінен екі өзекті мәселе қозғалды. Олар Ұлы Октябрь социалистік революциясының тарихы мен капитализмнен социализмге өту проблемалары. Осы кезеңде В. И. Ленин пролетарлық және буржуазиялық демократия, пролетариат диктатурасын жүзеге асырудың жолдары, социалистік экономиканы жасауда партия мен пролетарлық мемлекеттің ролі сияқты ондаған теориялық және практикалық мәселелерді шешіп берді. Осы тұстағы әрбір лениндік еңбек партия тарихының жаңа беттері болып отыр.

Мұнымен бірге тарих ғылымы саласында алғаш ғылыми-зерттеу мекемелерін ұйымдастыру және маркстік тарихшы кадрлар даярлау мәселелері де В. И. Лениннің есімімен тығыз байланысты екенін айту керек. Партиялық және мемлекеттік қыруар жұмыстың арасында В. И. Ленин совет ғылымын дамытуға байланысты маңызды мәселелерді шешуге уақыт таба білді. Ол социалистік академияның, қызыл профессорлар институтының, Маркс-Энгельс институтының және Октябрь революциясы мен РКП(б)-нің тарихын оқып үйрену жөніндегі комиссияның жұмыстарына белсене араласып, онда лекциялар оқып отырды. В. И. Ленин архив пен кітапхана істерін жақсартуға назар аударып, жоғары оқу орындарында қоғамдық ғылымдарды оқыту жүйесін қайта құруды ұйымдастырды.

Ұлы көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлік күндерінде оның теориялық мұраларын оқып үйренуді ұйымдастыру — партия ұйымдарының аса маңызды міндеті.

Ю. ГРИНЕВИЧ,
Шымкент педагогикалық институтының
аға оқытушысы.

КПСС ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММУНИСТІК ҚОЗҒАЛЫС

Совет халқы және бүкіл прогресшіл адамзат салтанатты жағдайда атап өткен Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдығы марксизм-ленинизмнің жеңімпаз идеяларының тарихи айғағы болды. Марксизмнің жеңісті қадамын бағалай келіп, В. И. Ленин оны салтанатты шеру деп атады. «Бірақ келешек тарихи дәуір, — деп жазды ол, — пролетариаттың ілімі болған марксизмді мұнан да үлкен салтанатты жеңіске жеткізеді» (Шығармалар, 18-том, 607-бет).

Көсемнің бұл айтқаны дәл келіп отыр. Ұлы Октябрь революциясы империализм құрсауын бұзып шығып, капитализмнен коммунизмге өту заманын ашты. Социализмнің бір ел шеңберінен аттап өтіп, дүние жүзілік екінші соғыстан кейін дүние жүзілік социалистік системаның құрылуы Октябрь революциясы негізін қалаған әлемдік процесті одан әрі жалғастыра түсті. Енді коммунизм тек елес емес және Европаны ғана кезген елес емес, бұл күнде оның қуатты да құдіретті ықпал-әсері бүкіл планетаны сілкіндіре дабыл қағуда. Ұлы Октябрьдің жарты ғасырдан асып түскен салтанатты шеруі коммунизмнің әлемдік шеңберде де сөзсіз жеңіп шығатынын дәлелдеді. Сонымен бірге ол жұмысшы табын соңынан кім ерте алады, халық қамын ойлайтын жанашырлар кімдер деген коммунистер мен социал-демократтар арасындағы даулы мәселені коммунистер пайдасына шешіп берді.

1917—1918 жылдары бірқатар елдерде коммунистер де, социал-демократтар да өкімет басына келді, сөйтіп бұлардың арасындағы ежелгі талас енді теория шеңберінен асып, нақтылы іске ойысты. Бұл кезде екі партияның күш-мүмкіндігі тепе-тең болмағанын атап өту қажет. Коммунистер қатары 450—500 мыңдай ғана болса, социал-демократиялық партиялардың 3 миллионнан аса мүшесі бар-ды. Екі партияның қызмет жағдайында да түбегейлі айырмашылық болды. Советтік Россияның коммунистері қолына қару алып, Октябрь жеңістерін ішкі және сыртқы контрреволюциядан қорғап жүргенде, ал басқа елдердің коммунистері асыл мұрат үшін аянбай күрес жүргізіп жатқанда, буржуазия қоллаштаған социал-демократтар солардың тікелей көмегіне сүйеніп, өкімет билігін қолға алып жатты. Содан бері елу жыл өтті. Қазіргі жағдай қай күйде?

Осы мерзім ішінде коммунистер саны жүз есе көбейсе, социал-демократтар бес-ақ есе өсті. Сөйтіп коммунистер қатары социал-демократтардан үш есе асып түсті. Мұның өзі әлемдегі өзгерістердің адамның ой-шікіріне елеулі әсер еткенін сипаттайды. Дегенмен, осы партиялардың шыққан белесі қандай, өз мақсаттарын жүзеге асыру жолында не тындырды деген сұраққа жоғарыда айтылған деректер көңілдегідей жан-жақты жауап бермейді. Сондықтан тағы фактілерге жүгінейік.

Елу жылда коммунистер Европа мен Азияның, Латын Америкасының 14 елінде өкімет билігін өз қолына алды. Бұларда 1 миллиардтан аса халық тұрады. Ал социал-демократтар өз билігін Европа топырағында Англия мен Швецияда және одан тысқары жерде 70 миллионға жуық халқы бар Сингапур, Ямайка, Малагаскар, Израиль және Маврикий сияқты шағын елдерде де жүргізіп отыр. Осы елдердегі социал-демократиялық үкіметті және басқа елдерде үкімет құрамына кірген

бұл партия өкілдерінің билігін төрт аяғынан тік басқан тұрақты билік деп айту қиын.

Социал-демократтар елу жыл ішінде бірде-бір елде табан тіреп орныққан жоқ және өз мақсаттарына — реформа арқылы халықты социализмге жеткізе де алмады. Оның үстіне социал-демократтар капитализм тұғырын шайқалтпағаны былай тұрсын, қайта керісінше, олардың буржуазиялық үкіметке қатысып, сүйемелдеуі Батыста капитализмнің уақытша оңалып, тұрақтауына әкеліп соқты.

Сайып келгенде, жұмысшы табының коммунизм құру жөніндегі тарихи міндетін жүзеге асыру жұмысшы табының бір ғана партиясының — коммунистік партияның қолынан ғана келеді деген марксизм-ленинизм классиктерінің қағидасын тарих айқын дәлелдеп берді.

Қазір әлемнің 88 елінде коммунистік партиялар жұмыс істеп отыр. Демек, жұмысшы табы бар елдің бәрінде де коммунистік партия құрылған. Олардың 50 миллионнан аса мүшесі бар. Бұл — марксизм-ленинизмнің тамаша салтанаты, жұмысшы табының зор жеңісі.

Коммунистік партиялар — дүние жүзілік революциялық қозғалыстың авангарды. Бұған дүние жүзілік революциялық қозғалыстың ұш тасқында да: социализмнің дүние жүзілік системасында, капиталистік елдердегі жұмысшылар қозғалысында, ұлт-азаттық күресінде де коммунистердің ең белсенді және шешуші күш болып отырғаны куә. Сонымен бірге халықаралық жұмысшы табының төл перзенті — социализмнің дүние жүзілік системасының заманымыздың темір қазығына айналғаны да осыны паш етеді.

Совет Одағының Коммунистік партиясы дүние жүзілік коммунистік қозғалыста аса маңызды роль атқарады. КПСС-тің авангардтық ролі дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың программалық документінде — туысқан партиялардың 1960 жылғы Москва кеңесінің Мәлімдемесінде атап көрсетілді. Ленин партиясы дүние жүзілік коммунистік қозғалысты нығайту жолындағы күресті әрдайым өзінің маңызды да құрметті интернационалдық парызы санайды.

В. И. Лениннің бастамасымен құрылған революциялық қозғалыстың халықаралық штабы — Коммунистік III Интернационал көп жыл бойы (1919—1943 жылдары) біздің елімізде болды. Халықаралық коммунистік қозғалыстың қалыптасып, нығая түсуінде, революциялық күштерді топтастыруда, тамаша қайраткерлер тобын, нағыз интернационалистерді тәрбиелеуде Коминтерн шешуші роль атқарды.

Коминтерн таратылғанынан кейін де КПСС халықаралық коммунистік қозғалысты нығайтуға бағытталған бірнеше халықаралық өте маңызды жиындарды ұйымдастыруда бас болды. Туысқан партиялардың 1957 және 1960 жылдардағы тарихи кеңестерінің Москвада шақырылуын, сондай-ақ коммунистердің халықаралық жаңа кеңесін Москвада өткізуге ұйғарылғанын совет коммунистері лениндік партиямызға көрсетілген зор сенім деп біледі.

КПСС өз съездерін және басқа туысқан партиялардың съездерін дүние жүзілік революциялық күрестің көкейтесті проблемалары жөнінде кең пікір алысатын үлкен мінбеге, ортақ стратегия мен тактика жасайтын орынға айналдыруға ұмтылып отырды. Әлеми революциялық қозғалыстың бірлігін нығайтуда КПСС XXIII съезі ерекше зор роль атқарды. «Мұнан былай да халықаралық коммунистік қозғалысты топтастыру, ортақ жауға — империализмге қарсы, бейбітшілік, демократия, ұлт-азаттық және социализм ісінің жеңісі жолындағы күресте барлық туысқан партиялардың қимыл-бірлігіне жету бағытын жүргізе беру қажет» деп ұран тастады партияның XXIII съезі өз қарарында.

КПСС Орталық Комитетінің партияның XXIII съезінен кейінгі Пленумдарында да Совет Одағының сыртқы саясаты мен партиямыздың дүние жүзілік коммунистік қозғалыс саласындағы қызметінің маңызды да толғағы жеткен мәселелері үзбей қаралып отырды. Мы-

салы, КПСС Орталық Комитетінің декабрь (1966 ж.), июнь (1967 ж.) және 1968 жылғы апрель, июль, сондай-ақ октябрь Пленумдарының күн тәртібіне де осы мәселелер қойылып, қаралды.

Орталық Комитеттің апрель Пленумында қазіргі халықаралық жағдай және КПСС-тің дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың бірлігі жолындағы күресі өгжей-тегжейлі талқыланды. Пленум әсіресе идеологиялық күрестің күшейе түскенін, империализмнің социалистік системаға және әлемдік коммунистік қозғалысқа іштей ірткі салуға дәмеленіп отырғанын ерекше атап көрсетті.

Империализм коммунизмге қарсы насихатты өрістетіп, бүліншілік жүргізетін жүздеген түрлі ұйымдар құрды. АҚШ-тағы, Германия Федеративтік Республикасы мен Англиядағы және басқа капиталистік елдердегі антикоммунизм орталықтары тым өршелене қимыл жасауда. Мысалы, Батыс Германияда осындай 90 ұйым жұмыс істейді. Антикоммунизмге басшылықты қазіргі кездегі барып тұрған реакцияшыл күш, халықаралық жандарм — америка империализмі өз қолына алды.

«Капитализм мен социализм арасындағы идеологиялық күрестің қатты шиеленісуі, — деп атап көрсетілген КПСС Орталық Комитеті апрель Пленумының қаулысында, — тарихи дамудың қазіргі кезеңін сипаттап отыр. Антикоммунистік насихаттың орасан үлкен бүкіл аппараты қазір социалистік елдердің, халықаралық коммунистік қозғалыстың бірлігін нашарлатуға, қазіргі заманның алдыңғы қатарлы күштерін ажырастыруға, социалистік қоғамға ірткі салу үшін әрекет жасауға бағытталған».

Чехословакиядағы оқиғалар дүние жүзілік коммунистік қозғалыс үшін қатал сабақ болуға тиісті. Империализмнің бүліншілік әрекеті жұмысшы табының социалистік жеңістеріне әрқашан елеулі қатер тудыруы ықтимал. Бұған дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың марксизм-ленинизм мен пролетарлық интернационализмнің ұлы принциптеріне негізделген ынтымағын қарсы қою керек. 1960 жылғы Москва Мәлімдемесі нақ осы рухта жасалған болатын. Онда былай деп атап көрсетілді: марксизм-ленинизм мен пролетарлық интернационализм принциптеріне сүйене отырып, халықаралық коммунистік қозғалыс ынтымағын батыл қорғау және осы ынтымақты әлсіретуге бағытталған қандай да болсын әрекетке үзілді-кесілді жол бермеу социализм мен коммунизм құрылысын жемісті өрістетудің негізгі шарты болып табылады.

Бес социалистік ел: СССР, Венгер Халық Республикасы мен Поляк Халық Республикасы, Болгар Халық Республикасы мен Герман Демократиялық Республикасы былтыр 21 августа әскерлерін Чехословакия жеріне өткізді, сөйтіп интернационалдық борышын өтеді. Осы батыл қимыл нәтижесінде ғана Чехословакиядағы социалистік құрылысқа төнген хауіптің тамырына балта шабылғанын бүгін сеніммен айтуға болады. Ал Чехословакияны социалистік системадан бөліп әкету жөніндегі өздерінің арамза үміті іске аспағанын көрген империалистік лагерь және оның итаршылары жандары шығып, байбалам сала бастады. Империалистік насихаттың сатқын сілімтіктерінің «Батысқа төнген советтік қатер» мен «агрессия», «Чехословакияны басып алу» сияқты сандырақтарын ілтипатқа алмасақ та, Батыстың әйгілі қайраткерлерінің ішінде алдымен Бонның «шығыстық жаңа саясатының» авторы канцлер Кизингердің шок басқандай ыршып түскенін атап өту қажет. Өз жоспарының күлі көкке ұшқанын көрген канцлер шынын айтып салды. Чехословакияға әскерін жібере отырып, Совет Одағы Европадағы жағдайды бұрынғы қалпында қалдыруды көздеуде деп айып тақты ол. Сөйтіп Кизингер Бонның Европадағы күштер таразысының басын капитализм жағына ауытқытпақ болғанын ашықтан-ашық мойындады.

1968 жылғы 16 октябрьде Прагада СССР үкіметі мен ЧССР үкіметі арасында совет әскерлерінің чехословак жерінде уақытша қалдырылуы

туралы Договорға қол қойылды, сөйтіп социалистік системадан Чехословакияны бөліп әкету жөніндегі империалистердің арам ниғылының күлі көкке ұшты. Совет адамдары, чехословак еңбекшілері, социалистік ынтымақтағы басқа елдердің халықтары және бүкіл әлем жұртшылығы совет-чехословак договорын мақұлдап отыр. Договор ЧССР-дің суверенитетіне ешбір нұқсан келтірмейді, оның жалғыз ғана мақсаты бар, бұл — Чехословакиядағы социализм жеңісін, бүкіл социалистік бірлікті қорғап қалу. Бұл маңызды акт пролетарлық интернационализм рухына толық сай келеді.

Біздің партиямыз барлық маркстік-лениндік партиялардың бірлігі жолында табанды күрес жүргізе отырып, марксизм-ленинизм принциптерінің сара жолынан мүлт басып көрген емес және баспайды да. Халықаралық коммунистік қозғалыстағы оншыл және «солшыл» ревизионизммен күресе отырып, КПСС марксизм-ленинизм ілімін «жетілдірмекші» болған жолбикелерге соққы беріп, оның кіршіксіз тазалығын сақтап келеді.

Қытай басшыларының қазіргі ұстап отырған бағыты сол бұрмалаудың бір түрі. Мао Цзэ-дун тобының күштеп таңған «мәдени революциясының» салдарынан Қытай Коммунистік партиясы душар болған дәл қазіргі өкінішті жағдай халықаралық коммунистік қозғалысты, шынайы маркстік-лениндік партияларды қатты қынжылтып отыр. Мао Цзэ-дун тобырының марксизм-ленинизмге жат, жікшілдік, авантюристік ниғылын дүние жүзілік коммунистік қозғалыс бірден танып, біле қоймады. Әуелгі кезде тактикадағы айырмашылық сияқты ғана көрінген жеке проблемалар жөніндегі келіспеушіліктер бара-бара антисоветизмге, ұлы державалық шовинизмге ұласты. Нағыз коммунистерді қорлау және ұрып-соғып жазалау, марксизм-ленинизм орнына маоизмді тықпалап, қолдану, Мао Цзэ-дунның өз басын құдірет тұту, социалистік елдермен (Албаниядан басқа) қарым-қатынасты мүлдем дерлік доғарып, антисоветтік байбаламда империализммен ауыз жаласу — міне Мао Цзэ-дун ұстап отырған саяси бағыттың сиқы, шын сыры осы.

Қытай басшыларының ұлы державалық авантюристік бағыты дүние жүзілік коммунистік қозғалысқа үлкен кесір-кесепатын тигізуде, қытай халқының социалистік жеңістеріне хауіпті қатер төндіріп, Қытайды адал достарынан ажыратуда. Соңғы жылдары (1961—1967) Қытай жағының өз бетімен ұйғаруы салдарынан Қытайдың Совет Одағымен товар айналымы — 17 есе, Болгариямен — 6 есе, Венгриямен — 4,1 есе, ГДР-мен — 2,9 есе, Польшамен — 2 есе және Чехословакиямен — 6,3 есе кемітілді. Ал осы мерзім ішінде Қытайдың капиталистік елдермен саудасы 3 еседен аса ұлғайды. Қытай мен Жапония арасындағы товар айналымы 24 есе, Германия Федеративтік Республикасымен 10 есе өсті. Сыртқы экономикалық байланыстағы мұндай шұғыл бетбұрыс Қытайға зиянды әсер етпей қоймайды, түбінде елдің экономикасын Батысқа тәуелді етуі ықтимал.

Соңғы 10 жылда Қытай өзінің сыртқы саясат саласында социалистік системаны, дүние жүзілік коммунистік қозғалысты нығайтуға бағытталған ешбір қадам жасамады. Ал Совет Одағының социалистік елдердің ынтымағын, халықаралық коммунистік және ұлт-азаттық қозғалысты нығайтуға, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге бағытталған шараларын қолдамағаны былай тұрсын, қайта Пекин басшылары оларға өршелене дүрсе қоя беріп, жала жабумен, жамандаумен келеді.

Мао Цзэ-дун тобының антисоветизм саясатының түпкі мақсаты — Совет Одағының беделін түсіру, оның үлгі-өнегесі мен ықпалын әлсірету, көріне-көзге жала жауып, СССР саясатын жаманатты ету, сол арқылы халықаралық коммунистік қозғалыста өзінің ұлы державалық, авантюристік бағытын жүргізу екені енді кімге де болсын жасырын сыр емес. Ал бұл бағыттың қай жарға әкеліп құлататынын Индонезия Компартиясының басына төнген қаралы жағдай сипаттап бермей ме? Ком-

мунистер мен бүкіл әлем революционерлері Мао Цзэ-дун тобырының авантюристік, арандатушылық барытын батыл әшкерелеп айыптады. Дүние жүзілік коммунистік қозғалыс қазір Мао Цзэ-дун тобынан сырт айналды, ол жалғыз қалды. Егер Қытайда тұрақты мекен тапқан Оңтүстік-Шығыс Азияның төрт партиясының өкілін есептемесек, дүние жүзінде жалғыз партия — Ходжа мен Шеху бастаған Албания еңбек партиясы ғана Мао Цзэ-дунның айдағанына жүріп, айтқанына көніп отыр. Маоизмнің жеткен жері, «шығар төбесі» осы.

Қытай Компартиясымен қарым-қатынасты қалпына келтіру жолындағы КПСС Орталық Комитетінің аса зор және байсалды қадамдарын совет коммунистері жақсы біледі. Бірақ осы игі қадамдар әрдайым Мао Цзэ-дун тобының өршеленген қарсылығын тудыруда.

Партиямыздың әрдайым халықаралық коммунистік қозғалыстың барлық топтары мен революцияшыл күштерін жұмылдыруға ұмтылып, батыл шаралар қолданып отырғаны баршаға аян. Бірақ ол дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың бірлігін нығайту үшін көнбістік көрсетіп, ымырашылдық жасауға болады деген пікірден әсте аулақ. Бұл бірліктің басты шарты — марксизм-ленинизм мен пролетарлық интернационализм принциптеріне адалдық деп санайды КПСС. Коммунистік қозғалыстың қанаты дүние жүзіне кең жайылды, бұл халықаралық ұлы қозғалыстың сан алуан топтары әртүрлі жағдайда, әрқилы ортада қимыл жасап отыр. Демек, бұл күресте жекелеген қиындықтар мен өткінші сипатты қайшылықтар кездеспей тұрмайды, ал олардың шешімін өзара жолдастық пікір алысу арқылы табуға болады деп есептейді КПСС және солай істеп келеді де. Пікір алмасып, кейбір қайшылықтардың шешімін табу үшін, халықаралық жағдай мен дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың толғағы жеткен мәселелері жөнінде ортақ пікір қалыптастыру үшін туысқан партиялардың дәстүрге айналған екі жақты, көп жақты және регионалдык кездесулерін біздің партиямыз кеңінен қолдануда.

КПСС-тің осы саладағы, әсіресе 1968 жылғы қызметі ерекше көзге түседі. Өткен жылдың оң айында ғана КПСС әртүрлі елдер компартияларының өкілдерімен 50-ден аса екі жақты кездесу өткізді. Соның ішінде Чехословакия Компартиясының басшыларымен 16 рет пікір алысылды. Варшава Договорына қатысушы елдердің әскери қуатын нығайту үшін, империализмнің жалғыз Чехословакияға ғана емес, бүкіл социализм системасына қарсы жасаған бүлікшілдік әрекетін тойтару жолында Варшава Договорына қатысушы елдердің партия-үкімет делегацияларының кездесуі маңызды роль атқарғаны көпке мәлім, 1968 жылғы марттан августқа дейін жоғары дәрежелі алты кездесу өткізілді. Олардың бәріне Совет Одағы мен Польшаның, Венгрия мен Болгарияның, 4 рет Чехословакияның және бір рет Румынияның партия-үкімет делегациялары қатысты. Солардың ішінде әсіресе Братислава кеңесі (3 август 1968 ж.) қорытындыларының бүкіл коммунистік қозғалыс үшін аса зор маңызы бар. «Марксизм-ленинизмге адалдықты берік сақтау, халық бұқарасына социализмнің, пролетарлық интернационализмнің идеялары рухында тәрбие беру, буржуазиялық идеологияға қарсы, барлық антисоциалистік күштерге қарсы ымырасыз күрес жүргізу — социализмнің позициясын нығайтуда және империализмнің тіміскі әрекеттеріне тойтарыс беруде табысқа жетудің кепілі» деп көрсетілді Братиславадағы кеңес мәлімдемесінде.

Демек, антиимпериалистік күресті күшейту қажеттігін өскелең өмірдің бүгінгі аршынды қадамы талап етуде. Асылында, империализмнің халыққа қарсы қастандық әрекеттен бас тартатын ойы жоқ; революцияшыл, демократияшыл, азаттық күштердің тарихи тегеуірінін тежеуге тырысып, империализм жаңа арандатуларды екілене, өршелене қолданып бағуда. Міне осы жағдайда империализмге қарсы кескілескен шайқас майданының бел ортасында жүрген коммунистерге алда тұрған

жаңа міндеттерді дер кезінде анықтап, оларды шешу жолдарын белгілеп алу талабы қойылады. Оның бірден-бір төте жолы — коммунистік және жұмысшы партияларының халықаралық кеңесі.

Дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың бірлігін нығайту жолындағы табанды күрескер — КПСС маркстік-лениндік партиялардың халықаралық кеңесін әзірлеуге белсенді қатысуда. Будапеште февраль-мартта болған 66 елдің коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің консультациялық кездесуіне, әзірлік комиссиясы мен Кеңестің материалдарын жасайтын жұмысшы топтың 1968 жылғы апрельде, июньде және сентябрь-октябрьде өткізілген мәжілістеріне КПСС делегациясы тікелей қатысып, олардың жемісті өтуіне ат салысты. Халықаралық кеңесті әзірлеу жөніндегі комиссияның 1968 жылы ноябрьде Будапеште өткізілген сессиясына дүние жүзінің 67 компартиясы өкілдерінің қатысуы алдағы кеңеске туысқан партиялардың қаншама зор ынта қойып отырғандығының айқын белгісі болды.

Коммунистік және жұмысшы партиялардың алдағы кеңесі В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы қарсаңында өтеді. Ұлы Ленин тәрбиелеп, шыңдаған Совет Одағының Коммунистік партиясы туысқан партиялармен бірге коммунистік қозғалыстың маркстік-лениндік бірлігі жолында, халықаралық коммунистік жаңа кеңесті өткізу жолында қимыл жасап келді және бұдан былай да белсенділік көрсетеді. Кеңесті Москвада өткізу туралы туысқан партиялардың шешімін коммунистер, бүкіл совет халқы КПСС-тің осы еңбегін жоғары бағалағандық және оған көрсетілген үлкен сенім деп біледі.

Совет Одағы — социализм мен коммунизмнің мызғымас берік тірегі, империализмнің езгісіне, зорлық-зомбылығына душар бөлып отырған барлық халықтардың жанашыр досы және қорғаны. Оның күші — партия мен халықтың бірлігінде. КПСС Орталық Комитетінің октябрь Пленумы — осының тағы бір айғағы. Партия мен халықтың осы мәңгі-бақи мызғымас бірлігіне сүйене отырып, КПСС еліміздің қорғаныс қуатын одан әрі күшейту жолында, дүние жүзілік социалистік системаның позициясын күшейтіп, халықаралық коммунистік және бүкіл революциялық қозғалыстың бірлігін нығайта беру жолында не қажеттің бәрін істейді.

Б. ЕРМУҚАНОВ,
тарих ғылымының кандидаты.

ЖЫЛ ЖЕМІСІ, ЕЛ ДӘУЛЕТІ

Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ

1968 жыл да өтті. Бесжылдықтың үшінші жылын болат балкытушылар мартен пешінен қотарып алған ең соңғы шөміш сұйық болатымен, трактор жасаушылар ең соңғы тетігін бұрап, конвейерден шығарған тракторымен, шахтерлер забойда тас қашап құлатқан ең соңғы тонна көмірімен, құрылысшылар салып жатқан үйін аяқтап, оның қабырғасына қаққан ең соңғы шегесімен ұзатып салды. Ұлы Отанымыз коммунистік құрылыстың тағы бір жемісті жылын артқа тастап, бір белеске шықты. Байтақ еліміз коммунизмге қарай тағы да бір алып адым жасап, алға басты.

Сөйтіп, қаһарман жұмысшы табы, еңбекші шаруа қауымы, біздің интеллигенция — барша совет халқы бесжылдықтың төртінші жылының есігін айқара ашып, оның табалдырығын аттады. Халқымыз КПСС XXIII съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыру жолындағы қажырлы күресін үдете түсіп отыр.

Қол жеткен табысқа мастанбау, мақтанбау — коммунистер салты. Ал табысты баянды ете білу үшін оны бажайлап айтуға болады. Мақтану үшін емес, марқайғандықты білдіру үшін айтамыз. Бесжылдықтың үш жылында алған шеп, жеткен межеміз қайсы? Ендігі қол созар биік, күш жұмсар ісіміз қандай? Соны айқындаймыз. Айқындау үшін артқа да қараймыз.

Бұл үш жылдың табысы КПСС XXIII съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолында елімізде аса зор игілікті істер істелгендігін дәлелдейді. Ең алдымен өнеркәсібіміз жақсы қарқынмен дамып келеді. Бұл жылдары өндірілген болаттың өзінің өсімі 1940 жылғы қорытылған бүкіл болат мөлшерімен тең екен. Шығарылған мұнайдың өсімі екі еседен артыпты, ал электр энергиясының өндірілуі соғысқа дейінгі жылда өндірілген электр энергиясының жалпы дәрежесінен екі еседей артқан. Химия өнеркәсібінде де, энергетика мен машина жасау өнеркәсібінде де айтарлықтай табыстарға қол жеткен.

Ал ауыл шаруашылығында қандай табыстарымыз бар дейсіз ғой. Оған да тоқталайық. Бесжылдықтың өткен үш жылында ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 80 миллиард сомға — еліміздің бүкіл тарихы ішіндегі ең жоғары дәрежеге жеткен. Бесжылдықтың өткен үшінші жылында да ауыл-село еңбеккерлері мал шаруашылығының негізгі өнімдерін сатып алудың мемлекеттік жоспарларын мерзімінен бұрын — Ұлы Октябрь социалистік революциясының 51 жылдық мерекесіне дейін орындап шықты. Мемлекет қоймасына астық жоспардағыдан едәуір көп күйылды.

Бұған қоса бұл үш жыл ішінде халық тұтынатын товарлар шығару ісі ойдағыдай өрістетілгенін және айту қажет. Үш жыл ішінде мата бір миллиард бір жүз миллион шаршы метр, былғары аяқ киім — 113 миллион пар, телевизор — екі миллион, тоназытқыштар — бір миллион 670 мың артқан.

Сол сияқты тұрғын үй салу ісінің жайы ғажап цифрларды бейнелейді. Қанша үй, қанша шаршы метр алаң іске қосылғанын айтпай-ақ, бұл үш жылда отыз миллион совет семьясының жаңа пәтерлерге кіріп, жаңа қоныс тойларын өткізгенін айтсақ та жеткілікті.

Теңіздің суын оған келіп құйған өзендер молайтады. Теңіздей шалқыған байтақ еліміздің бай дәулетіне одақтас республикалар сала-сала өзен болып өз дәулетін қосады. Қазақстан да Еділдей шалқыған ересен өзендердің бірі іспеттес. Ол да бесжылдықтың бұл үшінші жылында еліміздің табысына орасан мол үлес қосты. Сондықтан да Л. И. Брежнев жолдас КПСС Орталық Комитетінің октябрь Пленумында жасаған баяндамасында Қазақстан диқандарының, оның ішінде Орал, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл, Шымкент облыстары егіншілерінің елеулі табысқа жеткенін атап көрсетті.

Бүкіл еліміз сияқты, республикамыздың да үш жылда қол жеткен табыстары досты сүйіндіріп, дұшпанды күйіндірерліктей. Бұл үш жылда бұрынғы үш жылдағымен салыстырғанда астық өндірудің жылдық орташа мөлшері 41 процент артып, 19,7 миллион тоннаға жетті. Ет өндіру 1,3 миллион тоннаға, сүт — 3,7 миллион тоннаға жетті. Жұмыртқа, жүн өндіру де әлдеқайда арта түсті. Атап айтқанда осы үш жылдың ішінде мемлекетке 35,7 миллион тонна астық, 2,8 миллион тонна ет пен құс, 298 мың тонна жүн, миллиондаған қаракүл елтірісі өткізілді. Мұның ішінде 6,4 миллион тонна астық, 900 мың тонна қант қызылшасы, 170 мың тоннадай мал мен құс, 194 мың тонна сүт, 182 миллион жұмыртқа, 16 мың тонна жүн жоспардан тыс тапсырылды. Республика бесжылдықтың үшінші жылында мемлекет қоймасына 713 миллион пұт астық құйды.

Бұл жеңістерге, сөз жоқ, совет халқының ерлік еңбегі нәтижесінде қол жетті. Олардың алдыңғы сапында, жеңісті шындап, ұйымдастырушы, өзінің өнегелі ісімен өзгелерді алға бастаушы коммунистер болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 51 жылдығына арнаған баяндамасында К. Т. Мазуров жолдас бүкіл совет халқының ересен еңбегімен бірге коммунистердің де қажырлы ісін атап көрсетті. «Совет өкіметінің 51-ші жылы, — деді ол, — барлық сатыдағы партия органдарының, бастауыш партия ұйымдарының ролі мен жауапкершілігінің онан әрі арта түскенімен, олардың қызметі барған сайын неғұрлым кемелді болуымен, миллиондаған коммунистердің саяси жетілгендігі, инициативасы мен принциптілігі өскенімен көзге түсті». Осы арада Ұлы Октябрінің даңқты 50 жылдық мерекесінде баяндама жасағанда Л. И. Брежнев айтқан сөз және еске түседі. Л. И. Брежнев онда былай деген болатын: «Коммунистердің ешқандай артықшылығы жоқ, олардың бір ғана артықшылығы — ортақ іске басқалардан гөрі көбірек үлес қосып, ортақ істің салтанаты үшін басқалардан гөрі көбірек күресу, көбірек еңбектену. Коммунистердің ешқандай ерекше правосы жоқ, олардың правосындағы бір ғана артықшылық — әрқашан алда болу, қай жерде қиынырақ болса, үнемі сол жерден табылу».

Ортақ іске өзгелерден гөрі көбірек үлес қосу, әрқашан алда болу, қай жерде қиынырақ болса, сол жерден табылу — міне коммунистердің қанына сіңген асыл қасиет осы. Мұны біз аттап басқан сайын, күнделікті өмірден айқын көріп келеміз. Соңғы бір сапарымда мен Жамбыл облысының Мойынқұм мал жайылымын араладым. Сондағы коммунистердің күнделікті ісімен таныстым.

Коммунистер жайында әңгімелегенде Сарысу аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ұзақбай Сыздықбаев жан сүйсінерлік көп қызықты жайларды айтты. Секретарь Алтынкүл Жаппасбаева деген қатардағы коммунист әйелдің есімін ерекше құрметпен атады. Жаппасбаева кім дейсіздер ғой. Ол қатардағы коммунист қана. Ұзақ жылдар бойы сол ауданның «Түгіскен» совхозында адал еңбек еткен, аға бақташы

болған. Ол жыл сайын қарамағындағы әр жүз сиырдан тоқсан бұзаудан алып отырған. Аудан басшылары «Байқадам» совхозының шопаны коммунист Серік Елубаевтың есімін қуана ауыздарына алысады. Ол қарауындағы қарақұл қойының әр жүзінен жыл сайын 185 қозыдан алып келе жатқан майталман азамат.

«Байқадам» совхозының Ленин орденді түйешісі Ерубай Жандыбаев — қарт коммунист. Ол жайында да бірсыпыра жақсы лебіздер естідік. Әңгіме былай. Бұл совхозда бес жүзге тарта түйе бар. Оның тең жартысынан артығы інген. Жыл сайын сол інгендер боталап, боталар тайлақ болып жатады. Боталы інгенді ешкім саумайды. Ал оның шұбаты әрі тамақ, әрі дәрі екенін халық біледі. Күніне бір інген бес литр сүт береді десек, жүз інгеннен бес жүз литр, екі жүзінен бір тонна сүт саууға болады. Осыны қымыран етіп ашытып, елге сатса, қыруар пайда қосылады. Оның үстіне қымыран ішкен халықтың денсаулығы және нығая түседі. Міне осыны айтып, қарт коммунист облыстық партия комитетіне хат жолдайды.

— Совхоздарда бие байлатып, халыққа қымыз саттыру бұрыннан да ойда жүрген нәрсеміз еді, — дейді облыстық партия комитетінің бірінші секретары Бименде Сәдуақасов осы тұста әңгімеге араласып. — Бұл мәселені әне қараймыз, міне қараймыз деп жүргенбіз. Дәл сол кезде Жандыбаев жолдастан інгендерді саудырып, жұртқа қымыран ашытып сату туралы ұсыныс түсті де, обком бюросы облыстық Совет атқару комитетімен бірлесе отырып, жылқылы және түйелі шаруашылықтарда қымыз, қымыран ашытып сату туралы қаулы шығарды.

Сонымен 1967 жылдың көктемінен бастап облыста бұл жұмыс қауырт алға басады. Совхоздарда бие мен түйе байланып, аудан орталықтарынан қымыз-қымыран павильондары ашылады.

Қарапайым коммунистердің еңбектегі ерлігі жайындағы мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Коммунистер әрқашан да ортақ іске өзгелерден көбірек үлес қосып келеді. Қай жерде қиындық болса, сол жерден коммунистер табылады. Олар үнемі алда болады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің өткен ноябрьде болған пленумы «КПСС Орталық Комитетінің 1968 жылғы октябрь Пленумының қорытындылары және республика партия ұйымының міндеттері туралы» мәселе қарағаны белгілі. Пленумда жетістіктермен қатар көптеген кемістіктер де атап көрсетілді. Пленум бұқара арасындағы саяси жұмыстың жайына да назар аударды. Кейбір жерлерде жекелеген адамдардың еңбек тәртібін бұзу, маскүнемдікке салыну, бұзақылық, қоғамға жат қылықтар жасау фактілері бар екені айтылды. Республика коммунистерінің бұл кемшіліктерді жоюға алдымен ат салысатыны сөзсіз. Өйткені барлық адамдарды қоғам алдындағы ардақты азаматтық борышын сезіну рухында тәрбиелеп, барлық адамның заңдарды орындауына, социалистік қоғам тұрмысының ережелерін құрметтеуіне, совет азаматының атағын ардақтап, ар-намысын сақтауына күш салып отыру — коммунистердің асыл парыздарының бірі.

Ұлы Лениннің туғанына 100 жыл толуы — біздің ең салтанатты мерекеміз. Ленин идеясының жүзеге асуы нәтижесінде қазір Қазақстан барынша жедел дамыған ғылымы мен мәдениеті бар, ірі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінің республикасына айналды. Республикамызда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1967 жылы соғыстан бұрынғы 1940 жылмен салыстырғанда ондаған есе, электр энергиясы 59 есе өсті. Қазіргі Қазақстан — түсті металлургияның, көмір мен мұнай өнеркәсібінің аса маңызды базасы. Мұнымен қоса оны еліміздің ең үлкен құрылыс алаңы деуімізге болады. Мұнда бір кезде көмірлі Қарағанды, кенді Алтай шарықтап өссе, енді бірінің соңынан бірі қуа ер жеткен бір семьяның азамат ұлдарындай болып, Павлодар — Екібастұз, Қостанай,

Жамбыл — Қаратау бой түзеді. Кейін өскен кенже алыптай болып Манкыстау қанатын жайып ол келеді.

Осы өткен декабрьде ғана Москвада, жетінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің V сессиясы мінбесінен республикамызда трактор жасау өнеркәсібінің тұңғышы — Павлодар трактор заводының конвейерінен «Қазақстан» деген шынжыр табанды тракторлардың алғашқы бірнеше жүзі шығарылғаны баян етілгенде барлық депутат оған қуана қол соқты. Қалай қуанбасын депутаттар! Өйткені бұл кешегі ағаш арба, ағаш соқадан басқа құралы болмаған елдің жерінде шығарылған трактор ғой. Бұл етікші, ершіден басқа өнерлісі жоқ елдің адамдары өз қолдарымен жасап шығарған алып машина емес пе! Олардың неше алуан кенге қолын жеткізіп, өздерін өнерлі еткен ұлы Ленин, соның асыл идеясының күші! Міне депутаттар осыған қуанды.

Мен Ұлы Октябрь революциясының 51 жылдығы қарсаңында Павлодарға телефон соқтым. Адам мереке алдында қуанышты болады ғой. Менің ескі досым — облыстық партия комитетінің екінші секретары, Совет Одағының Батыры Махмет Қайырбаев та өте қуанышты екен. Ол маған телефон арқылы Павлодар трактор заводы шығарған алғашқы тракторларды комсомолдың 50 жылдық мерекесі күні жас лениншілдердің — комсомолецтердің қалай қабылдағанын әсерлі әңгіме етіп баяндап берді. Сыйға тартқан тракторларға мініп, комсомолецтер митингіден өз совхоздарын бетке алып, ойнақтата жөнелгенде, менің қасымда тұрған бір қарт адамның көзінен жас шығып кетті.

— Неге жылайсыз, ақсақал, — дедім мен оған.

Ол көзінің жасын сүртті де, былай деді:

— Қалай жыламайсың, шырағым. Баяғыда осы Керекуге келу үшін бүкіл бір ауылдан ырдуан арба таба алмай, ауру баламды жаяу арқалап келіп едім. Анау тракторға мініп бара жатқандардың бірі менің немерем — сол баяғы баладан қалған тұяқ. Оның өзі Отан соғысында опат болды. Кешегі жаяу шалдың баласы бүгін ойнақтатып трактор мініп бара жатса, қалай шыдайын. Қуанғанымнан жылаймын, шырағым. Шүкіршілік етіп, сүйсінгенімнен жылаймын.

Махмет маған осыны айтты. Әрине, «Қазақстан» тракторы конвейерден шыққанда жалғыз қарт қана қуанған жоқ. Бүкіл республика қуанды. Бүкіл республика ғана емес, барша еліміз шаттанды.

Ал республикамызда қуанатын да, мақтанатын да істер көп. Бесжылдықтың алғашқы үш жылында өнеркәсіп өндірісінің өсуі 30 проценттен асып түсті. Бесжылдықтың басынан бері республика жоспардан тыс 2,4 миллион тонна көмір, 1,7 миллион тонна темір рудасын, 600 мың тонна қара металдар прокатын берді. Сол сияқты республикада болат, минералды тыңайтқыш, кальций карбидін өндіру, мұнай, түсті метал, цемент, шифер және басқа бұйымдар шығару жөніндегі тапсырмалар асыра орындалды.

СССР Жоғарғы Советінің қарауына ұсынылған халық шаруашылығын өркендетудің 1969 жылға арналған мемлекеттік жоспары мен мемлекеттік бюджетін сессия бірауыздан бекітті. Бұл жөніндегі сессия қабылдаған Заңдарда республикамыздың биылғы жылы да өсу, өркендеу жолымен қарышты қадам жасайтыны сөзсіз. Бұл Заңдардан партияның XXIII съезінің шешімдері мүлтіксіз жүзеге асырылып келе жатқаны айқын көрінеді. Бұл Заңдардан экономикамыз, ғылымымыз бен мәдениетіміз күшті қарқынмен дамытылып, халықтың әл-ауқаты ұдайы жақсарып келе жатқаны танылады.

Әрқашан алға қарау, шешілмеген міндеттерге назар аудару — коммунистердің салты осы. Ендеше республика коммунистері қазір өз назарын бесжылдықтың қалған екі жылы ішінде істелетін істерге аударады. Соның шешімін тауып, бар күш-жігерді осы іске жұмсайды.

Республикамызды үлкен құрылыс алаңымен теңестірдік. Олай еткеніміз, күн сайын республикада тек құрылысқа ғана 10 миллион сом жұмсалады екен. Осының нәтижесінде жыл сайын республикамызда көптеген өнеркәсіп орындары, көмір шахталары, мұнай скважиналары, мектептер, ауруханалар, тұрғын үйлер қатарға қосылуда. Өткен 1968 жылдың өзінде ғана республикамызда электр станцияларының қуаты 550 мың киловатт артты.

Цифр қадірін адам сол сандардың іске айналғанын көргенде ғана ұғынады. Павлодар қаласындағы алып трактор заводын, республикада жаңадан орнатылған 255 мұнай скважинасын, 700 мың тонна жентек өндіретін жаңа қуаттарды, Шымкенттегі бір сайдың қойнауын тұтас алып жатқан фосфор тұздары заводын көргенде ғана сомнан құрала-тын ғажайып құрылыстардың сырын түсінеміз. Оның үстіне әр совхоз, әр колхозда, әр ауданда, әр қалада салынып жатқан сан алуан игілік орындары өз алдына. Солардың бәрі — халық қуанышы. Соншама мол қуаныш «құрылыс» деген бір-ақ сөзге сияды.

Құрылысқа бөлінген қаржыны игеру, екінші сөзбен айтқанда, құрылысқа арналған әр тиынды, әр сомды сансыз кірпіш, сан мыңдаған плиталарға айналдыру, оларды қалап, тұрғызып, үй қабырғасын, цех алаңын жасау құрылысшылардың ересен еңбегін, есепсіз жігерін талап етеді.

Біздің республикамыздың малды өлке екені әлемге аян. Қазір Қазақстанда 35 миллион қой болса, сол қойды одан әрі көбейтіп, халықты етпен, елтірімен, жібектей жүнмен жабдықтай беру міндеті — ең үлкен істің бірі. Ендеше коммунистер қайрат көрсететін бір орын — осы мал іші, ондағы малшылар қамы. Бұл үшін жайылымдарды суландырып, құнарландыра беру жолында істелмек көптеген шаралар бар. Оған да мұрындық болу — коммунистердің міндеті.

Қысқасын айтқанда, өміріміздің барлық өзекті міндеттері саған жүктеледі коммунист. Бүгінгімен қоса болашақтың да қамын ойлайтын сенсің. Сенің назарың, сенің жігерің, сенің ықыласың — ел қуанышы. Өйткені сен халықтың адал перзентісің. Халық үшін қызмет ету — сенің ең асыл парызың, ең ардақты міндетің. Өзің істейтін өндірісте әрқашан алда болып, өзгеге қажырлы еңбегіңмен өнеге көрсету, сөйтіп бесжылдықтың төртінші жылын ойдағыдай орындап шығуға қалың қауымды жұмылдыра білу — сенің бүгін таңдағы ең абыройлы ісің, коммунист!

Жаңа жыл басталды. Іске сәт, достар!

Жарқын мерекеге жақсы әзірленеміз

С. БАЙЕДІЛОВ,

*Жамбыл облыстық партия комитеті насихат
және үгіт бөлімінің меңгерушісі*

1970 жылғы апрельде Коммунистік партия, совет халқы, дүние жүзіндегі прогресшіл адамзат К. Маркс пен Ф. Энгельстің революциялық ілімін ілгері дамытқан кемеңгер, Коммунистік партияны ұйымдастырушы, тарихтағы тұңғыш социалистік мемлекеттің негізін қалаушы, дүние жүзі пролетариатының сүйікті ұстазы және көсемі В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын атап өтеді.

КПСС Орталық Комитетінің «Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы» қаулысында былай деп көрсетілген: «Коммунизмнің жеңісі жолындағы күресте біз лениндік идеялардан үнемі күш пен шабыт алып келеміз. Коммунистік партия, совет халқы, барлық елдердің еңбекшілері Ильичке шексіз сүйіспеншілік пен құрмет сезімдерін білдіреді, өздерінің ең ізгі ойлары мен мақсаттарын Ильичке арнайды».

Бүкіл еліміздегі сияқты, біздің облысымызда да осы бір даңқты күнді лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарыс өрістей түсіп отыр. Бұл жарыс бұдан көп бұрын басталған болатын. Ал қаулы жарияланғаннан кейінгі жерде ол бүкіл халықтық қозғалысқа, шабытты шеруге айналды. Сөйтіп облыс еңбекшілері халық шаруашылығының барлық саласында едәуір табысқа жетті.

Бесжылдық жоспар ойдағыдай орындалуда. Оның өткен үш жылға жуық мерзім ішінде Жамбыл ГРЭС-інің қос энергия блогы, жемдік фосфат өндіретін цех, автомобиль жөндеу және жөндеу-механикалық заводтары, Жамбылдағы құрылыс және жол техникасын жөндеу заводы пайдалануға берілді, өндірістік маңызы зор басқа да көптеген объектілер қатарға қосылды.

Жамбыл диқандары В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын және Советтік Қазақстанның 50 жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы жарысты өрістете отырып, астық өндіру жөніндегі социалистік міндеттемелерін абыроймен орындап шықты. Отан қоймасына 26 миллион пұт астық құйылды, бұл — жоспардағыдан 13 миллион пұт артық.

КПСС Орталық Комитетінің «Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы» қаулысында партия ұйымдарының практикалық нақты міндеттері айқын көрсетілген. Тарихи осы документті басшылыққа ала отырып, облыс партия ұйымы ұлы көсемнің теориялық мұрасын, маркстік-лениндік теория мен КПСС саясатының, халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының кезек күттірмейтін проблемаларын насихаттау жөнінде бірқатар жұмыс жүргізді.

Облыстық партия комитеті В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірленудің нақты шараларын белгілеп, жергілікті ұйымдарға жіберді. Бұл шаралар өнеркәсіп орындарында, құрылыста, транспорт, тұрмыстық қажетті өтеу, коммуналдық шаруашылық ұйымдарында, колхоздар мен совхоздарда, оқу орындарында кеңінен қолдау тапты. Жақында мәдениет қызметкерлерінің облыстық кеңесі өткізіліп, онда Ильичтің туғанына 100 жыл толуына әзірлену жөніндегі міндеттер талқыланды. Сондай-ақ саяси хабаршылардың облыстық кеңесі өткізіліп, онда В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірленуге байланысты саяси хабаршылардың міндеттері туралы облыстық партия комитетінің бірінші секретары Б. Сәдуақасов жолдас баяндама жасады.

Аудандық газет редакторларының семинарын, жұмысшы-село тілшілерінің слетін, еңбек өнімділігін одан әрі арттыру мәселесі жөнінде ғылыми-техникалық конференция, рационализаторлар мен өнертапқыштардың активін, коммунистік еңбек еткізгіштерінің слетін, тұрмыстық қызмет көрсету саласындағы озат кәсіпорындардың байқауы мен конкурстарын, методикалық және теориялық конференциялар, насихатшылардың семинарын, көркемөнерпаздардың байқауын және басқа шараларды өткізу белгіленіп отыр.

Облыстық партия комитеті бюросының шешімі бойынша жақын арада лениндік оқу лекторий жұмысы істей бастайды. Оған обком секретарларымен бюро мүшелері, партия, совет қызметкерлері, жоғары оқу орындарының оқытушылары қатыспақшы.

Ұлы мереке құрметіне өрістеген саяси және еңбек өрлеуі күн өткен сайын құлашын кең жаюда. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы атындағы кәсіпорын атағын алу үшін Жамбыл былғары заводы коллективінің патриоттық бастамасын облысымыздың барлық еңбеккерлері қолдап отыр. Қаратау кен-химия комбинатының, «Бостандық» совхозының, Ленин орденді «Трудовик» колхозының коллективтері В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты қарсы алу жөнінде тамаша бастамаларға мұрындық болып, даңқты күннің құрметіне социалистік жаңа міндеттемелер қабылдады.

Лениндік мерекеге әзірлену ісіне 13 мың үгітші, 2 мыңнан астам саяси хабаршы, 314 саяси баяндамашы мен лектор қатысуда. Қазірдің өзінде олар мыңнан астам лекция оқыды, баяндама жасады, Ильичтің өмірі мен қызметіне, социалистік құрылыстың табыстарына арналған әңгімелер өткізді.

Көптеген аудандарға қарт большевиктердің, революция ардагерлерінің, Совет өкіметінің алғашқы жылдарында социалистік құрылысқа белсене қатыскандардың үлкен тобы жіберілді. Олар қалың бұқараға лениндік идеяларды таратуда; алғашқы бесжылдықтар туралы, Ұлы Октябрьдің жеңістерін қорғап қалудағы халқымыздың қаһармандығы жайлы айтуда.

Еңбекшілерге мәдени қызмет көрсету жөнінде бірқатар шаралар жүргізілді. Мәдени-ағарту мекемелері жұмысты жандандыра түсті, олардың өмірмен, өндіріспен байланысы жақсарды.

Мәдениет ошақтарының идеялық ықпалын арттыру жөнінде біздің алдымызда қыруар міндеттер тұр. Жасыратыны жоқ, өткізілген шаралардың идеялық мазмұны мен сапасы көптеген жағдайда бүгінгі күннің талабына сай емес. Сондықтан да біз мәдени-ағарту мекемелерінің дәрежесін арттыруға, әрбір мәдениет ошағын үлгілі орталыққа айналдыру ісіне үнемі камқорлық жасап отырмыз. Біз олардың мазмұнды да қызықты жұмыс жоспарын жасауына, оны жүйелі түрде жүзеге асыруына көмектесудеміз.

Ұлы Ленин киноға зор маңыз бергені белгілі. Ол өнер атаулының ішінде біз үшін ең маңыздысы кино деп көрсеткен болатын. Өткен екі жылдың ішінде облыста 16 кинотеатр мен кино залы салынып, пайда-

лануға берілді. Кинотеатрлардың материалдық базасы нығая түсті, кино көрсетудің мәдениеті артып, отандық кино өнерінің озат туындыларын насихаттау ісі жақсара түсті.

Мерекеге әзірлену барысында біз кинофестивальдар, кино кештерін, кино көрушілердің конференциялары мен басқа да бұқаралық шараларды өткізуді қолға алдық. Бұл үшін В. И. Ленин мен оның шәкірттері туралы, Совет өкіметін орнату жолындағы күрес, коммунистік құрылыстың табыстары жайлы советтік кино өнерінің озат шығармалары кеңінен пайдаланылуда.

Жамбылда Совет өкіметін орнату үшін күрескен ардагерлерге, азамат және Ұлы Отан соғыстарына қатысқандарға, Отан үшін болған ұрыстарда жанын пидә еткендерге мәңгілік ескерткіш орнату жөнінде үлкен жұмыстар жүргізілді. Қалаларда, аудан орталықтарында, колхоздар мен совхоздарда қаһармандар құрметіне ескерткіштер, құлпытас-тар, мемориалдық тақталар орнатылды; алаңдарға, көшелер мен мектептерге ерлердің есімдері берілді.

Жамбыл қаласында, Октябрьдің 50 жылдығы атындағы алаңда Отан үшін ұрыстарда қаза болған жамбылдық батырларға құлпытас орнатылды. Мұнда мәңгі шырақ жанып тұр.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін қаза болғандардың есімін мәңгі есте сақтау үшін Свердлов ауданындағы Буденновка селосында, Шу ауданындағы Жамбыл поселкесінде, Луговой ауданының «Восток», Мерке ауданының Киров атындағы колхоздарында, Сарысу ауданының орталығы Байқадам селосында құлпытас-тар орнатылды.

Лениндік мерекеге әзірлену барысында біз Совет өкіметінің 50 жылдығын мерекелеу кезінде жинақталған бай тәжірибені барынша пайдалануға, бұқараға идеялық ықпал жасаудың түрлерін жетілдіруге ұмтылудамыз.

Социалистік жеңістерді қорғау жөніндегі лениндік өсиеттерді, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің лениндік ішкі және сыртқы саясатын қалың бұқараға жан-жақты, көкейге қонымды етіп түсіндіруді, коммунистік құрылыстың жеңістері, социалистік достықтың нығайып дамуы, бейбітшілік, демократия және социализм ісінің жаңа табыстары туралы еңбекшілерге күн сайын хабарлап отыруды өте қажет деп санаймыз.

КПСС XXIII съезінің еңбекшілер арасындағы саяси жұмысқа басшы қызметкерлерді кеңінен қатыстыру жөніндегі нұсқауының маңызы зор. Жеке үлгісімен ықпал жасау және жиналыстарда сөйлеу саясатта үлкен мәні бар іс деген болатын В. И. Ленин. Мұнсыз саяси қызмет те болуы мүмкін емес. Басшы қызметкердің халық алдында жиі болып, сөз сөйлеуі бұқараны тәрбиелеу, үйрету құралы ғана емес, сонымен қатар олардан үйренудің, олардың көмегімен өмірдің жаңа тәжірибелерін бойға сіңірудің ең жақсы тәсілі. Сондықтан біз партия және совет қызметкерлерін осы тұрғыдан баулып өсіруге баса назар аударып отырмыз.

Лениндік мерекеге әзірлене отырып, партия ұйымдары коммунистердің маркстік-лениндік білім алуын, еңбекшілер бұқарасының революциялық теорияны терең оқып үйренуін жақсарту түсті. Облыста партия оқуының дәйекті жүйесі жұмыс істейді. Оған 28 156 адам тартылған, ал комсомолдық саяси оқу жүйесінде 32 мыңға жуық жігіт пен қыз бар.

Биылғы партия оқуы жылының лениндік оқу жылы атанып отырғаны белгілі. Партия ұйымдары еңбекшілердің саяси білім алу жүйесін үнемі жетілдіріп, коммунистер мен партияда жоқтардың В. И. Лениннің еңбектерін терең оқып үйренуіне баса назар аударуда. Саяси оқу еңбекшілердің коммунистік көзқарасының қалыптасуына, олардың еңбек және саяси белсенділігін арттыруға, лениндік мереке құрметіндегі социалистік жарысты одан әрі өрістетуге көмектесуге тиіс.

Алайда кейбір партия ұйымдарының бұл саладағы жұмысында елеулі кемшіліктер бар екенін мойындау қажет. Мысалы, арнайы тал-

дап, тексерген кезде Жамбыл қаласындағы, Жамбыл және Шу аудандарындағы бірқатар үйірмелер мен мектептерде теориялық мәселенің терең түсіндірілмейтіні, бастауыш партия ұйымдарының саяси оқуға нақты басшылық жасамайтыны, сабақтардың идеялық-теориялық мазмұнын, методикалық дәрежесін мұқият зерттеп, насихатшыларға күшті талап қоймайтыны байқалды.

Жамбыл қаласындағы шыны және консерві заводтарында, Шу ауданының «Алга» совхозында коммунистерге В. И. Лениннің шығармаларын түп нұсқадан оқыту, партияның съездері мен Орталық Комитет Пленумдарының материалдарын үйрету жағы қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. Кейбір насихатшылар лениндік идеяларды коммунистік құрылыстың бүгінгі міндеттерімен ұштастырып түсіндірмейді, ұлы көсеміміз В. И. Лениннің өсиеттерін партия мен совет халқының қалай жүзеге асырып жатқанын жан-жақты көрсете алмайды. «Білім» қоғамының облыстық бөлімшесі мен оның жер-жердегі ұйымдары да В. И. Лениннің идеялық бай мұрасын насихаттау ісін тиісті дәрежеде ұйымдастыра алмай отыр. Кейбір лекциялардың тақырып шеңбері әлі де тым тар және мазмұны тайыз.

Луговой, Мойынқұм аудандық партия комитеттері мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын ұдайы қадағалап, бағыт беріп отырмайды. Соның салдарынан жеке клубтар мен кітапханалардың лениндік мерекеге әзірлігі нашар. Олар лениндік оқу, тақырыптық кештер, лениндік жұмалар, үш ұрпақтың кездесуі сияқты бұқаралық жұмыс түрлерінің орталығы бола алмай келеді.

Саяси хабар идеологиялық жұмыстың жана да ұтымды формасы ретінде КПСС XXIII съезінен кейін өрістей бастады. Съездің қарарында былай делінген: бүкіл саяси үгіт еліміздің саяси, экономикалық, мәдени өмірі және халықаралық жағдай туралы халыққа кең түрде және үнемі хабарлап отыру негізінде құрылуға тиіс.

КПСС XXIII съезінен кейін біздің облысымызда да саяси хабар тез өріс алды. Саяси хабаршылар қатарына негізінен сауатты да тәжірибелі жолдастар іріктеліп алынды. Қазірдің өзінде олардың жұмысында бірталай тәжірибе жинақталды. Әсіресе Қордай ауданындағы «Трудовик» колхозының бас агрономы Алексей Титов, Свердлов ауданындағы «Трудовой пахарь» колхозының агрономы Мария Моор, суперфосфат зауытының цех бастығы Боев және басқа көптеген саяси хабаршылардың іс тәжірибесі үлгі боларлық. Олар коммунистік тәрбие мәселелерін, империалистік идеологияға қарсы күресті, еңбекшілерді бесжылдықтың тапсырмаларын ойдағыдай орындауға, экономикалық реформаны жүзеге асыруға жұмылдыру міндетін өз әңгімелеріне өзек етуде.

Өзінің теориялық және методикалық даярлығы жөнінен саяси хабаршы маман насихатшының дәрежесінде болуға тиіс. Қандай тақырыпта әңгіме өткізсе де ол ең алдымен саяси жауынгер болуға міндетті. Жай ғана хабар емес, нағыз саяси хабар қажет — мәселе осылай қойылып отыр. Біздің ойымызша, бұқаралық-саяси жұмыстың осы бір ықпалды да ұтымды формасының өрісін кеңейтуді, бұл жұмысты тұрғын кварталдарда, жатақханаларда, клубтарда, үгіт алаңдарында жүргізуді ойланатын уақыт жеткен сияқты.

Ұлы көсемнің торқалы тойы құрметіндегі еңбек вахтасына қосылған жамбылдықтар бесжылдықтың тапсырмаларын абыроймен орындап шығып, жарқын мерекені лайықты қарсы алатыны ешбір күмәнсіз.

Өскен ауылдың өскелең мәдениеті

К. НҰРБАЕВ,

Абай аудандық партия комитетінің бірінші секретары

Бұдан жүз жыл бұрын «Соқтықпалы соқпақсыз жерде өсіп, мыңмен жалғыз алысқан» Абайдың арманы — халық бақыты еді. Сол Абай аңсаған арман Ұлы Октябрь революциясы арқасында жүзеге асып, шындыққа айналды.

Қазақ халқының бұрынғы күйкі көрінісін сөз еткен «Вестник просвещения» журналы патшалық Россияның шеткері аймақтарындағы даму мешеулігін ескере келіп: «Орта Азия мен Қазақстан халықтарының сауатсыздығын жою үшін 4 600 жыл керек» деп жазған еді. Жаңа заманда, Совет өкіметі тұсында бұл сәуегейлік жоққа шығып, халықтың сауатсыздығын жою үшін 46 ғасыр емес, небәрі ондаған жылдар ғана керек болды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы бүкіл дүние жүзі тарихында жаңа заманның бетін ашты. Сол жаңа заман туғызған Советтік Отанымыз бүгінде елу екінші жылдың табалдырығын аттады. Міне осы елу жылда жаңарған ел көркі көңілге көрікті ой салады. Біздің жеріміз қандай бай болса, еліміздің ежелден келе жатқан салт-мұрасы да сондай мол. Егер жолыңыз түсіп, Абай еліне, Абай жеріне келе қалсаңыз, бүгінгі Абай ауылы — еңбекте ер, өнерде ерен атанған, білім шынына құлаш ұрып, қуатты техника тізгінін ұстаған мәдениетті жандар мекені, аспанда асқақ ән қалықтап, көгінен күй төгілген думанды тіршіліктің орталығы, адам өмірін жарқын нұрға бөлеген бақыт пен шаттық бөсігі екенін көресіз.

«Коммунизмге өту жағдайында мәдениеттің барлық саласындағы творчестволық жұмыс ерекше жемісті және қоғамның барлық мүшелерінің қолынан келетін жұмысқа айналады, — делінген КПСС Программасында, — халық театры, бұқаралық өнерпаздық, техникалық өнер табыс және халық творчествосының басқа да формалары кеңінен таралады». Міне партия Программасында белгіленген бұл шаралардың өміршең бейнесін біздің ауданымыздың мысалынан айқын көруге болады.

Иә, тамшыдан-дария демекші, атағы аңыз бен жырға толы Абай елін ақындар ауылы, өнерпаздар ауылы деп текке айтпайды. Себебі, Абай мен Мұхтарды дүниеге әкелген Абай ауданы бүгінде құр алақан отырған жоқ. Оған жерлестеріміз белгілі жазушы Сапарғали Бегалин мен тарихшы-драматург Мұсатай Ақынжанов, өз ортамызда бірге тыныс алып, жыр, сөз маржанын төгіп отырған СССР жазушылар одағының мүшелері қарт ақын Шәкір Әбенев, Тәңірберген Әміренов, жазушы Кәмен Оразалин мен Медеу Сәрсекеев дәлел. Біздің аудан — Абай мен Мұхтардың отаны ғана емес, сонымен бірге қазақ өнерінің алғаш шаңырақ көтерген жері. 1917 жылы июнь айының аяқ шенінде қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы совхоздың «Ойқұдық» деген жерінде қазақ театрының тұңғыш шымылдығы ашылған еді. Сол «Еңлік-Кебек» пьесасын

жазып, оны алғаш сахнаға қойған кезде Мұхтар Әуезов жиырма жастары балғын жігіт болатын. Ал тоғыз жылдан соң «Театр — сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі. Ешбір өнерді құрғақ тілек, құрғақ бұйрық туғызбайды. Қай елдегі, қай жердегі өнерді алсақ та, сан-салтанатпен ырғалып-жырғалып, бір күн ішінде ғайыптан көшіп келмейді» деген еді.

Мұндағы театр деп отырғанымыз ол кезде бір-біріне жалғастырыла тігілген киіз үй еді. Ол кезде әйелдер ролінде қыз-келіншектер ойнамады. Оның себебі, ескілік шырмауы сахна ойынын әйелдерге құбыжық етіп көрсетті. Сондықтан әйелдер ролінде сол тұстары жас жігіттер ойнады. Міне осы алғашқы театрдың сахнасы ашылған жер елу жылдан соң қандай болды екен деген орынды сұрақ туады. Біз бұл сұраққа да толық жауап бере аламыз. Ол жерде сезім, жүрек, қиял өміршісі, адам баласының жан-жүйесінен мөлдір бұлақтай қайнап шыққан асыл арман — махаббаттың туы болған Еңлік пен Кебектің басына Абай ұрпақтары ескерткіш орнатты. Абай өскен, Абай жүрген жерлерге ескерткіш тастар қойылды. Абай ұрпақтары — аудан жастары ұлы ақын дәстүрімен өз өнірін ән мен күйге бөлеп, талай рет облыстық, республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болды. Шұғылалы нұр шашқан Ұлы Октябрьдің елу жылдық мерекесі алдында жастарымыз өнер сайысына ерекше әзірлік жасады. Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары астана жұртшылығына Мұхтар Әуезовтың «Қаракөз» пьесасын қойып, халық театры атағын жеңіп алды. Соған соң Отанымыздың жүрегі — Москваның Кремль театрында өнер көрсетті.

Сол сәтте Абай аудандық халық театры Б. Майлиннің «Жалбыр» музыкалы драмасын қойып, талғампаз Москва жұртшылығын тамсандырды. Олар Бүкіл одақтық халық театрлары фестивалінің лауреаты деген құрметті атаққа ие болып, бірінші дәрежелі диплом мен үлкен медаль алды.

Иә, қазіргі кезде бұл коллективтің ізбасарлары аз емес, «ағаны көріп іні өсер» дегендей, өнерлі жастар тобы аудан совхоздарында көбейіп келеді. Бұлар — ауыл мәдениетінің қарлығаштары — «Қайнар», «Бірлік», Тельман атындағы совхоздардың жастары. Ертеңгі күні-ақ жұмысшы, малшы, егінші арасынан шыққан әнші, күйші, биші жігіттер мен қыздар өз ауылдарындағы клуб сахналарын түрлендіретін өнер иелері атанары сөзсіз. Бұған деген мүмкіндік бізде бар. Таяуда ғана кең экранды 200 орындық кинотеатр ашылды. Оған «Еңлік-Кебек» есімі берілді.

Қазір Абай ауданында 6 орта, 4 сегіз жылдық, 4 бастауыш мектеп бар. Оларда 5 мыңнан астам балалар білім алуда. Сүйікті Коммунистік партияның жас өспірімдерге деген аталық қамқорлығын біздің аудан мысалынан айқын көруге болады. Бұл күндері ауданымызда малшылардың 280 баласы жаңадан салынған мектеп-интернатта тәрбиеленсе, мыңнан астам оқушы бюджетті интернатта жатып оқиды. Ал мектеп оқушыларына еліміздегі әртүрлі институттар мен университеттерді бітірген 340-тан астам ұстаз сабақ береді.

1947 жылы радио аудан орталығында ғана, оның өзінде тек 80 үйде болып, Семеймен рация арқылы байланыс жасалса, қазір аудан орталығы — Қарауыл селосының өзінде ғана 1 810 радио нүктесі бар.

Соңғы жылдары мәдени құрылыстарға ерекше көңіл бөліп келеміз. Бір кездегі жапан шөл далада шатырлы үйлер сап түзеп, шағын қалашықтар орнады. Бұрынғы Шыңғыстауда кітап, газет дегенді Абай, Тұрағұл сияқты бірлі-екілі адам ғана оқыса, ал бүгін абайлықтар 94 түрлі газет-журналдың 24 мың данасын жаздырып оқиды. Сондай-ақ Абай атындағы орта мектеп оқушыларының күшімен жазылған, 30 жылдан астам уақыт шежіресі бар, «Абай ұрпақтары» деген қолжазба журнал шығып тұрады. Оның редакторы жазушы Кәмен Оразалин. Ауданымыз-

да әртүрлі саяси, ғылыми, әдеби кітаптарды оқуға құмарлық жылдан жылға артып отыр. Абай жерінде 17 ауылдық, екі аудандық кітапхана жұмыс істейді. Ал «Қызылту» совхозының бесінші фермасында тұратын қарт пенсионер Қ. Мұқамеджанов өз қаржысымен 500 сомның кітабын сатып алып, қоғамдық негізде кітапхана ұйымдастырды. С. Сейітбекова, О. Шабданова сияқты кітапханашылар ерінбей еңбек етудің нәтижесінде кітапханашылардың Бүкіл одақтық байқауында СССР Мәдениет министрлігінің екінші дәрежелі дипломымен наградталды.

Абай ауылының дәулетіне сәулеті сай. Әрбір оныншы үйде мотоцикл болса, жиырмаға жуық семья жеңіл автомашина сатып алған. Ал Мұхтар Әуезов атындағы совхоздың еңбеккерлері телевизор көре бастады. Совхоздарымыздың бәрінде көгілдір от — газ бар.

Алайда аудан еңбекшілерінің мәдениет саласындағы қол жеткен табыстары тек осы ғана емес. Тынбай ізденіс, творчестволық еңбек біздің қоғамның әр мүшесінің тіршілік өзегі тәрізді. Оған дәлел Қазақстан жазушылар одағының инициативасымен биылғы жылдан бастап «Абай поэзиясы» күнін өткізіп тұру белгіленді. Мұндай игілікті бастама бізді қатты қуантты. Бірақ осындай шараларды жүзеге асыруда республика Мәдениет министрлігінің тиісінше көмегін көре алмай жүрміз. Ол бізбен байланыс жасап, қолдан келген көмегін, жең ұшын берсе, нұр үстіне нұр болар еді. Тіпті туысқан республикалардан, шетелдерден қадірменді қонақтар келгенде Абай туралы, Мұхтар туралы көлденең тартар ештеңе болмайтыны бізді қатты қынжылтады. Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың туғанына 125 жыл толуына аудан еңбекшілері қызу әзірленуде. Алдағы уақытта халық театрының үйін салу, Мұхтар, Абай музейлерін қайтадан қалпына келтіру көзделуде.

Қазір қыс кезі. Ауыл шаруашылығының еңбеккерлері қытымыр қыстың қиын күндеріне қарамастан, жемісті еңбек етуде. Олар бесжылдық тапсырмаларын ойдағыдай орындауға бар күш-жігерін салып отыр. Әрине, қажырлы еңбек көңілді демалыспен, мәдени-бұқаралық жұмыстың алуан түрімен ұштасса ғана ауыл-село жұртшылығының рухани талап-тілегі өтеледі.

Бұл жөнінде автоклубтардың атқаратын ролі зор. Қазір ауданымызда 13 автоклуб бар. Олар алыс мекендерге, совхоз орталықтарынан шалғай фермаларға, қыстақтарға мәдени қызмет көрсетуде. Жергілікті партия, совет ұйымдары автоклуб жұмысын жақсартуға баса көңіл бөліп, мәдениет мекемелерінің кадрларын іріктеп алу, оларды дұрыс орналастыру жағын терең ойластырып отыр. Соның нәтижесінде қазір аудандық мәдениет үйі саяси-бұқаралық, мәдени жұмыстардың орталығына айналды. Ол тек күнделікті кино көрсетумен шектелмей, айтыстар, кештер ұйымдастырады; өнерпаздар үйірмелеріне кең өріс ашты. Бұл игі істің басы-қасында аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі коммунист Молдабек Жанболатов жолдас жүреді.

Жұмыстан бос уақытын жастар көбінесе аудандық мәдениет үйінде өткізуге дағдыланған. Мұнда сызылған баян үні мен пианино үні, сырнайдың нәзік сазы, домбыраның күмбірлеген күйі бір толастамайды. Сөйтіп өнерпаздық бізде жүздеген жұмысшыны, егінші мен малшыны, интеллигенция өкілдерін қамтитын жаппай бұқаралық сипат алды. Өнерпаздар үйірмелері ән салып, би билеумен тынбай, кесек шығармаларды сахнаға шығаратын дәрежеге жетті. Олар былтыр совхоз орталықтарында, дала қостарында жиі-жиі болып, жұртшылықты риза етті. Сондай-ақ аудандық халық театры көрші Шұбартау, Аякөз, Көкпекті, Жарма аудандарының елді мекендерін аралап кайтты. Қазір олардың репертуарында көптеген халық әндері мен билері, совет композиторларының тандаулы шығармалары, М. Әуезовтың «Қаракөз», «Бәйбіше — тоқал», «Еңлік-Кебек», Ғ. Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш —

«Баян Сұлу» пьесалары бар. Бұл халық театрының артистері — әр мамандықтың иелері.

Соңғы жылдары ауыл мәдениетін көтерудегі жаңалықтарымыз өз алдына бір төбе. Аудан еңбекшілеріне мәдени қызмет көрсетуді дұрыс жолға қою нәтижесінде бірсыпыра табыстарға жетіп отырмыз. Қазіргі кезде жер-жердегі мәдениет мекемелерінің өсігі айқара ашылып, кең сахналар сауықшыл жұрттың дем алатын сүйікті орнына айналды. Іші әнге, көңілі күлкіге толған осындай қызық-думан ордасының бірі — Қарауыл селосындағы мәдениет үйі. Абай жерінен, әдебиет алыбы Мұхтар туған топырақтан ұшқан, өнерлі түлектер өз шеберлігін шындап, республикадағы 400-ден астам өнерпаздар коллективінің алдына түскені — біздер үшін зор мақтаныш.

Әрине, мұның бәрі творчестволық іс болғандықтан таланттарды шындау, талаптылар қатарын көбейту, үйрету арқылы алдағы уақытта бұрынғыдан да игілікті іс ойдағыдай жүзеге асырыла бермек. Бұл істі — мүддені абайлық өнерпаздар өздерінің азаматтық борышы санауда. Иә, өмір алға кетіп барады. Кешегі асқар тау — бүгін аласа. Ал бүгінгі белес — ертеңгі меже емес. Сондықтан адам әрқашан арманына асығады, болашағына асығады. Тіпті «Ауылына қарап, азаматын таны» дегендей, ауыл коммунистері Аралбаев, Әбішев, Шалабаев сияқты аға буын комсомолецтерге ескерткіш орнату, — олардың басына мейрам сайын гүл шоқтарын қою, адамдар арасындағы жаңаша қарым-қатынас, сыпайы мінез, семья сыйластығы, дұрыс киіне білу, тазалық — міне осының бәрі мәдениет белгілері. Бұл тұрғыдан алғанда да Абай ауданы тұрғындарының басқаларға үлгі боларлық жақтары мол. Мәдениетті киіну, талғампаздық, қонақта өзін ұстай білу, тағы басқа мәселелер жөнінде әр селода бірнеше диспут ұйымдастырылды. Ал аудан, совхоз орталықтарында жастарымыздың комсомолдық үйлену тойларын өткізу дағдыға айналды. Бұған «Қайнар», «Қызылту», «Арқаты» және Тельман, Абай атындағы совхоздар мен аудан орталығындағы тұрғындардың диспуттары, тойлары үлгі болады. Бұлардың кейбіреулері үлкен ой саларлық дәрежеде өтті. Мысалы, 1968 жылы апрель айында өткізілген «Қандай адам мәдениетті?», «Адам білімділігі неде?» «Қазіргі жастар қандай болу керек?» деген диспуттар өте тартымды, қызықты болды. Мұнда әркім мәдениеттілікті қалай түсінетіні туралы өз ойларын ортаға салып, ашық пікір алысты.

Біздің бұл айтып отырғанымыз — жүзеге асқан істеріміз, қол жеткен табыстарымыз. Әрине, бұл сияқты жақсы нышандарды алдағы уақытта да өмірге енгізе беру — біздің ардақты борышымыз. Осыған орай қазіргі ауыл мәдениеті, аудан, совхоз орталықтарын көркейту тұрғысында іске асырамыз деген келелі міндеттеріміз де аз емес.

Еңбекшілердің екі күндік демалысына байланысты кәсіпорын басшыларының, совхоз дирекцияларының еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту сияқты экономикалық мәселелермен қоса еңбек адамдарының өнерпаздығын дамытуға тиісінше көңіл бөліп отыруы шарт. Клубтардың материалдық базасын нығайту, сахналық жабдықтармен қамтамасыз ету, өнерпаз-коллективтердің құрамын өнерлі жастармен толықтыру сияқты игі істерді шаруашылық басшыларының, партия, комсомол ұйымдарының төл ісіне айналдырып келеміз. Өнерпаздар үйірмелерінің орындаушылық шеберлігін арттыру, репертуарын байыту, арнаулы білімі бар мамандар есебінен режиссер, хормейстр сияқты жетекшілермен қамтамасыз ету, үйірмелердің жалпы мәдениетін көтеру — өнерпаздықты дамытудың түбегейлі міндеті. Бұған, бір жағынан, облыс, республика өнер шеберлерінің қамқорлығы керек-ақ. Олар жаз айларында концерт бригадаларымен гастрольге шыққанда өздерінің ізбасарларына ағалық ақыл-кеңесін берер деген үміттеміз. Сондай-ақ ауыл-ауыл ауданаралық өнерпаздар фестивальдерін, халық театрларының фес-

тивальдерін ұйымдастырып отыруға Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, Қазақстан Кәсіподақтары Советі, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті бас-көз болса деген тілек бар.

Реті келгенде айта кетейік, біздің ауданның негізгі кәсібі — мал шаруашылығы. Ауданымызда 9 совхоз бар. КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март және 1968 жылғы Октябрь Пленумдарының шешімдеріне сәйкес аудан еңбекшілері ауыл шаруашылығын мықтап өркендетуге өздерінің бар күш-жігерін жұмсауда. Қоғамдық малды өз төлі есебінен өсіріп, өнімділігін арттыру — басты бағытымыз. Қойды 485 мыңға, ірі қараны 18 100-ге, жылқыны 17 100-ге жеткізбекпіз. Тек өткен жылдың өзінде ғана шаруашылықтарымыз мемлекетке 84 268 центнер ет, 10 068 центнер жүн тапсырды. Бұқара арасында социалистік жарыстың өрістетілуі арқасында мемлекетке ет тапсырудың және сатудың жылдық жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Бұл салада тек ауыл шаруашылық мамандарының өзінен ғана арнаулы және орта білімі бар 200-ге жуық коммунистер мен комсомолецтер еңбек етеді. Барлық 33 ферманың меңгерушілері — ауыл шаруашылық мамандары. Ал совхоз директорларының 80 процентінің жоғары және арнаулы орта білімі бар.

Міне бір заманда алдында асы жоқ, көзінде жасы көп жарлы-жақыбайлар мекендеген, алты бақан, алауыз рулардың қырғикабақ қырқылжын талас-тартыстарына майдан болған, жесір дауы мен жігіт құны арылмаған, Абай мен Мұхтар жеріне Октябрь революциясы әкелген орасан зор өзгерістер міне осындай.

Қазір бүкіл совет халқы сияқты біздің аудан еңбекшілері де ұлы көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына қызу әзірленуде. Бұл орайда мәдениет қызметкерлері биік межелерге қол созуда. Сол себепті біздің алдағы мезгілде жүргізбек мәдени-көпшілік жұмыстарымыздың арқауы — КПСС Орталық Комитетінің «Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы» қаулысы. Бұл қаулыға сәйкес біздің де белгілеген шараларымыз көп. Мәселен, мұның ішінде В. И. Лениннің өмірі мен революциялық қызметіне арналған 15 тақырыпты қамтитын радио-лекторий бар. Біз лекциялардың мазмұнын өз ауданымыздың тіршілігімен тығыз байланыстыруға баса назар аударып отырмыз. Мысалы, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі жазушы К. Оразалин аудан жұртшылығына «Ленин және халыққа білім беру», «Қайнар» совхозының мұғалімі Ә. Иманакышев «Ленин идеясының жүзеге асырылуы» деген тақырыптарда лекциялар оқыды. Совет өкіметін орнату күресіне қатысқан, алғашқы колхоздастыру ісінің басы-қасында болған Н. Файзуллин, Қ. Оспанов, Б. Толғамбаев сияқты пенсионерлермен, Совет Одағының Батыры З. Белібаевпен кездесулер өткізілді. Сол сияқты абайлық, Совет Одағының Батыры Ж. Молдағалиев туралы деректер жинап, кітап жазуға кіріскен Ә. Өміржанов пионерлерге батырдың ерлігі жайынан тартымды әңгіме айтып берді.

Ауданымыздың мәдени-ағарту мекемелері, мектептер ұлы мерекеге арнап фотомонтаждар, плакаттар әзірлеуде. Болашақта іске асырамыз-ау деген кейбір ойларымыз да бар. Ол — аудан, село орталықтарында ұлы көсеміміз В. И. Ленинге және Абайға, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жерлестерімізге ескерткіштер орнату.

Қорыта айтқанда Абай өскен ортаның бүгінгі гүлденген мәдениеті мен өскен бейнесі осындай. Аудан партия ұйымы қазіргі ауыл мәдениетін көркейту жолында, жақсы дәстүрлерді жалғастыру жолында игі шараларды жүзеге асыра береді.

Семей облысы.

ӨНЕРКӘСІПТЕГІ БАСТЫ БАҒЫТ

С. ҚОЙШЫБАЕВ,

Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары

«Омырауда алтын алқасы, Отанымның сен, Алтай» дейтін асқақ сезімді ән жолдарына арқау болған Шығыс Қазақстан түсті және сирек кездесетін металдар өндіру жөнінен тек республикада ғана емес, бүкіл еліміз бойынша ілкі орында келеді. Партия мен үкіметтің ұдайы қамқорлық жасауының арқасында бұл өңірде индустрия алыптары — аса ірі кен және металлургия кәсіпорындары ірге көтерді. Алтайдың ашық аспанына завод корпустары асқақ бой созды. Таңғажайып өлкеміз жаңа сымбатқа бөленді.

Соңғы он жыл ішінде облыс өнеркәсібі жаңа салаларға ие болды: машина жасау, конденсаторлар, электротехника бұйымдарын, алуан түрлі аспаптар өндірісі өркен жайды. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі мықтап өркендеді.

Қазір облыс еңбекшілері КПСС XXIII съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолындағы күреске бір кісідей жұмылған. Көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіндегі социалистік жарыс кен қанат жайды. Шығыс қазақстандықтар бесжылдық жоспарды 1970 жылғы 7 ноябрьге дейін орындап шығуға серт берді. Бұл торқалы тойдың лайықты жоралғысы болмақ.

Бүгінде кәсіпорындарда, құрылыс пен транспортта қанат жайған еңбек өрлеуі осы міндеттің абыроймен орындалатынын дәлелдейді. Бесжылдықтың алғашқы күнінен бері жоспардан тыс 65 миллион сомның өнімі өндірілді. Өткен жылдың өнім өткізу жоспары да мерзімінен көп бұрын асыра орындалған болатын. Көптеген кәсіпорындардың коллективтері бұйымның түр-түрін игеру, өнімнің өзіндік құнын кеміту, пайда табу жөніндегі тапсырмаларын ойдағыдай орындап келеді. Мәселен, жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жүйесіне көшкен кәсіпорындарда өткізілген өнім мөлшері 1967 жылғыдан 12 процент, ал жалпы облыс өнеркәсібі бойынша 11 процент артты. Өнімнің өзіндік құнын арзандату түсті металлургия кәсіпорындарында бір жарым миллион сомдай, ал машина жасау мен металл өңдеу саласында 600 мың сомға жуық қаржы үнемдеуге мүмкіндік берді.

Бесжылдықта өнеркәсіп өнімдерінің көлемін 1,7 есе арттыру жөзделіп отыр. Еңбек өнімділігі де әлдеуір артатын болады. Бұл сияқты аса күрделі міндеттің ойдағыдай шешілуі ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, еңбекшілердің творчестволық белсенділігін көтеруге көбіне-көп байланысты. Сол себепті облыс партия ұйымы шаруашылық орындарының, барлық мамандар мен жұмысшылардың, ғылыми-техни-

калық қызметкерлердің күнбе-күнгі назарын өндірісті техникалық жағынан ұдайы жетілдіре беруге аударып отыр.

Облыс заводтары металдың 70 проценттен астамын жергілікті шикізаттан алады. Соңғы кезде заводтарды шикізатпен қамтамасыз ету ісі жаңа кәсіпорындар салу мен бұрынғы кәсіпорындарды қайта жабдықтау арқылы ғана емес, сонымен бірге заводтарда, байыту фабрикалары мен рудниктерде өндіріс технологиясын жетілдіру, жаңа техника мен жабдықтарды пайдалану негізінде жүзеге асырылып келеді.

Лениногор полиметалл комбинатының кеншілері осыдан бірер жыл бұрын аса өнімді әдіс — блоктарды күштеп құлату жүйесін жүзеге асырған болатын. Бұл ғылыми-техникалық ойдың бүкіл дүние жүзіндегі тамаша жеңістерінің бірі деп танылғаны белгілі. Қазір осы әдіс комбинаттағы негізгі жүйеге айналған: оның үлес салмағы жер асты жұмыстарының 96 процентіне тең. Ғылыми-зерттеу институттарының коллективтерімен бірлесе отырып, кеншілер жаңа әдісті онан әрі жетілдіре түсуде. Қазірдің өзінде оның қуатты, орташа және кішігірім кен көздерін игеруге арналған бірнеше нұсқасы пайдаланылып жүр. Мұндағы негізгі мақсат кенді игеру алдындағы әзірлік жұмыстарын неғұрлым қысқарту, жүйенің кейбір күрделі буындарын жеңілдету түсу болды. Осының нәтижесінде әрбір погон метр жерден шығарылатын кен 220 тоннадан 234 тоннаға дейін жетті.

Лениногор кеншілерінің тәжірибесін қолдана отырып, Зырян қорғасын комбинатының қызметкерлері және «ВНИИцветмет» ғылыми-зерттеу институты мен Москва кен институтының ғалымдары КПСС XXII съезі атындағы рудникте тағы бір жаңа жүйені жүзеге асырды. Бұл — компенсациялық камераларды пайдалану арқылы кенді қабат-қабатымен күштеп құлату жүйесі еді. Жаңа әдіс сынау үстінде-ақ жетілдіріле берді. Тынымсыз іздену табысқа жеткізді. Тереннен тартылған копарылыс скважиналарының көмегімен кен құлату әдісі осылай туды. Мұның бір тамаша жері — копарылыстың қуаты бүтіндей тұтасқан кенді бөлшектеуге жұмсалады, сонымен бірге бұрынғыдай алдын ала компенсациялық камералар жасап әуре болудың қажеті жоқ. Демек, блокты игеру бірден-ақ жүзеге асады. Кенді шығару мен тасымалдау үшін өздігінен жүретін жабдықтарды және конвейерлерді кенінен пайдаланудың да сәті түсті. Осындай артықшылықтарына байланысты жаңа технология рудниктегі негізгі өндіріс әдісіне айналып отыр. Кен өндіру мен оны тасымалдаудағы еңбек өнімділігі бір жарым еседен астам артып, әр тонна кен шығарудың өзіндік құны 20 процент кеміді. Осының нәтижесінде тек Зырян қорғасын комбинатының өзінде 5 миллион сом үнемделді.

Облыс кәсіпорындарында қорғасын-мырыш кенінің үштен бірі ашық әдіспен алынады. Соңғы жылдары бұл салада да өндірісті ұйымдастыру едәуір жақсарып, оның технологиялық дәрежесі арта түсті. Бұрғылау жұмыстарындағы ескірген станоктардың орнына әрі жаңа, әрі өнімді станоктар қолданылады.

Байыту фабрикаларындағы технологиялық процестерді жетілдіру бағытында да біршама жұмыс істелді, сөйтіп концентраттардың сапасы жақсарды және олардан алынатын металдың мөлшері артты. «Механобр» институты жасап шығарған және Лениногор комбинатының кеншілері өндіріске енгізген коллективтік флотация схемасы еліміздің көптеген байыту фабрикаларында кең қолдау тапты. Бұл әдісті ұдайы жетілдіру нәтижесінде кен байытудың техникалық-экономикалық көрсеткіші едәуір жақсарды. Мәселен, сульфид кендерінен мыс айырып алу 1960 жылғымен салыстырғанда 11,6 процент, ал мырыш алу 2,1 процент артты.

Зырян қорғасын комбинатында кенді ауыр суспензияларда байыту технологиясы игерілді. Жаңа технология кендегі бос породадардың 30 проценттен астамын бөліп шығаруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге

өндірісті комплексті автоматтандыру мен байыту технологиясын машина арқылы бақылауға алу бағытында да бірталай жұмыс жүргізілді. Бұл үшін қазір информациялық есептеу машинасы қондырылып жатыр.

Кеннен бөлінетін металдың мөлшерін арттыру жолында Ертіс полиметалл комбинатындағы Белоусов байыту фабрикасының коллективі көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Белоусовтықтар игерген коллективтік флотация схемасы өткен жылы металл өндіруді 1960 жылғыға қарағанда 22,7 процент арттыруға мүмкіндік берді.

В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты бүкіл елімізге әйгілі. Комбинат коллективі технологиялық озат әдістерді өндіріске енгізу бағытында зор табыстарға ие болуда. Мәселен, ол қорғасын балқыту үшін оттегін өндірістік көлемде тұңғыш қолданғаны, оны мырыш концентраттарын күйдіруге пайдаланғаны белгілі. Комбинат жаңашылдары мұны қанағат тұтып қалған жоқ. Олар ғылыми-техникалық прогресті жеделдете түсуге лайықты үлестерін қосып келеді.

Өскеменде түсті металлургия кәсіпорындары, ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдары басшыларының, партия қызметкерлерінің Бүкіл одақтық кеңесі өткізіліп, В. И. Ленин атындағы комбинатта оттегін пайдаланудың тәжірибесі егжей-тегжейлі талданды, бұл әдісті еліміздегі басқа да кәсіпорындарда пайдаланудың жолдары белгіленді. Соңғы жылдары комбинатқа осы тектес кәсіпорындардың жүздеген өкілдері арнайы келіп, жаңа технология процестерімен танысты.

Жаңалық атаулының бірінші жаршылары мен нағыз жаңашырлары коммунистер екені белгілі. Қорғасын балқыту үшін оттегін пайдаланудың айтылмыш әдісі өндірісте кеңінен қолданылып, жаппай қолдау тапқанға дейін олардың жар құлағы жастыққа тиген жоқ. Облыстық, қалалық партия ұйымдары да оны күнделікті назардан шығармады. Жаңалықты енгізу барысы облыстық, қалалық партия комитеттерінің және комбинат парткомының бюро мәжілістерінде бірнеше рет қаралып, нақты шаралар белгіленіп отырды.

«ВНИИцветмет» ғылыми-зерттеу институты мамандарының белсене қатысуымен комбинатта кадмий алудың технологиясы түбірінен қайта жасалды. Кадмийді сульфат қосындыларынан алу жөніндегі осындай жаңа технологияға негіз болған реактор-сепараторларды комбинаттың өз мамандары жасап шығарды. Жаңа аппарат біздің елімізде ғана емес, шетелдерде де кеңінен қолдау тапқаны біз үшін үлкен мақтаныш.

Бүгінде бұл комбинат тек өнеркәсіп орны ғана емес, ол сонымен бірге ғылыми тәжірибе орталығына айналған. Комбинат қызметкерлері он бес ғылыми-зерттеу және жобалау институттарымен бірлесе отырып, түсті металдар мен сирек кездесетін металдар өндіру процесін жетілдіре беру жолында кең көлемде зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Мырышқа мемлекеттік сапа белгісінің берілуі — осы ізденістердің қуанышты нәтижесі.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында кеңінен пайдаланыла бастасымен-ақ оттегі Ертіс полиметалл комбинатында да дәл осындай қолдау тапты. Шахта пештерінде мыс шихтасын балқыту үшін оттегімен байытылған үрлеу әдісі елімізде алғаш рет осы комбинатта жүзеге асты. Өндіріс процесін жеделдетуші ретінде оттегін пайдалану шихтаны көптеп балқытуға, кокс шығынын азайтуға, горновойлар мен кен тиеушілердің еңбегін жеңілдетуге, цех ішінің ауасын жақсартуға мүмкіндік берді.

Титан-магний комбинатында, машина жасау, автоматика аспаптары мен конденсатор заводтарында жүзеге асырылып жатқан игі істер де осы алуандас. Олардың қай-қайсысы болсын техникалық прогресті жеделдетуге, озат тәжірибені таратуға айтарлықтай үлес қосып келеді. Сондай-ақ «Алтайэнергоның» кәсіпорындарында, жеңіл, тамақ және жергілікті өнеркәсіптің көптеген заводтарында, фабрикалар мен комби-

наттарында, бірталай транспорт ұйымдарында бағалы ұсыныстар, жақсы жаңалықтар күн сайын туындап жататынын айта кеткен артық емес.

Әрине бұл — үлкен істің бастамасы ғана. Жаңа техника мен озат технологияны өндіріске жаппай енгізу, құрал-жабдықтарды жетілдіре беру онан әрі жалғаса түспек.

Ғылыми-техникалық прогресті барынша жеделдете беру — аса маңызды жалпы халықтық міндет делінген КПСС Программасында. Партиямыздың XXIII съезі де бұған айрықша мән берді. Біздің жаңашылдарымыз бен өнертапқыштарымыз осыны жақсы сезінеді. Өндіріс жаңашылдарының қатары жыл санап артып келе жатқандығы да содан. Қазір облыста 20 мыңнан астам жаңашылдар мен өнертапқыштар бар. Олар 40 миллион сомның мөлшерінде бесжылдықтың өнертапқыштар қорын жасаймыз деп уәде берген болатын. Өткен мерзім ішінде бұл қордың есебіне 25,5 миллион сом түсті. Тек аяқталған жылдың 9 айының өзінде 12 мыңнан астам ұсыныс жасалып, олардың 8 863-і өндіріске енгізілді, сөйтіп 6,3 миллион сомды үнемдеуге мүмкіндік берді.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының озат жұмысшысы, Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген өнертапқыш А. Щербаков көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне бесжылдықта жаңашылдық 10 ұсыныс жасауға бел байлаған болатын. Бағалы бастама көптеген өнеркәсіп орындарында творчестволық өрлеу туғызды. Мәселен, қорғасын-мырыш комбинатындағы мырыш өндіру цехының мастері О. Жетібаев өз сменасындағы барлық аппаратшыларға жаңа мамандық — экстракторшы мамандығын үйретуге, Қазақ политехникалық институтын сырттан оқып бітіруге, жаңалық бес ұсыныс енгізуге уәде берді. Мұндай мысалдарды тізе берсе көп-ақ.

Дегенмен осындай маңызды істің шешілмеген түйіндері де бар. Жалпы алғанда, өндіріске енгізілген жаңалықтар мен ұсыныстар саны жылма-жыл артып келе жатқаны рас. Бірақ кейде мақұлданған, тиісті орындарда қолдау тапқан жаңалықтардың өзі кейбір кәсіпорындарда кәдеге жаратылмастан шетқакпай болып қалатыны тым өкінішті. Мысалы, жыл сайын қабылданған ұсыныстардың ширек бөлігі ескерусіз қалады.

Сондықтан жаңа, озат атаулының тезірек іске асуы қаншалықты маңызды екенін ескере отырып, облыстық партия комитеті соңғы кездері өзінің бюро мәжілістерінде техникалық прогресті жеделдету мәселелеріне жиі оралатын болды. Облыстық комитет бюросының ұсынуы бойынша барлық қалалар мен аудандарда еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру советтері құрылды. Оларды қалалық немесе аудандық партия комитеттерінің секретарьлары басқарады. Сонымен бірге жаңа техника мен озат тәжірибе үйі жұмыс істейді.

Әртүрлі ұйымдар мен кәсіпорын коллективтерінің ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, озат тәжірибені насихаттау бағытында істеп жатқан сан алуан жұмысының өзекті желісін, бағыт-бағдарын түгел айту қиын. Ең бастысы, біз бұл жұмыстың жетістігі мен кемістігі қандай екенін қазір жақсы сезінеміз. Бастауыш партия ұйымдары кәсіпорын коллективтерінің тірлік-тынысына терен бойлап, бұқарамен тырыз байланыста болса, жақсы нышандарды өрбітіп, өрістетіп отырса, озат тәжірибеге дайғыл жол сала білсе, кемшілігіміз тез арада жойылып, жетістігіміз көптің ортақ қуанышына айналары сөзсіз. Бүгінде облыстық партия комитеті осы мәселеге баса назар аударып отыр.

СЕЛОДАҒЫ САЯСИ ЖҰМЫС

Идеологиялық жұмыстың қазіргі кезеңдегі міндеттері партияның Программасында және КПСС XXIII съезінің шешімдерінде жан-жақты әрі терең тұжырымдалған. КПСС Орталық Комитетінің апрель Пленумы еңбекшілер арасындағы жұмыстың түрлері мен әдістерін жетілдіре түсу жолдарын көрсетіп берді.

Біздің Маңқыстау ауданының партия ұйымдары еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісін алда тұрған нақты міндеттермен шебер үйлестіріп, сергек те жүйелі жүргізу үшін күш салуда. Партия ұйымдары әсіресе соңғы жылдарда насихатшылар мен үгітшілер қатарын тәжірибелі, білімді кадрлар есебінен толықтыруға, оларды саяси жұмыстың белгілі бір саласы бойынша мамандандыруға ерекше мән беріп отыр. Осының нәтижесінде бұқараға жасампаз ісімен де, жалынды сөзімен де өнеге беретін, партияның саясатын байыпты түсіндіре білетін жүздеген насихатшыларымыз, үгітшілеріміз, саяси хабаршыларымыз өсіп жетілді.

Мәселен, қазір аудан партия ұйымдарында 884 адам үгітшілік қызмет атқарады. Олардың ішінде 772 адамның жоғары немесе орта дәрежелі білімі бар.

Бастауыш партия ұйымдары үгіт жұмысын онан әрі жандандыра түсуде. Үгіт коллективтерінің айлық, тоқсандық жоспары партия ұйымдарының жалпы жиналыстарында бекітіледі, үгітшілердің есебі жиі-жиі тыңдалып, олардың қызметіне күнделікті бақылау жасалып отырады. Мұндай әдіс өзінің игі нәтижесін беруде.

Бір-екі мысал келтірейік. Бұрнағы жылы Аманкелді атындағы колхоздың партия комитеті жас коммунист Аралбай Қуанбаевты шопандар арасына үгітші етіп тағайындады. Аралбай — орта мектептің директоры. Демек, оның өз жұмысы да аз емес. Соған қарамастан, жас коммунист мал отарларын жиі аралап, шопандар арасында күнделікті жаңалықтардан, халықаралық жағдайдан, мәдени-тұрмыс мәселелерінен көптеген әңгіме өткізді. Социалистік жарысты өрістетті, шопандарды мал шаруашылығындағы озат тәжірибеден хабардар етіп отырды. Олардың ұсыныстары мен талап-тілегін колхоз басқармасы мен партия комитетінің алдына қойып, дұрыс шешімін табуға көмектесті. Сөйтіп, Қуанбаев жолдас үгітшілік қызмет атқарған 3 отарда мал қыстату науқанының барысында жалғыз тұяқ мал шығынға ұшыраған жоқ. Қажырлы еңбектері мен тұрмыс мәдениетін жақсартудағы өнегелі істері үшін бригада мүшелері коммунистік еңбектің екпіндісі деген құрметті атақты жеңіп алды.

Ж. Сүйеубаев жолдастың да үгітшілік өнегесі атап өтуге тұрарлық. Ол өзінің әрбір әңгімесін нақты мысалдан, күнделікті өмірде кездесетін белгілі бір фактіден бастап, терең тұжырымдар жасайды, келелі міндеттерді алға тартады. Мәселен, Форт-Шевченко қалалық өндіріс комбинатының жұмысшылары мына бір жайды жиі еске алады. Тас кесетін комбайнның машинисі Серікбаев пен жұмысшы Орысбаев жұмысқа мас болып келеді. Екеуі күні бойы бос сенделіп, әрқайсысы 8 сағаттан 16 жұмыс сағатын босқа кетіреді. Осыған байланысты Жұмабек Сүйеубаев ертеңінде бригада мүшелерін жинап алып әңгіме өткізді. Зая кеткен әр минуттың халық шаруашылығына қандай залал келтіретінін алуан мысалдармен түсіндіре келіп, үгітші:

— Комбайн минутына стандартты 8 тас кірпіш кеседі. Екі адамның әрқайсысы 8 сағаттан 16 сағат уақыт жоғалтқанда, 960 минут, яғни 7 680 кірпіш зая кетті деген сөз. Міне жауапсыздықтың кесірі, — деді.

Үгітшінің әңгімесінен кейін бригада мүшелері комбинат басшылығына ұсыныс жасап, Серікбаев пен Орысбаевқа қатан шара қолданылуын талап етті. Бригададағы еңбек тәртібі күрт жақсарып, әрбір жұмысшының өз ісіне деген жауапкершілігі артты.

Жармыш ауылдық Советі атқару комитетінің председателі Қапашев, «Правда», Октябрьдің 40 жылдығы атындағы колхоздардың зоотехниктері Қабылов, Олжабаев, «Шайыр» сегіз жылдық мектебінің мұғалімі Жалғасбаев, Форт-Шевченко автобазасынан Тағаниязов, кеме жөндеу зауытынан Рахманов, балық комбинатынан Қойшыбаева, сауда портынан Даньков, балық аулау базасынан Бірәлиев сияқты жолдас-тар — осындай айтулы үгітшілеріміз. Олардың әрбір әңгімесі өмірмен, бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерімен тығыз байланысты болады. Тақырып таңдауға, сөз болғалы отырған мәселені түсінікті, тартымды тілмен жеткізе білуге олар айрықша көңіл бөледі. Жалынды сөздің жақсы істерге жалғасуын қалайды. Мысалы, Иса Бірәлиев Баку маңындағы Пирсағат ауданында жүрген балықшылар арасында бірнеше рет болып, алда тұрған міндеттер жөнінде әңгіме өткізді. Социалистік жарысты ұйымдастыруға өзі тікелей ұйтқы болды. Соның нәтижесінде Пирсағаттағы балықшылар 9 айлық балық аулау жоспарын 7 ай 26 күнде орындап шықты.

Еңбекшілер арасында жүргізілетін саяси жұмыстың аса маңызды буындарының бірі атеистік насихат екені мәлім. Қазір оқылып жүрген лекциялардың үлес салмағында атеистік тақырыптың көлемі біршама артып келеді. Бастауыш партия ұйымдарының басшылығымен 7 атеистік совет жұмыс істейді. Әсіресе Чапаев атындағы, «Правда» колхоздарында ұйымдастырылған атеистік советтердің жұмысы назар аударарлық. Олардың тоқсандық жұмыс жоспары партия комитеттерінде талқыланып, бекітіледі. «Білім» қоғамының аудандық ұйыммен ақылдаса отырып, партия комитеттері атеист-лекторларға тақырып белгілеп береді. Оның әсерлі де көкейге қонымды болып шығуына көмектеседі. Ғылым мен техниканың жетістіктері туралы оқылған лекциялардан кейін кинофильмдер көрсетіледі.

Малшылар арасында жүргізілетін бұқаралық-саяси жұмыста автоклубтардың атқаратын ролі айрықша. Қазір ауданда 17 автоклуб жұмыс істейді. Олардың барлығы да шаруашылықтарға бекітіліп берілген. Автоклубтардың малшыларға қызмет көрсету трафигі партия ұйымдарында талқыланып, аудандық Совет атқару комитетінің мәжілісінде бекітіледі. Сапар маршруты картаға түсіріліп, партия ұйымдарына беріледі. Автоклубтардың күнделікті жұмысына колхоз партия комитеттері тікелей басшылық етіп отырады. «Правда», Чапаев атындағы, Шевченко, Ералиев атындағы колхоздарды қамтитын автоклубтар (менгерушілері Өтегенов, Итемгенов, Шойтасов, Дауылбаев жолдас-тар) өздерінің өнегелі ісімен колхозшылардың алғысына бөленген. Ферма қызметкерлеріне лекция оқу, баяндама жасау, әңгіме өткізу, кинофильм көрсету, озаттар тәжірибесін магнитофонға жазып алу арқылы насихаттау, сәулелі газеттер шығару, кітап тарату — міне автоклубтың әр сапары осы алуандас кең программаны қамтиды. Сонымен бірге көркемөнерпаздар коллективтерінің ай сайын малшылар арасына шығып, концерт қоюы дәстүрге айналды.

Мәдениет, денсаулық сақтау, тұрмыстық қызмет көрсету, сауда ұйымдарының күшімен тоқсан сайын бір рет алыс учаскелерге автопоезд шығарылады. Автопоездың құрамында лектор, сатушы, фотограф, киномеханик және концерт бригадасы болады. Мысалы, Бозашы өңіріндегі шаруашылықтарға қызмет көрсету үшін ұйымдастырылған осындай автопоезды Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген мәдениет қызметкері О. Құлсариев бастап барып, малшылар құрметіне бөленіп қайтты.

Бізге жұмыстың жаңа да ұтымды формасы саяси хабар тез қолдау тауып, кең өріс алуда. Қазір аудан партия ұйымдарында 205 саяси ха-

баршы бар. Олардың 195-сі жоғары және орта білімді адамдар. Саяси хабаршылар негізінен халықаралық жағдай, нақты экономика және мәдени-тұрмыс мәселелерін қамтитын 3 секцияға біріктірілген. Партия ұйымдары олардың жұмысына күнделікті басшылық жасап отырады. Саяси хабардың өткізілетін күні мен орны тыңдаушыларға алдын ала ескертіледі. Белгілі уақытта тыңдаушылар сол жерге жиналып, күнделікті жаңалықтар тыңдайды, өздерін толғандырып жүрген мәселелерге толық түсінік алып отырады.

Әрине, еңбекшілер арасында жүргізілетін саяси-тәрбие жұмысы бұлармен шектелмейді. Оның ауқымы да әлдеқайда кең, формасы да алуан түрлі. Аудан партия ұйымдары еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің маңызды құралдарын барынша тиімді пайдаланып, оның формалары мен әдістерін жетілдіре беруді мақсат тұтып отыр. Олардың қазіргі күнделікті іс тәжірибесі осы міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған.

Соңғы кездері аудандық комитеттің бюросында, пленумдарында идеологиялық жұмыстың әртүрлі саласы бойынша бірнеше рет мәселе қаралып, тиісті шешімдер қабылданды. Тек өткен жылда ғана аудандық партия комитеті саяси хабаршылардың аудандық семинар-кеңесін, Форт-Шевченко қаласы мен аудан орталығында, сондай-ақ Бозашыда үгітшілердің кеңесін өткізді. В. Степаковтың «Партиялық насихатқа — ғылыми негіз» деген кітабы бойынша, одан соң «Партия жұмысындағы лениндік стиль» деген тақырыпта теориялық конференция болды. Бұған қоса аудандық саяси-ағарту кабинеті жанында насихатшылардың тұрақты семинары жұмыс істейді.

Белгіленген жоспарға сәйкес бұдан былай да идеологиялық жұмыстың өзекті мәселелері бойынша пікір алысу, семинар-кеңестер өткізу ісін жалғастыра бермекпіз. Партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылын жақсы әзірлікпен қарсы алдық. Насихатшылар құрамы қайта қаралып, бекітілді. Олар аудан, облыс орталықтарында, Алматыда семинарларда болып қайтты.

Ұлы көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл және Қазақ ССР-нің құрылғанына 50 жыл толуы қарсаңында партия ұйымдары өз жұмысын барынша жандандыра түсуде.

Т. СМАҒҰЛОВ,
Маңғыстау аудандық партия комитеті
насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

ҚОҒАМДЫҚ НЕГІЗДЕГІ КАБИНЕТ

Ерейментау ауданының шаруашылықтарын, өнеркәсіп, транспорт ұйымдарын қамтитын 69 бастауыш партия ұйымында 2 290 коммунист есепте тұрады. Бұл — зор күш. Олардың өндірістегі ықпалы мен беделінің арта түсуі бастауыш ұйым секретарьларының іскерлігіне, партиялық ұйымдастыру жұмысын қазіргі күннің талаптарына сай жүргізе білуіне көптен-көп байланысты.

КПСС XXIII съезінің шешімдеріне сәйкес бастауыш және цехтық партия ұйымдарының, партия топтарының іскерлік қабілетін арттыра беруді көздеген аудандық партия комитеті өзінің күнделікті ұйымдастырушылық, тәрбие жұмысын осы арнаға сайды. Бұл үшін ол ай сайын «секретарьлар күнін» өткізіп отыруды дәстүрге айналдырған болатын. Мұның өзі бастауыш ұйым секретарьларының іскерлігін шыңдай түсті, оларды жинақылыққа, сергектікке үйретті. Жақсы өнеге осымен шектеліп қалған жоқ, жалғаса түсті. Аудандық комитеттің жанынан қоғамдық негіздегі партиялық ұйымдастыру кабинетінің құрылуы осының дәлелі. Ол өткен жылдың басынан бері жұмыс істеп келеді.

Кабинеттің жұмысын 7 адамнан құрылған методикалық совет басқарады. Оның құрамын аудандық партия комитетінің бюросы бекіткен. Методикалық совет мүшелерінің бәрі — партия, совет, комсомол, кәсіподақ жұмысынан мол тәжірибесі бар адамдар.

Аудандық партия комитетінің бюросы болып өткеннен кейінгі екінші күні-ақ біз методикалық советтің алғашқы мәжілісін өткіздік. Онда методикалық совет мүшелерінің әрқайсысы жұмыстың қай саласына жауап беретіндігін белгіледік. Ең алдымен кабинетті қажетті көрнекі құралдармен, кітапшалармен жабдықтау керек деп шештік.

Қазір кабинетте аудан партия ұйымдарының саны мен олардың құрылымын, коммунистер мен комсомолецтер қатарының өсуін, жергілікті Советтердің депутаттығына сайланған коммунистердің санын көрсететін әдемі диаграммалар мен басқа да көрнекі құралдар бар. Бұлар қоғамдық негіздегі партиялық ұйымдастыру кабинетіне келушілердің назарын бірден тартады.

Осыдан кейін бірнеше тақырыптық папка аштық. Бұларда партиялық ұйымдастыру жұмысының озат тәжірибелері туралы материалдар сақталады. Мәселен, арнаулы бір папкада партиялық ұйымдастыру жұмысының тәжірибесі жөнінде жазылған әралуан мақалалардың қиындылары болса, екінші біреулерінде аудандық партия комитеті қызметкерлері мен методикалық совет мүшелерінің кейбір жергілікті партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының, халық бақылаушылар топтарының жұмысы жөніндегі жазбалары, анықтамалары сақтаулы.

Кабинетті жабдықтап болысымен біз бастауыш партия ұйымдарының секретарьларымен тығыз байланыс жасауды қолға алдық. Әуелі аудан орталығындағы мекемелер мен ұйымдардың бастауыш партия ұйымдары секретарьларын шақырып алып, кабинетте жинақталған материалдармен таныстырдық. Әңгімелесе отырып, олардың сұрақтарына жауап бердік. Әсіресе бастауыш партия ұйымдарының жаңадан сайланған секретарьлары кабинетте жиі болып, ақыл-кеңес алуына баса назар аударып отырмыз.

Методикалық совет өз жұмысын алдын-ала жасалған жоспар бойынша жүргізеді. Жұмыс жоспары әрбір тоқсанға жасалады да, методикалық

советтің кезекті мәжілісінде бекітіледі. Онда бастауыш, цехтық партия, комсомол ұйымдары секретарьларына, кәсіподақ комитеттері председателдеріне практикалық көмек көрсету, оларды ұйымдастыру-көпшілік жұмысының соны жолдарымен таныстыру, іскерлікке дағдыландыру жөніндегі алуан міндеттер белгіленеді. Методикалық совет мүшелерінің бастауыш партия, комсомол ұйымдарында жиі-жиі болып тұруы да ескеріледі.

Осының бәрі құр сөз болып қалмауын қатты қадағалаймыз. Жоспарды жүзеге асыруда әсіресе методикалық советтің мүшелері өздерінің жеке өнегелерін көрсетіп жүр. Мәселен, Б. Атығаева жолдас «Торғай» совхозының екінші бөлімшесіндегі цехтық партия ұйымында болып, практикалық көмек көрсетсе, А. Кравченко жолдас «Еркіншілік» совхозының үшінші бөлімшесіндегі цехтық комсомол ұйымының іс тәжірибесін жинақтап, басқаларға тарату үшін бірталай жұмыс тындырып қайтты. Ал С. Барлыбаев жолдас Бестөбе поселкелік Советінің жұмыс тәжірибесін талдап шықты.

Методикалық советтің жұмыс жоспарына сәйкес біз жуырда совхоздардың, астық қабылдау пункттерінің, автобазалардың, өнеркәсіп, транспорт мекемелерінің партия ұйымдары секретарьларын және халықтық бақылау топтары председателдерін шақырып, семинар-кеңес өткіздік. Онда партиялық ұйымдастыру жұмысының сан алуан түрлері, әсіресе партиялық іс қағаздарын жүргізу, партия жиналыстарын әзірлеу және өткізу, партия жиналыстарының протоколдары мен қаулыларын жазу, бастауыш партия ұйымының жұмыс жоспарын жасау, коммунистерге партиялық тапсырма беру және оның орындалуын бақылау жөнінде келелі сөз болды. Содан кейін жиналғандар КПСС XXIII съезінің шешімдерін ойдағыдай жүзеге асырып келе жатқан бастауыш партия ұйымдарының іс тәжірибесі жайындағы көптеген материалмен танысты.

Облысымызда тұңғыш құрылып отырған осы кабинеттің жұмысымен танысу үшін облыстық партия комитеті партиялық ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Д. Қасымжанов жолдас келіп қайтты. Ол кабинеттің және методикалық советтің жұмысында үлгі аларлық жайлар бола тұрғанымен, бірталай кемшіліктер де бар екенін айтқан еді. Осы тұста методикалық советтің мүшелеріне тағы бір жақсы ой орала кетті. Біз кабинетке келушілердің сын ескертпелері мен ұсыныстарын жазып отыратын журнал аштық. Сонымен бірге бастауыш партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстарында, аудандық партия конференциясында коммунистер айтқан ұсыныстар мен сын ескертпелердің орындалу барысы туралы анықтамалар жазылып ілінді.

Жанадан құрылған кабинеттің алғашқы қадамы осындай. Әрине, бұл — ауданда істеліп жатқан алуан түрлі партиялық ұйымдастыру жұмыстарының бір бөлігі ғана. Алдағы уақытта кабинет пен оның методикалық советі өздерінің күллі жұмысын КПСС XXIII съезі алға тартқан міндеттерге сай жүргізе береді, сөйтіп бастауыш партия ұйымдары секретарьларын іскерлік пен шеберлікке баулу мектебіне айналады.

К. ХАСЕНОВ,

қоғамдық негіздегі ұйымдастыру кабинеті методикалық советінің председателі.

Ерейментау ауданы,
Целиноград облысы.

Мыс кенінде еңбек өнімділігін арттырудың жолдары

Партияның ХХІІІ съезінің шешімдеріне сәйкес үстіміздегі бесжылдықта ауыр индустрияның маңызды саласы түсті металлургияны шапшаң қарқынмен өркендету көзделіп отыр. Сондықтан да еліміздегі түсті металлургияның руда базасын ұлғайтуға зор көңіл бөлінуде.

Осы бесжылдықта Қазақстан түсті металлургиясы да ерекше өркендемек. Қазіргі кезде Қазақстан Одақта қорғасын өндіруде бірінші, мыс пен мырыш өндіруде екінші орында келеді. Республиканың түсті металлургиясы 32 түрлі өнім өндіреді. Біздің республикамыз жалпы қазба байлығы жағынан Совет Одағында алдыңғы қатардағы орындардың бірінде. Ал мыстың запасы жөнінен оған тең келетін республика жоқ. Бізде атағы әлемге әйгілі, мыс өнеркәсібінің қазыналы ордасына айналған Жезқазған, Қоңырат, Бозшакөл, Николаев, Шатыркөл секілді кен орындары бар.

Мысты мол өндіру мәселесі осы кездері жұмыс істеп тұрған рудниктерді кеңейту, жаңа рудниктерді іске қосу арқылы жүзеге асырылуда. Үстіміздегі бесжылдықта Жезқазған комбинатының құрылысын аяқтап, оның жобалық қуатын толық пайдалану көзделіп отыр. Комбинат құрылысы түгел аяқталғанда мыс өндіру 1,5 есе өсетін болады. Мыс шығару № 55 және 57 шахталарды салғаннан кейін еселеп өспек.

Бұл бесжылдықта рудаларды ашық әдіспен қазу одан әрі ұлғайтылмақ. Егер осы бесжылдықта Совет Одағы бойынша түсті металл рудасын ашық әдіспен қазу 1,5 есе өсетін болса, Қазақстанда 1,8 есе артады. Мұнда кен қазудың техникалық дәрежесін жетілдіре түсіп, еңбек өнімділігін еселеп арттырудың маңызы ерекше.

Қазіргі кезде мыс өнеркәсібінің алдында тұрған ең күрделі проблемалардың бірі — мысты ашық әдіспен қазу. Бұл орайда қол жеткен табыстар да жоқ емес. Мыс өнеркәсібінде еңбек өнімділігі өткен жылдармен салыстырғанда былтыр едәуір өсті. Қоңырат руднигінде ғана өткен жылдың бес айы ішінде еңбек өнімділігі 8 процент, Солтүстік Жезқазған руднигінде 9 процент артты.

Алайда еңбек өнімділігі жағынан республикада озаттар қатарына қосылып отырған осы Қоңырат руднигіндегі жағдайдың өзі еліміздің басқа рудниктерімен салыстырғанда онша мәз емес.

Мыс өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің төмен болуының бір себебі жұмыс уақытының дұрыс пайдаланылмауында. Жыл бойына істейтін бір жұмысшыға шаққанда Қоңырат руднигінде 8,3 адам-күн, Солтүстік Жезқазған руднигінде 15,1 адам-күн пайдаланылмай қалып жүр.

Кеншілердің жұмыстан кешігіп қалуы еңбек өнімділігінің артуына нұқсан келтірмей жүрген жоқ. Жұмысқа кешігіп келу, шықпай қалу

сияқты ұнамсыз көріністер Солтүстік Жезқазған және Қоңырат рудниктерінде жиі кездеседі.

Жұмыс күнінің дұрыс та толық пайдаланылмауының тағы бір себебі әкімшіліктің жұмысшыларға қызмет уақытында өз шаруасы үшін жұмыстан кетуіне орынсыз рұқсат беруінен болып отыр. Мұндай рұқсат зерттей келгенде көбінесе дәлелсіз болып шығады. Бұған қатаң шек қою қажет.

Еңбек өнімділігін арттыра түсудің тағы бір жолы — жұмыссыз тұрып қалуды болдырмау. Әр жұмысшыға шаққанда жұмыссыз тұрып қалудан республиканың мыс рудниктерінде жылына 0,4 адам-күн босқа кетеді. Егер еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыра алсақ, мұнша жұмыс уақыты босқа ысырап болмас еді. Бұл да ойланатын жай.

Еңбек өнімділігі дәрежесінің өсуіне кадрлардың тұрақтамауы да елеулі әсерін тигізуде. Бір ғана Солтүстік Жезқазған руднигінде соңғы жылдары маман жұмысшылардың тұрақтамай, ауысып кетуі 27 процентке жеткен. Бұл, әрине, тәзгісіз жағдай.

Анықтай келгенде кетушілердің көпшілігі жұмыстан өз тілектері бойынша босанған. Олардың дені мыс кенінде бар болғаны екі жылға жуық қана еңбек еткен. Республиканың мыс рудниктерінде көбінесе шоферлер, электрослесарьлар, электромонтерлер, стрелкашылар, жол караушы жұмысшылар, машинистердің көмекшілері секілді мамандар жұмыста тұрақтамай жүр. Осы мамандықтар бойынша ауысқан жұмысшылар саны Солтүстік Жезқазған руднигінде 47 процент, Қоңырат руднигінде 40 процент болған. Әрине, мұндай жиі ауысушылықтың жұмысқа тигізер кесірі мол.

Мамандардың тұрақтамау себебі онда сол кадрларды даярлайтын курстың жоқтығынан болса, екіншіден, рудникте қосымша атқарылатын жұмыстар механикаландырылмаған. Оның үстіне өндіріс нашар ұйымдастырылғандықтан механизмдердің жүруінен тұруы көп, мамандар жұмыстың шешуші салаларына дұрыс орналастырылмаған.

Еңбек өнімділігін арттыруда смена ішінде босқа кететін уақытты есептеп, білудің маңызы зор. Ашығын айтсақ, күні бүгінге дейін бұған онша мән берілмей келеді. Асылында смена ішінде көп уақыт босқа ысырап болып жүр. Бұл күндері практикада кәсіпорын кінәсінен босқа кеткен уақыттың 30 минуттан арғысы ғана есептеліп, оған ақша төленеді. Ал оның бер жағындағы уақыттың ескерілмей қалатыны өкінішті-ақ.

Солтүстік Жезқазған руднигінде смена ішінде есепке алынып, босқа кеткен уақыт 1 процент мөлшерінде деп саналып келген болса, біз жүргізген зерттеудің (барлық жұмыс уақытын есептеу арқылы) қорытындысы 27 процентке жуықтады. Қоңырат руднигіндегі жағдай да дәл осындай.

Жүргізілген зерттеулер жұмыс уақытының текке шығын болуына қарсы шұғыл шаралар қолданудың өте маңызды екенін байқатады. Мысалы, себепсіз жұмыстан кешіруді толық жойып, сырқаттанғанда кететін жұмыс уақытын жылына әр жұмысшыға шаққанда 4,5 адам-күнге түсіріп, сұранып кетушілікті 2 есе кемітсе, Қазақстанның мыс кеніндегі жұмысшылардың руда өндірудегі орташа жылдық еңбек өнімділігі 3 процент көтерілетін болады. Смена ішіндегі текке кететін уақытты қысқартатын болса, онда мыс кендеріндегі орташа жылдық еңбек өнімділігін 12 процентке арттыруға мүмкіндік бар.

Мыс рудниктеріндегі еңбек өнімділігінің төмен болуына карьерлерде істейтін кен транспортының әлі өз дәрежесінде істей алмай жүргені кері әсерін тигізуде.

Республиканың мыс кендерінде жұмыс істейтін экскаваторлардың өнімділігі еліміздің басқа карьерлерінде жұмыс істейтін техникаларға қарағанда әлдеқайда төмен. Соңғы жылдары Қоңырат, Солтүстік Жезқазған рудниктеріндегі экскаватор паркі еңбек өнімділігін біршама жо-

ғарылатқанына қарамастан, олар межелі нәтижеге жетіп отырған жоқ. Қоңырат пен Солтүстік Жезқазған руднигіндегі шөмішіне бір текше метр руда сиятын экскаваторлардың өнімділігі Кривой Рог комбинатында жұмыс істейтін осындай экскаватордан 30 процент төмен.

Қазақстан мыс кендеріндегі экскаваторлар өнімділігінің төмен болуы олардың уақытты тиімді пайдаланбауынан деп білу керек. Забойлардағы экскаваторлар тез зақымданып, жиі тоқтап қала береді. Сонымен бірге жұмыс қызған шақта линияға электр қуаты уақытылы жіберілмейді. Уақыттың дұрыс пайдаланылмауының тағы бір себебі — карьерлердегі техниканың күрделі жөндеуден өтерде ұзақ тұрып қалуы.

Экскаваторларды тиімді пайдалану үшін олардың бұрыннан келе жатқан ескіргендерін осы заманғы неғұрлым қуатты машиналармен ауыстыру қажет: Сол секілді забойларды алдын ала әзірлеп, жөндеу жұмыстарының сапасын жақсарту керек. Экскаваторлардың тоқтаусыз жұмыс істеуі темір жол транспортына тікелей байланысты. Көп жағдайда электровоздардың жұмыс істеуінен тұруы көп екенін де жасыруға болмайды. Мысалы, Қоңырат руднигінде электровоздардың 40 проценті, думпкар паркінің үштен бір бөлігі жұмыссыз, босқа тұрып қалып жүр. Мұның өзі негізінен электровоздарды күрделі жөндеуден өткізу мәселесінің біржола шешілмей, думпкарларды жөндеуге қажетті металдарды дер кезінде жеткізбей жүргендіктен екенін баса айтқан орынды. Электровоздардың жұмыс өнімділігін арттыру үшін оларды 3 мың вольттық электр линиясына қосып, «Ел—2» электровозды контактiлi-дизельдi етiп қайта жабдықтау қажет. Мұның өзі электровоздар қуатын тиімді пайдалануда бір адым ілгері басқандық болар еді. Біздіңше республика көлемінде электровоздарды күрделі жөндеуден өткізетін завод салса, нұр үстіне нұр болар еді.

Республиканың мыс рудниктерінде автомобиль транспортының қолданылуы жаман емес. Солтүстік Жезқазған руднигінде жүкті өздігінен түсіретін самосвалдардың өнімділігі еліміздің түсті металл өндіретін басқа карьерлеріндегі машиналарға қарағанда анағұрлым жоғары. Әйтсе де бұл бағыттағы жұмыстарды әлі де болса жетілдіре берген жөн.

Уақыт талабына сай бұрғылау жұмыстарын да жетілдіре түсу керек болып отыр. Ол үшін қазіргі кезде көп қолданылып жүрген шағын қопару орнына аумақты қопару әдісін пайдалану жөн секілді.

Еңбек өнімділігін арттыру бағытында жүзеге асырылатын шаралардың бірі — руданың шашылып төгілуін тыю. Түсті металлургияның жер асты рудниктерінде өндірілетін руданың 15 проценті, ашық әдіспен қазылатын мыс рудасының 4,5 проценті шашылып ысырап болуда. Бұл кемшілікті дереу жою керек.

Қазіргі кезде социалистік жарыстың жаңа формасы — коммунистік еңбек бригадасы атағын алу жолындағы күрестің кең етек жайып отырғаны мәлім. Рудниктердегі коммунистік еңбек бригадаларына еңбек өнімділігін еселеп арттыруда ерекше міндет жүктелуде. Олар бұл міндетті ойдағыдай орындап та келеді. Бұл орайда жалпы кеншілер қауымына коммунистер үлгі көрсетуде. Мысалы, Қоңырат руднигінде 30 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан экскаваторлар бригадасының бригадирі коммунист І. Сүндетов, машинист П. Қожушко, кеншілер Я. Паратенко, Г. Григорьев, Ю. Нетесов, С. Гончаренко осындай адамдар.

Мыс кендерінде еңбек өнімділігін арттырудың барлық мүмкіндігін толық пайдалана отырып, ұлы Отанымыздың күш-қуатын нығайтуға өте қажетті аса бағалы түсті металл — мысты барынша мол шығару бүгінгі таңдағы басты міндеттердің бірі.

Ж. ДАЙЫРБЕКОВ,
экономика ғылымының кандидаты,
В. ҚАЛҚАМБАЕВ,
экономист.

Байлық бұлағы

Халықтың әл-ауқатын жақсарту беру — Коммунистік партия мен Совет үкіметі көздеген негізгі мақсаттың бірі. Халық тұрмысының үздіксіз жақсаруы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының даму дәрежесіне тікелей байланысты. Сондықтан да социалистік өнеркәсіппен бірге ауыл шаруашылығын ғылыми негізде ұйымдастыра отырып, оны жоғары қарқынмен өркендетуге партия мен үкімет күнделікті қамқорлық жасауда. КПСС Орталық Комитетінің май (1966 ж.), октябрь (1968 ж.). Пленумдары ауыл шаруашылығын дамытудың, көкейтесті мәселелерін қарап, жан-жақты шешіп берді, атап айтқанда егіннен және басқа да дақылдардан тұрақты да мол өнім алу үшін жерді мелиорациялау жұмысын кең өрістетуге, суармалы жерлерді тиімді пайдалану міндеттерін алға қойды.

Академик А. И. Прасоловтың есебі бойынша дүние жүзіндегі егіншілік үшін игерілген жердің 13 проценті ғана суармалы. Ал осы жерден түсетін өнім қалған 87 процент суарылмайтын жерден алынатын өнімге тең. Бұл — суарылатын жердің әр гектары суарылмайтын жердің жеті гектарына татиды деген сөз. Ал біздің елде ауыл шаруашылығындағы егістік жердің тек 2 проценті ғана суарылады. Осы жерден түсетін өнім ақшаға шаққанда бүкіл егіншіліктен алынатын өнімнің 14 процентіне тең. Мұның өзі суармалы жердің қаншалықты тиімді екенін көрсетеді. Сондықтан да біздің үкімет жерді суландыру, мелиорациялау сияқты игі істерге мол қаржы беріп отыр. Май Пленумының шешімдеріне сәйкес таяудағы он жылда еліміздегі суармалы жердің көлемі 8 миллион гектарға дейін ұлғайтылмақ. Осы мақсатқа арналып бір бесжылдықта 10 миллиард сом қаржы жұмсалмақ.

Қазақстан суармалы жер көлемі жөнінен Өзбекстан мен РСФСР-ден кейін үшінші орында. Біздің республикада 1 300 мың гектар суармалы жер бар. Осы жерден алынатын өнімді ақшаға шаққанда оның көлемі республика егістігінің бәрінен түсетін табыстың 20 процентіне тең. Яғни республикадағы бір гектар суармалы жер өзінің өнімділігі жөнінен суарылмайтын алты гектар жерге бара-бар. Біздегі дәнді дақыл егісінің дені құрғақшылыққа көбірек ұшырайтын аудандарда. Сондықтан КПСС Орталық Комитетінің май (1966 ж.) Пленумының шешімдерінде белгіленген нақты шараларды жүзеге асырудың Қазақстан үшін маңызы ерекше. Таяудағы он жылда республикадағы суармалы жердің көлемін бір миллион гектар ұлғайту көзделіп отыр. Оның 300 мың гектары үстіміздегі бесжылдықта суландырылмақ. Бесжылдықта республикадағы мелиорация шараларына арналып соңғы бес жыл бойына жұмсалған қаржыдан 5 есе көп қаржы бөлініп отыр. Жерді мелиорациялау шараларын толық жүзеге асырған кезде колхоздар мен совхоздар суармалы жерден астық өндіруді 2 миллион тоннаға дейін, оның ішінде күріш өндіруді 340 мың тоннаға дейін жеткізе алады. Мұның өзі Қазақстанның елімізді астықпен қамтамасыз етудегі ролін бұдан да жоғары көтере түседі.

Қазақстанда су көздері өте мол, бізде он мыңдай өзен, мыңдаған көлдер бар. Жер астындағы сулар тіпті есепсіз деуге болады. Осыншама байлық бұлағы келешекте 60 миллион гектар жерді суландыруға жұмсалмақ. Мұның үстіне мол суды еліміздің басқа аудандарынан бұрып әкелу де жоспарланып отыр.

Егілген егіске құнарлы топырақпен қоса күн және су керек. Сондықтан да үнді халқы: «Күн егіннің әкесі болса, су шешесі» деп бекер айтпаған. Отанымыздың оңтүстік аудандарында жаңбыр жеткіліксіз болғанымен, күн сәулесі мол, бұлтсыз күндер көп. Егер осы жерлерді суармалы етсе, онда өнімнің еселеп өсері даусыз. Су керек уақытында мөлшерлеп берілетіндіктен суармалы жерлер табиғаттың ешбір құбылысына тәуелді болмайды. Оның

үстіне оңтүстік аудандарда күннің қызуын көп қажет ететін аса бағалы мақта, қант қызылшасы, темекі, кендір, күріш, тары, сондай-ақ бақша дақылдарынан қауын, қарбыз; жемістерден алма, алмұрт, өрік, жүзім, алқоры, шабдалы жақсы өсіп, мол өнім береді.

Суармалы жерлерге озат агротехниканы дұрыс қолданып, тыңайтқыштарды орнымен пайдаланып, мелиорациялық шараларды жақсартса түссе, әрбір гектардың берер өнімін бірнеше есе арттыруға болады. Ақ күріштің атасы Ыбырай Жақаевтың әр гектардан 171 центнерге дейін күріш, дақты диқан Шығанақ Берсиевтің жердің әр гектарынан 201 центнерге дейін тары алғаны, республикамыздың шебер қызылша өсірушісі Ольга Гоноженконың қызылшаның әр гектарынан 1500 центнер өнім жинағаны баршаға мәлім.

Әрине республикадағы суармалы жердің бәрінде бірдей мұндай көрсеткіштерге жету қиын. Дегенмен осының өзі ерінбей еңбек етіп, бабын таба білсең, суармалы жердің мол мүмкіндігі барлығын байқатады. Озат тәжірибелер мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің деректері суармалы жерлердегі дәнді дақылдардың түсімін гектар сайын орта есеппен 35—40 центнерге жеткізуге болатынын дәлелдейді.

Суармалы жердің экономикалық тиімділігін айтқанда мынаны еске алу керек. Әдетте суарылмайтын жердің әр гектарынан алынған өнімнің құны орта есеппен 150 сомнан аспайды. Ал Қазақстан жағдайында әр гектардан жиналатын қант қызылшасы 750 сом, мақта 1200—1300 сомға дейін, ал күріш одан да мол табыс береді.

Республикамызға әйгілі Ленин орденді Алматы темекі совхозының суармалы жерлерде қол жеткен жетістіктері тіпті тамаша. Бұл совхозда әрбір гектар темекі орта есеппен 6197 сом, ал кейбір озат бригадаларда 8694 сомға дейін табыс береді.

Суармалы жерлерді игеру мемлекетке арзанға түспейді. Бұл жерлерге каналдар қазып, су жеткізу, жердің мелиорациялық жағдайын жақсарту, тұрғын және мәдени-тұрмыстық жайлар салу үшін аз қаржы жұмсалмайды. Дегенмен ол жұмсалған қаржылар алғашқы жылдардың берген өнімімен өтеледі де, кейінгі жылғы өнімдер таза табысқа баланады. Қазақстан жағдайында мақта егу үшін жұмсалған қаржы 3 жылда, қант қызылшасын егу үшін жұмсалған қаржы 4—5 жылда, күріш егуге жұмсалған қаржы 3,5 жылда, ал овощ және мал азықтық егістіктерге жұмсалған қаржы 2,5 жылда өтеледі.

Суармалы жерлердің берері көп. Бұл жерлерден жылына екі рет өнім алуға болады. Өкінішке қарай, оңтүстік облыстардың диқандары бұл мүмкіндікті пайдаланбай келеді. Шынында оңтүстік облыстарда тез пісетін дәнді дақылдарды немесе картопты жинап алғаннан кейінгі вегетативтік уақыттың өзі Алматы облысында 70—80 күн, ал Шымкент облысында 90—110 күнге дейін созылады. Осы мерзімнің ішінде аңызға екінші бір дақылды егіп, оны жинап үлгеруге болады.

Бұл орайда аздаған тәжірибе де бар. Шымкент облысы, Сарыағаш ауданының Карл Маркс атындағы совхозында көптен бері тез пісетін негізгі бидай, арпа дақылдарынан кейін аңызға мал азығы үшін жүгері егіліп жүр. Астықтың өнімі 30 центнерге жетсе, аңызға егілген жүгері гектарына 600—650 центнерге дейін көк балауса береді. Аңыздыққа жүгеріден басқа күнбағыс, сұлы, сорго тағы басқа мал азығындық дақылдар егуге болады. Алматы және Жамбыл облыстарының кейбір шаруашылықтарында осындай тәжірибелер бар. Аңызды екінші рет пайдалану суармалы гектардың тиімділігін арттыра түседі. Сайып келгенде, мұның өзі қолда ұсталатын сауын малды қыста сүрлеммен, жазда көк шөппен қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Астық — ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішіндегі ең бастысы. Солай бола тұрса да, соңғы жылдарға дейін республикамызда суармалы жерлерге бидай егуге, оның түсімін арттыруға жөнді көңіл бөлінбеді. Суармалы жерге егілген бидайды уақтылы суару, жердің мелиорациялық жағдайын жақсарту, сортты тұқымдар себу шаралары жүргізілмеді. Міне осының салдарынан 1964—1965 жылдары республикада суармалы жердің гектарынан алынған

астық өнімдері орта есеппен 11—15 центнерден, оның ішінде бидай 9—10 центнерден аспады.

Тек кейінгі жылдары ғана республиканың партия, совет, ауыл шаруашылық органдары май Пленумының шешімдерінен тиісті қорытынды шығара отырып, суармалы жерлерге астық егуге, оның ішінде бидай егуге көп көңіл бөле бастады.

Суармалы жердің әр гектарына жұмсалған қаржы мен еңбек осы жерден алынатын өнім 20 центнер болған күнде ғана ақталады. Көптеген шаруашылықтар мұндай көрсеткіштерге жетіп қана қоймай, одан анағұрлым асып түсіп отыр. Мысалы, Жамбыл облысының Қордай ауданында 1967 жылы барлық 20 мыңдай гектар суармалы егістіктің әр гектарынан 20—25 центнерден өнім алынды. Сөйтіп Қордай ауданы бүкіл егістігінің алтыдан бір бөлігі ғана болған суармалы жер есебінен мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындады. Ал суарылмайтын жердің қалған бес бөлігінен алынған өнім жоспардан тыс міндеттеме есебіне тапсырылды. Алматы облысы, Іле ауданының «Алматы» колхозының диқандары 1967 жылы 700 гектар бидай егісінің әр гектарынан 41 центнерден, ал Ә. Исаев басқарған бригада 50 гектар суармалы бидайдың әр гектарынан 57 центнерден өнім алды. Қордай ауданының «Трудовик» колхозында А. Козлова басқарған бригада 178 гектар бидайдың әр гектарынан 52 центнерден өнім жинады. Мұндай аса мол өнім бидайдың «Безостая-1» сортынан алынуда. Сондықтан да келешекте бұл сортты суармалы жерге көптеп егуге көңіл бөлу қажет.

Республиканың оңтүстік облыстары суармалы егіншілік жөнінде ерекше орын алады. Қызылорда облысында суармалы жерлерден алынған өнімнің табысы бүкіл егіншіліктен түсетін өнімнің құнына тең. Шымкент облысында суармалы жер жалпы егіс көлемінің 93 проценті, Алматы облысында 80 проценті, Жамбыл облысында 70 проценті болып отыр. Келешекте суармалы жердің көлемі еселеп арта түспек. Бұл облыстарда күн көзін сүйетін, халық шаруашылығына өте қажетті мақта, қант қызылшасы, темекі сияқты техникалық дақылдар мен бау-бақша жемістері тамаша өнім береді. Сонымен бірге бұл аймақта жаздың ұзақтығы суармалы жерден жылына екі рет өнім алуға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, суармалы жер — ағыл-тегіл байлықтың көзі. Барынша тиімді пайдаланған күнде мұның өзі колхоздар мен совхоздардың экономикасын мықтап көтеруге, ауыл шаруашылығын жедел өрге бастыруға, елімізде астық молшылығын жасауға үлкен септігін тигізбек.

Е. ЖАМАЛБЕКОВ,
ауыл шаруашылық ғылымының кандидаты.

Халық дәулетін күзетушілер

КПСС XXIII съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, республикамыздың еңбекшілері халық шаруашылығын өркендетуде, өндірістің тиімділігін онан әрі арттыруда айтарлықтай табыстарға жетті. Жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне көшудің нәтижесінде экономикалық дамудың қарқыны едәуір тездетілді, кәсіпорындардың мемлекет алдындағы міндеттемелерін орындау, материалдық, еңбек ресурстарының көзін тауып пайдалану жөніндегі жауапкершілігі арта түсті. Шаруашылықты басқарудың жаңа жүйесі — ұшан-теңіз ішкі резервтер мен мүмкіндіктерді тауып пайдаланудың сенімді кілті.

Әрине, бұл мүмкіндіктер өздігінен іске қосылмайды, кемшілік атаулы жойыла салмайды. Бұл үшін қажырлы күрес жүргізу керек болады. Ең алдымен ысырапқорлық пен қырсыздық атаулыны, қаржыны ұқыпсыз жұмсауды жою қажет.

Республиканың халық шаруашылығында өнімсіз шығындардың салдарынан жылма-жыл қыруар қаржы босқа кетеді. Мұндай шығындар 1966 жылы 166,3 миллион сом, ал 1967 жылы 147,5 миллион сом болды. Көптеген тексеру материалдарын, шаруашылық органдарының есебін үңіле, бажайлап қарайтын болсаңыз, мынаны байқау қиын емес: әлгіндей шығындар көп жағдайда товар мен материалды ысырапқа салудан, оларды сақтауға салақ қараудан, өндірісті ұйымдастырудағы кемшіліктерден, үнем тәртібін енгізуге финанс бақылауының нашарлығынан болады.

Өнімсіз шығындардың дені — әртүрлі айып салықтары. Бесжылдықтың алғашқы жартысында олар 50 миллион сомнан асып түсті. Бұл айыптар көбінесе келісім шарттарын бұзудың салдарынан төленеді. Өнімді уақтылы бермеу немесе кем беру, сапасыз өнім беру, әртүрлі материалдық игіліктерге, көрсетілген қызметке ақы төлемеу, жүктасу құралдары мен транспортты уәделі кезінде пайдаланбау, жүк тиеу жоспарын орындамау, вагондардың және басқа да транспорттың бос тұрып қалуы сияқты толып жатқан иесіздік, салақтық фактілері осындай қолайсыз жайларға апарып соғатыны мәлім.

Ауыл шаруашылығындағы жағдайды мысалға алайық. Мәселен, республиканың мал шаруашылығында өнімсіз шығындар әлі күнге тым көп. Малдың өлім-жітімге ұшырауы, кей жерлерде тіпті апат болуы жойылған жоқ. Мұның негізгі себептері — жемшөптің кемістігі, қоралардың жеткілікті салынбауы, малды бағып-күтудің нашарлығы, мал дәрігерлік қызметінің тиісті дәрежеде болмауы.

Қайсыбір жерлерде «мал болған соң шетінемей тұра ма» дейтін жаңсақ пікір орын тепкен. Содан барып мал шығынына қарсы күрес ісіне едәуір нұқсан келеді. Ал істің шын мәніне келетін болсақ, берік жемшөп қоры, жылы қора-жайы, қоғам малын аман сақтауға деген ынтықыласы бар жерде ешбір шығынға жол бермеуге болатынын тәжірибе дәлелдеп отыр.

Орал облысында өткен қыс тым жайсыз болғаны жұртқа мәлім. Сөйтсе де облыстың кейбір аудандары 1968 жылы мал шығынын едәуір қысқартып, биылғы мал қыстату науқанына үлкен абыроймен кірісті. Мысалы, Бөрлі, Теректі, Приурал, Камен аудандарының шаруашылықтарында ірі қараның шығыны өткен жылғыдағысынан әлдеқайда кем болды.

Бұл — ең алдымен сол аудандардағы малшылар қауымының, партия ұйымдарының қажыр-қайратының жемісі. Сонымен бірге мұнда

қырағы көз халық бақылаушыларының да лайықты үлесі бар екенін айта кеткен жөн. Шевченко атындағы колхоздың халық бақылаушылар тобы жүргізген игі істерді мысалға алайық (топ председатели Ряшницев жолдас). Ол үнемшілдік пен ұқыптылық жолындағы күресте колхоз басқармасына елеулі көмек көрсетті. Басқасын былай қойғанда, мал қыстатуды ойдағыдай өткізу жолында халық бақылаушылары қыруар іс тындырды. Бақылау тобының мүшелері И. Дворянов пен К. Гринутова, селолық Советтің депутаты Дудокалов, «комсомолдық прожектордың» мүшесі В. Портье мал қыстатудың барысын тексере жүріп, жемшөптің ұқыпты жұмсалмайтынын, мал фермаларындағы өнім сапасы төмен екенін анықтаған. Халықтық бақылау тобы дереу дабыл көтеріп, колхоз коммунистерін, бүкіл малшыларды байқалған кемшіліктерді жоюға жұмылдыра білді. Бұдан былайғы жерде мал қыстатудың барысы қырағы көздердің назарынан түскен жоқ. Соның нәтижесінде жұмыс оңға басты. Өнім сапасы да жақсарды. Бұрын май заводы сапасы нашар сүтті колхозға әлденеше рет қайтарған болса, былтыр ондай жай қайталанған жоқ.

Тексеру қорытындылары колхозшылардың жалпы жиналысында талқыланып отырады. Мұның өзі халық бақылаушыларының жұртшылық алдындағы беделін арттыра түсуде.

Бұл бірен-саран ғана кездесетін жай емес. Партияның, үкіметтің нұсқаулары мен директивалары қалай орындалып келе жатқанын қалтқысыз бақылауға ала отырып және партия ұйымдарының көмегіне сүйеніп, республиканың халықтық бақылау органдары өнімсіз шығындардың барлық көрінісіне, ұқыпсыздық пен иесіздік атаулыға қарсы аяусыз күрес жүргізіп келеді. Осы бағыттағы жұмыс барлық халықтық бақылау комитеттерінің, көптеген топтар мен постылардың практикалық қызметіндегі негізгі арқауға айналған. Бұл күрес қазір жаппай сипат алды, оған мындаған адам қатысуда.

Соңғы жылдары көптеген облыстарда, аудандарда үнемшілдік пен ұқыптылық мәселесіне арналған экономикалық конференциялар өткізілді. Сонымен бірге бұл мәселе партия және шаруашылық активтерінде, жергілікті Советтердің сессияларында кеңінен сөз болды.

Халықтық бақылау топтары мен комитеттерінің басым көпшілігі өндіріс экономикасына терең бойлап, өнімсіз шығындар жөніндегі деректерді егжей-тегжейлі талдауға дағдыланды. Мұндай шығындарды қысқартуға немесе толық жоюға бағытталған шаралар қалай жүзеге асырылып отырғаны мұқият бақылауға алынды. Осының бәрі рәсуаны болдырмауға, өндірістің пайдаланылмай жатқан резервтерін тауып, іске қосуға мүмкіндік беруде.

Солтүстік Қазақстан облысындағы Совет ауданына қарасты Чапаев атындағы совхоз халықтық бақылау тобының іс тәжірибесі үлгі аларлық (председатели В. Прибоченков жолдас). Оның қатарында 75 бақылаушы болса, солардың 41-і коммунист. Бақылау тобына совхоз өндірісінің алуан саласынан мамандар тартылған, онда комбайншылар мен тракторшылар, шоферлар мен малшылар бар. Мұның өзі шаруашылықтың барлық буынын тегіс қамтып, өндірістің, мәдени-тұрмыс жағдайының әр қырын бақылауға, алда тұрған міндеттерді ойдағыдай шешу үшін партия ұйымына елеулі көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Халықтық бақылау тобы әр тоқсанға арнап жасалатын жоспар бойынша жұмыс істейді. Жоспарға арқау болатын өзекті мәселе — өнімсіз шығындарға, ысырапқорлық пен иесіздікке қарсы күрес, үнемшілдік тәртібін қатаң қадағалау жайы.

Өнімсіз шығындар мен ысыраптың себептерін талдай келіп, халықтық бақылау тобы мынаны байқады: вагондардың бос тұрып қалуы мен шаруашылық келісімдерінің сақталмауы үшін төленетін айып кемудің орнына арта түсіп келеді. Егер мұндай шығындар 1966 жылы бір

мың сом болса, 1967 жылы 4 мың сомға дейін жеткен. Бақылаушылар мен осы жұмысқа қатыстырылған бухгалтерлер айып төлеуге соқтырған әрбір жағдайды терең талдай келіп, өз ұсыныстарын айтты. Совхоз басшылығы мен партия комитеті кемшіліктерді жоюдың нақты шараларын қолданды. Нәтиже де айтарлықтай: Мысалы, қазір совхоз вагондардың бос тұрып қалуы үшін төленетін айыптан біржола құтылды.

Жанар және жағар майдың сақталуы мен жұмсалуын тексеру де осындай игі жемісін берді. Оған совхоз директорының орынбасары, бөлімше басқарушылары, бригадирлер мен май құюшылар қатысты, қырағы көзді бақылаушылар бұл салада төзгісіз кемшіліктер бар екенін, техникалық жолмен негізделген норманың жоқтығынан, иесіздіктің етек алуынан ай сайын қыруар жанар май мен жағар май рәсуа болатынын анықтады. Тексерудің қорытындысы халықтық бақылау тобының бюро мәжілісінде талқыланып, жанар майды үнемдеп жұмсауға бағытталған нақты шаралар белгіленді. Бұл шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде 1967 жылы 2 835 сомның жанар және жағар майы үнемделген болатын. Өткен жылы да бұл бағытта тындырылған жұмыс аз емес.

Халық бақылаушыларының игі істері мұнымен шектелмейді. Партия мен үкімет директиваларының орындалуына күнделікті бақылау жасай отырып, олар жаңалық атаулыны өмірге батыл енгізуде де бастауыш партия ұйымының сенімді қолғанаты болып отыр.

Бақылау тобы өз жұмысының өрісті де жариялы болуына ерекше ден қояды. Бұл үшін ол совхоз жұмысшыларымен, мамандарымен қоян-қолтық жұмыс істейді. Мәселен, 1967 жылы өткізілген тексерулерге қатысқан 120 адамның 78-і әртүрлі салада еңбек етіп жүрген қатардағы жұмысшылар болатын. Сонымен бірге тексеруге қатысқандардың үштен бірі совхоз мамандары болғанын да айта кету керек.

Чапаев атындағы совхоздың халық бақылаушылары мұндай ұйымшылдыққа қалай жетті деген сұрақ тууы заңды. Мұның басты себебі—совхоз партия ұйымының және партком секретары Я. Погуляев жолдастың күнделікті бақылау-басшылығында деуіміз керек. Мәселен, бақылау тобы бюросының бірде-бір мәжілісі партком секретарының немесе мүшесінің қатысуынсыз өткен емес. Бақылаушылардың жұмысы партия жиналыстарында жиі-жиі қаралады. Мысалы, 1967 жылы жалпы совхоздың бақылау тобы партия жиналысында үш рет, ал бөлімшелердегі бақылау топтары бірнеше реттен есеп берді. Бұл дәстүр алдағы уақытта да жалғаса берсе нұр үстіне нұр.

Республиканың халықтық бақылау органдары мемлекет дәулетін көздің қарашығындай сақтау жолындағы күресте бай тәжірибе жинақтады.

Қырағы көзді бақылаушылар өздерінің игі істерін бір сәтке тоқтатқан емес. Олар ысырапқорлық, рәсуә, иесіздік атаулыға қарсы күрестің ұтымды формаларын кеңінен пайдаланып, еңбекшілердің сенімі мен құрметіне бөленуде.

Үнемшілдік пен ұқыптылық жолындағы жең өріс алған жорықтың нәтижелерін түгел көрсету мүмкін емес. Әйтседе ол аса зор экономикалық пайда беріп қана қоймай, сонымен бірге шаруашылық есепті жаппай енгізу, мемлекеттік тәртіпті нығайту, шаруашылық реформасын ойдағыдай жүзеге асыру ісіне өлшеусіз көмек көрсететіні сөзсіз.

Т. МАҚАШЕВ

Қазақ ССР Халықтық бақылау комитетінің инспекторы.

Шұғыл шешуді қажет ететін мәселе

Ас — адамның арқауы дейді халық мақалы. Дәмді тағам, тәтті ас совет адамдарының шат көңілді болып, жақсы тұрмыс құруына, жұмыстағы еңбек өнімділігін еселеп арттыруына сөзсіз жәрдемін тигізеді.

Республикамыздың тамақ өнеркәсібі саласында қол жеткен табыстары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің VI пленумында атап көрсетіліп, кемшіліктер сынға алынды. Пленум бүгінгі өскелең талапқа сай тағамдардың түр-түрін көбейтуге ерекше көңіл бөлді. Бізде шұжық, сосиска, сарделька секілді ысталған тағам түрлерінің аздығы атап көрсетілді. Сыр, қаймағы алынған сүттен жасалған түрлі өнімдер өндірудің көлемі аз. Сол секілді ұлттық тағамдар және сүт өнімдерінің жасалуы да өз дәрежесінде емес. Сондықтан тамақ өнеркәсібін жан-жақты өрге бастыруды қазіргі кезде өмірдің өзі өктем талап етіп отыр. Ол үшін ең алдымен тамақ өнеркәсібіне білгір де білімді мамандар қажет.

Тамақ өнеркәсібі үшін маман кадрлар даярлаудың маңызы барған сайын өсіп отырғанын айтпауға болмайды. Қазір біздің өндірісіміздің көлемі бұрынғыдан бірнеше есе өсіп, оның тараулары мен салалары көбейген. Мұның өзі сан алуан мамандықтағы кадрларды қажет етіп отыр. Осыған сәйкес өндіріс мәселесін жан-жақты біліп, шешу үшін арнаулы білім болуы қажет. Мұның үстіне қазір өндірісте алуан түрлі жаңа техника қолданылады. Қазіргі өндіріс механика, автоматика, электрлендіру негізінде жүргізіледі. Демек, бұл процестердің тілін жетік білуге де арнайы мамандық керек. Өндірістің тиімділігі мен нәтижелілігі ең алдымен товардың сапасына қарай, өнімін сатып алушылардың талғамына сай келуіне, оның өтімділігіне қарай бағаланады.

Осы кезде жүзеге асырылып жатқан жаңа экономикалық реформа кадрлардан жан-жақты маман болуды, экономикалық білімді терең меңгеруді талап етеді. Бірақ республиканың тамақ өнеркәсібінде істеп жүрген мамандар құрамы, сапасы ойлағандай емес екенін айта кету қажет. Бұл саладағы басқару және инженер-технолог қызметінде жүргендердің ішінде жоғары білімділер 25,5 процент, арнаулы орта білімі барлар 36 процент, орта мектеп бітіргендер 16 процент қана болып отыр. Қазір инженер-технолог қызметін атқарып жүргендердің үштен астамы практиктер.

Тағы бір мысал. Тамақ өнеркәсібіне қарасты бас басқармалар жетекшілерінің тек 43,6 процентінде жоғары, 37,9 процентінде арнаулы орта білімі бар. Басқа қызметкерлер арнаулы білімі жоқ практиктер. Сол сияқты бас инженер, механик, энергетик мамандығын атқарып жүргендердің 21,5 проценті арнаулы білімі жоқтар.

Енді республикамызда тамақ өнеркәсібіне қажетті кадрлар даярлау мәселесінің жайына тоқталайық. Мамандардың осыдан бірнеше жыл бұрын алған білімдері қазіргі талапқа сай келмейтіндіктен олардың техникалық білімін көтеру керек болады. Сондықтан да көптеген практиктерді қысқа мерзімді курстарда оқыту, мүмкіндігінше олардың сырттан оқуына жағдай жасау қажет. Қазір Жамбылда жеңіл және тамақ өнеркәсібі технология институты және оның Алматы мен Семейде филиалдары бар. Бұл филиалдар кадрларды негізінен сырттан оқыту арқылы даярлайды. Әртүрлі курстар арқылы мамандардың білім дәрежесін көтереді. Дегенмен қазіргі күйінде бұл филиалдардың замана талабына сай жоғары білімді кадрларды жеткілікті мөлшерде даярлай алмайтыны даусыз.

Біздің ойымызша, халық шаруашылығының күрделі саласы — тамақ өнеркәсібіне аса қажетті кадрлар даярлайтын жоғары оқу орнын ашу маңызды міндеттің бірі. Мұндай оқу орнын ұйымдастыруға бізде мүмкіндік бар. Мысалы, қазір республиканың Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі Жамбыл технологиялық институтының Алматыдағы сырттан оқыту филиалы негізінде Алматы тамақ өнеркәсібінің технологиялық институтын ашуды ойластырып отыр. Бұл филиалдың күндізгі, кешкі және сырттан оқытатын бөлімдері бар. Ондағы екі факультетте оқитын студенттер де аз емес. Педагог ғалымдар да жеткілікті. Лабораториялар баршылық, олар қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Қорыта айтқанда, осы филиалды Алматы тамақ өнеркәсібі технология институты етіп қайта құруға жағдай бар. Ол үшін ең алдымен оқу корпусы қажет. Біздіңше, осы аталған оқу орнын тезірек ұйымдастыруды шұғыл қолға алған мақұл.

Х. БАЙМЕНДИН,
тарих ғылымының кандидаты.

С. ОМАРОВ,
экономика ғылымының кандидаты.

БАСШЫ ӘРІ ТӘРБИЕШІ

Сөзге сараң, іске жомарт жан. Сондықтан да Сейілбекпен сөйлесулеріңіз тым қиынға түсер деген тұспалды күдік көп айтылды ол жайында. Ақиқатын айтсақ бізді ынтықтыра түскен де осындай күдік сөздер болатын. Есімі облысқа әйгілене бастаған, іскерлігіне ұяңдығы қарама-қарсы басшымен тіпті тілін тауып шүйіркелесе алмаған күнде бірер жыл беделінде-ақ байлығы шалқып, дәулеті тасыған, совхоз өмірімен танысу да бір ғанибет емес пе деген берік тоқтамға тіреліп едік іштей. Сонымен жолдамыз. Бағытымыз — «Бостандық» совхозы.

Ақкөлден шыға ағыстай аққан машина ең даланың өңіріне ақ шаңнан өрнек сала өрлей жөнеді. Көз жеткен жердің көк жиегіне дейін келіп жатқан манғаз дала. Қоңыр күздің шуағына төсін төсеп, кербезденген кең жазық жатыр алдымызда. Маңайда ұшар басы қияға кезелген құз да, заңғар тау да, ең әрісі асу бел де көрінбейді.

Машина доңғалағынан әбден мезі болған сүреңсіз жол «көресіні сенен-ақ көрдім-ау» дегендей, анда-санда машинаны солқ еткізіп ойдым-ойдым шұңқырына ұрып қояды. Ондайда елең етіп жан-жағыңа көз тастайсың да, көңіл аударар ешнәрсе таба алмай, үндемес әдетіне басың. Ой желісі кескін-кейпі, сыр-сипаты битаныс кісіге барып тіреле береді.

Осы сәтте жол серігіміз Талас аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі Т. Қартабаевтың:

— Жиделібұлаққа жетіп те қалдық. Бұрыла жүр, бұлақ суын көре кетейік, — деген сөзі ойды бөліп жіберді. Машина солға бұрыла тоқтады. Тосын көзге түспес, елеусіз жазық өңірдің жасыл төсінен үш бұлақтың мөлдір суы шып-шып бүлкілдеп, мөлтілдеп ағып жатыр. Бастау көзі — ботасыз мейірленген ақ нардың емшегінен иіген сүт секілді. Үш көзден шымырлап шыққан су қол созым жерде бір арнаға түйісіп, кеңіске қарай ойысып барады.

Айдаһа Айналаны тылсым тыныштық басқан. Үш көзден баяулаған бұлақ суының екеуі — ащы да, біреуі — тұщы. Табиғатта талай кездесетін тамашалардың бірі осы Жиделібұлақ тәрізді. Үш бұлақтың суы ортақ арнаға сайғанда тұщысы жеңіп жатады екен.

«Бостандық» совхозы аудан орталығынан қияндау жырақта. Осыдан төрт бес жыл бұрын ғана аты аудан шаруашылықтарының соңын ала жүретін совхозға өкіл де көп келмеген көрінеді. Совхоз орталығында қараған көзді тойындырып тұрған аурухана қалашығы, тұрғын үйлер тізбегі, қыш күйдіретін кәсіпорын өз алдына бір төбе. Енді тұғырын көтеріп жатқан құрылыстар да баршылық. Совхоз орталығындағы бірер жылда шаңырақ көтерер зәулім мәдениет үйінің іргетасы қалануда. Басталған құрылыстың көбі бітер шағын күтіп тұрғандай.

Біз «Бостандыққа» жете күн де еңкейген болатын. Малды ауылдың кеші қандай әсем. Күз суретшінің әртүрлі бояуына малынған ағаштардың санқилы жапырақтары мың құбылады. Жаңа ғана жүріп өткен мал тұяғынан көтерілген май топырақтың тозаңы ауыл үстін бозғыл тұманға

бөлеп тұр. Әр машинаның соңынан көтерілген борпылдақ шаң будақтап барып, сол тұманға қосылып жатыр.

Кеңсе жанына келіп, кенет тоқтаған біздің машинаның артынан ілесіп келген қалың шаң да тұрғандар мен түскендерді бір-бірінен көлегейлеп, көмкеріп салды. Шетірек тұрған ашаң кісі «біздің ауылдың қонақ кәдесі осындай болады» дегендей қалыппен сәлемдесіп, қолын созды.

...Қырман басы қызу еңбек. Ортада жоңышқаның дәнін тазалап, тиейтін үлкен аспап тұр. Былай сала қызыл бидай тауы жатыр. Арғы шетте жүгері аршып қариялар отыр. Әдеміше келген, шоқша сақалды кісі Жанәділ Жақсыбаев совхоз жайынан сыр шерте келіп, бұрын табыс дегеннің не екенін білмей келген шаруашылықтың аз жылдың ішінде ауызға ілініп, озаттар қатарына қосылғанын бар ықыласымен баяндап берді.

— Шырақтарым, — деді біздің сәлемімізді алып жатып, — менің жасым жетпіс бесте, 1931 жылдан партия мүшесімін, бұл жасқа жеткенше біраз нәрсені көрдік те. Бірақ шаруашылығымыздың дәл қазіргідей шалқыған кезі болған емес. Әйтеуір осы балалардың арқасында, — Жәкен совхоз басшылары тұрған жақты мезгеді, — тұрмысымыз түзелді, дәулетіміз тасыды. Қазір осы жерде отырған кемпір, шал, бәріміз де пенсия аламыз. Қолымызды жылы суға малып-ақ отыратын шағымыз. Алақаны жұмыстан күстенген адамдар жаны тыныш жата алмайды екен. Балалар басқарған жұмыстың бір пұшпағы болса да илесейік деп, ылғи пенсионерлерді жинап, совхозға қолғабыс етіп отырған жайымыз бар, — деді.

Шынында да Жанәділ Жақсыбаев, Дәметай Қуандықова секілді қарт коммунистер басқарған қариялар жыл сайын жүгері жиналар шақта осылайша өз еріктерімен көмекке келеді екен. Совхоздың бас агрономы Марат Назаров бұл сияқты қарттардың қолма-қол жәрдемі көктемгі егіс кезінде де көп болатынын айтты.

Қарт коммунистерден басталған еңбекке деген құштарлық бұл совхоздың барлық жұмысшыларына тән қасиет екен. Қазір де солай. Ал осыдан төрт-бес жыл бұрын ше? Осы адамдар сонда да болған жоқ па? Адамдарды ерен еңбекке жұмылдырып, шаруашылықты өрге көтерген күш қандай, ұйымдастырушы кімдер деген сұраулар көңілге орала береді.

Еңбектің өнбегі — шат тұрмыс, көтеріңкі көңіл күйіне тікелей байланысты. «Бостандықтағы» еңкейген кәрі, есін білген жастың еңбек қадірін ерекше сыйлауы мұнда жұртшылықты еңбек ете білуге баулу мәселесі тәрбие жүйесінде бірінші кезекке қойылғанын аңғартады.

Осы жайынан сөз тартып, пікір қозғауды біз совхоз директоры Әбиевтен өтінген едік. Қинала тұрса да, көңілімізді жықпады ол.

— Бұл бағытта партия ұйымының атқарған жұмысы мол, — деп бастады сөзін директор. — Біз партия ұйымымен, коммунистермен кең мол ақылдаса отырып, шаруашылықты көтерудің шараларын іздестірдік. Көп ойландық. Алғашқыда неден бастарымызды білмей, абыржыған кезіміз де аз болған жоқ. Партия Орталық Комитетінің соңғы жылдардағы Пленумдары мен КПСС XXIII съезінің шешімдерінде ауыл шаруашылығын өрге бастырудың келелі міндеттері ылғи сөз болып келе жатқаны мәлім. Мәселеге осы тұрғыдан қарағанда, совхоз үшін ең алдымен кадрлар, әсіресе істің байыбына түсіне білетін, экономикаға қанық маман кадрлар жетпейтіні бірден көзге шалынды. Біз ұйымдастыру жұмысын осыдан бастадық.

Басшыға жіті жанармен қоса көкірек көзі қажет. Бірі шаруа жайын шолса, екіншісі адамдарды тап басып, дәл тану үшін, табысу үшін керек. Сонда ғана ұтасың. Сонда ғана олқы ісің оңға келетін болады. Қазіргі кезде басшыға қойылатын талап та жоғары. Ол — әрі ұйымдастырушы, әрі тәрбиеші болуы шарт. «Бостандыққа» басшылыққа келген Әбиев заман талабын жақсы түсініп, алғашқы күндерден бастап бір мақ-

сатты — совхозды озаттар қатарына қосу мақсатын — көздеген. Өйтпегенде ше? Сеніп тапсырған жұмысқа салғырт қарау партия мүшесіне лайық па? Ақталмаған сенім — аяқсыз қалған іске тең.

Құнтсыз басшылық, қырсыз ұйымдастырушылық 1962 жылға дейін совхоз экономикасын берекесіздендіре берген. Сол шаруашылық жылын совхоз 35 мың сом зиянмен аяқтап, жаңа жылға жақсы тілекпен ғана иек артқан екен. Жұмысшылардың айтар тілегі, қояр талабы да көп болған. Сол заматында «еңбекті бір кісідей-ақ етеміз, табысымыз тақыл» деп турасын айтып, орынды зіл тастағандар да табылған. «Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей, жаңа директор жұртшылықпен ақыл қосып, совхозды ең шешуші тұлға кадрлармен нығайтуға ерекше көңіл бөлген.

Совхоз озаттарының тәжірибесін таратып, солардың ерен еңбегі негізінде басқаларды тәрбиелеу, соған теңелту міндеті алда тұрды. Сырттағыларды көлденең тарта бермей, осы совхоздың өз ішіндегі еңбек ардагерлері барына, олардың да топ жарып, бәйге ала алатынына көз жеткізу, сендіру оңайға түскен жоқ. Бұл істе директорға коммунист шопандар, Социалистік Еңбек Ері Жас Әбденбаев, Зәбира Тұрсынбеков, Елен Шадырқұлов, Аязбек Анарбаев, Сарыұйсінбек Қойланөвтар елеулі жәрдем көрсетті. Бұдан былайғы жерде осы озаттардың өнегесі тәрбие құралына айналды.

Мұнда коммунистердің ролі күшейтілген. Совхоздың орта буындағы өндіріс басшылығына коммунистер жоғарылатылған. Өндірістің шешуші жерлеріне солар орналастырылған. Сондықтан да күні бүгінге дейін 144 коммунистің 40 пенсионерден басқасы — өндірісте.

Ұйымдастыра білген ұтады. Бірақ ұйымдастырушының да ұйымдастырушысы бар ғой. Өз ісіне салдыр, салақ қарап, немқұрайды атқаратындардың іске пайда келтірмейтіні мәлім. Ондайларға жаңа директор онша жайлы тиген жоқ. «Қызыл мақташы» фермасының зоотехнигі Ә. Сабырәлиев өз міндетін дұрыс атқара алмады. Мал қыстату кезінде елеулі кемшіліктерге жол берілді. Сиырдан бұзау, жылқыдан құлын кем алынды. Мұның өзі төзбестік жағдай еді. Сондықтан да Сабырәлиевті босатуға тура келді. Оның орнына бұрынғы қойшы, кейіннен мал дәрігерлік-зоотехникалық институтты бітірген жас жігіт М. Мылтықбаев қойылды.

Екінші бір мысал. Совхоздың машина-трактор шеберханасын көп жылдан бері Ж. Сұлтанбеков басқарды. Оның арнайы білімі жоқ болса да, өз ісіне мығым практик болатын. Кезінде жақсы жұмысы үшін орден де алған. Соңғы жылдары совхозға жаңа техника көптеп келе бастады, оны меңгеру де қиындай түсті. Осыған орай шеберхананы басқару үшін Сұлтанбековтың бұрынғы тәжірибесі аздық етті. Мұны түсінген ол басқа жеңіл жұмысқа ауысуға тілек білдірді. Оның тілегі қанағаттандырылды да, шеберхананы басқару бұрынғы тракторшы, Қазақ ауыл шаруашылығы институтының механика факультетін бітірген Б. Әбиевке тапсырылды.

Жедел қолға алынған жұмыстың бірі кәмелеттік аттестаты бар, оқуға ынталы жас жұмысшыларды арнаулы жолдамамен, совхоз есебінен оқыту болды. Жоғары оқу орнына жолдама алдымен жұмысты жақсы істеп, көзге түскен озаттарға берілуде. Сондай жолдама алған совхоз шоферы, комсомолец Б. Айтбеков зооветинституттың соңғы курсында оқып жүр. Жақсы өнеге әсерлі де өркен жайғыш келеді. «Бостандық» совхозының бұрынғы шопандары Әмина Жұмағұлова, Сейітқадыр Арпабеков, Жақан Әбдіқадырова, Гүлжәмила Бірысдәулетова, бұрынғы тракторшылар Қызжібек Дүзгенбаева, Әсия Әшірбаева, Қуаныш Серікбаев секілді талапты жастары қазір жоғары оқу орындарында оқып жүр. Олардың бесеуі стипендияны совхоздан алады. Бұдан басқа совхоздың 12 малшысы сырттан оқиды. «Бостандықтағы» бас мамандардың барлығының жоғары білімі бар. Айта кететін бір нәрсе, осы совхоздың

бұрынғы бас мал дәрігері А. Нұрсейітов пен бас зоотехнигі С. Тасыбаевтар совхоз директоры болып, ал бас агроном Б. Серікбаев аудандық жоспарлау комиссиясының председателі болып жоғарылатылған.

1962 жылы 35 мың сом зиянмен шыққан «Бостандық» биылғы жарты жылдықта ғана 386 мың сомның таза пайдасын тапты. Кешегі залалдан басқа берері жоқ совхоздың бүгінгі шарықтау биігі осындай. Мұның бәрі ұйымдастыра білгеннен, жұртшылықты алда тұрған міндеттерге жұмылдыра білгеннен, жұмысшыларды уақыт талабына сай тәрбиелей білгеннен десек, асырып айтқандық емес.

Тоқмейілсу түбі — тоқырау. Бүгінгі табыстың көлеңкесінде қалып, келешектің келелі міндетіне көз сала алмаған адамды ойлы, іскер басшы деу қиын. Бұл жай совхоз партия комитетінің мүшесі С. Әбиевті үнемі толғандыратын секілді. Әрбір істің тетігін білімді кадрлар шешеді деген ұғым санасына берік ұялаған директор «Совхоздағы орта және төменгі буындағы кадрларды орналастыру және оларды тәрбиелеудің жайы туралы» мәселені партия жиналысында талқылауды ұсынды. Мәселені жан-жақты даярлауға ат салысты. Көкейде жүрген көп ойларын ортаға салды. Коммунистер болып болашақты бағдарласты. Нақты шешімдер қабылданды.

Дәулетті тұрмысқа сәулетті құрылыс керек. Совхоз табысының молаюына байланысты мәдени-тұрмыстық құрылыстарға арнап бөлінетін қаржы да көбейген. Оның игілігін жұмысшылар қазір көріп те отыр. Совхозда 50 оқушыға арналған интернат, 40 төсектік аурухана, балалар бақшасы мен бүлдіршіндер үйі, екі кітапхана, монша салынған. Бұған қоса Мойынқұмның Баумал отары учаскесінде орталық штаб пайдалануға берілген. Онда мейманхана, клуб, монша, дүкен жұмыс істейді. Шопандар әсем де жайлы үйге орналасқан. Қазір совхоздағы 78 үйде телевизор, 226 үйде радио бар. Қалта радио қабылдағыштары әрбір малшының қанжығасында сайрайды. «Бостандықтың» алыс отарларындағы қойшылардың киіз үйінде де көгілдір экран жарқырайды. Мұндай мәдени бастамаға мұрындық болған облыстық советтің депутаты, озат жас шопан Аязбек Анарбаев. Отардағы телевизор құдықтан су тартатын «Л-6» маркалы шағын мотордан от алады. Отардағы телевизор мен газ Талас өңірі үшін таңсық емес.

Совхоз экономикасы жыл асқан сайын өрлеп келеді. 1967 мерекелі жылы 201 мың сом таза пайда түсірілді. Совхозда өндірілетін негізгі өнімдер қой етінің, қаракүлдің, жүннің өзіндік құны арзандатылуда. Мысалы, былтыр бір дана елтірі жоспардағы 11 сом 07 тиын орнына 8 сом 25 тиынға, бір центнер жүн 173 сом орнына 122 сомға, бір центнер қой еті 44 сом орнына 24 сом 17 тиынға түскен.

Ауыл шаруашылығы экономикасына жетік болу — бүгінгі таңдағы басты талап, 60 мың қойы, 1100 сиыры, мың қаралы жылқысы, 200 түйесі бар шалқыған шаруашылықты шебер басқару үшін экономикалық есеп-қисапты жақсы түсіне, пайдалысын айыра, қолдана білудің маңызы зор. Совхозда соңғы екі жылдан бері экономикалық совет жұмыс істейді, оны директор басқарады. Экономикалық советтің көздеген мақсатын баяндай келіп, С. Әбиев қазіргі кезде жалпы совхоз жұмысшыларына экономикалық білім берудің қажет болып отырғанын баса айтты.

Экономикалық совет әр тоқсанның аяғында жиналады да, тоқсан қорытындысын талқылайды. Оның жұмысына совхоздың барлық мамандары, ферма, бөлімше меңгерушілері, бригадирлер, озаттар қатыстырылады. Тоқсан қорытындысы туралы директор, не совхоздың бас мамандарының бірі баяндама жасайды. Қандай жетістіктер болғаны, өзіндік құн нормасының сақталуы немесе арзандатылуы туралы айтылады. Не нәрсе қымбатқа түсті, шығынның көбеюі неге байланысты деген сан қилы сұрақтар жан-жақты талданады. Экономистердің есептері, болжамдары, нақты жағдайлар баяндалады. Кемшілікке жінәлі адамдар сын тезіне түседі.

Июль айында өткен екінші тоқсанның қорытындысын талқылауға арналған экономикалық советтің мәжілісінде совхоз автотранспортының 9 219 сом, электр станциясының 6 007 сом зиян шеккені туралы айтылды. Талдау үстінде мұндай ұқыпсыздықтың себептері ашылып, оған жол берген кінәлі кісілердің есімі аталды. Алдағы уақытта өнімсіз шығындарға жол бермеу керектігі қатты ескертілді. Сол секілді осы мәжілісте бір қарақұл елтірісінің жоспардағы 11 сом 07 тиынның орнына былтыр 6 сом 95 тиыннан айналғаны айтылды. Бұл былтырғыдан әлдеқайда арзан. Бір елтірінің жоспарлы сату бағасы 14 сом 10 тиын болса, сапасы жақсы болғандықтан мемлекет оны 15 сом 80 тиыннан қабылдаған. Былтыр жоспардағы 16 800 елтірінің орнына 28 мың 218 елтірі өткізілген. Міне байлық көзі қайда жатыр. Осы жолы жемшөпті отарға жеткізу, мал қыстатуға әзірлік мәселесі де егжей-тегжейлі сөз болды.

Адамдармен тіл тауып, сырласа білу, оларды қабілетіне, талантына қарай өз орнына пайдалану — директор ерекше зерде қоятын мәселенің бірі. Әр кез партия ұйымымен кеңесе отырып, көтеруді керек ететін жердің бәріне арнаулы мамандығы бар кісілерді, әсіресе коммунистерді жіберіп отыру құптарлық нәрсе. Әркім өз орнында болса ғана асқан белсенділік көрсетіп, зор пайда келтіреді қоғамға. Өздерінің ерен еңбегімен ауызға ілініп жүрген шопандар Д. Нәбиев, Қ. Жолдасов, жылқышы-түйешілер И. Қилыбаев, Қ. Орманов, Е. Алжамқұлов, механизаторлар М. Арысбаев, Ә. Тілешев, А. Ошакбаев, құрылысшылар Ә. Нұрдауленов, Б. Көбеев, жүгерішілер А. Ақылбеков, Ш. Байназаров, С. Құрақов секілді «Бостандықтың» батырлары көп-ақ.

«Бостандықтың» майталман ерлері таяуда тағы бір бәйгіге қосылды. Ол — данышпан көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын жана жеңістермен қарсы алу жолындағы жарыс. Совхоз жұмысшылары бесжылдық тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістете отырып, кеменгер көсеміміз, ұлы ұстазымыз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне көтеріңкі міндеттемелер қабылдады.

...Мылтық асынған атты жігіт сонадайдан отарын шолып, төңірекке көз тастайды. Күрең жүзді шопанның қыран жанары кейде көкке қадалады. Шөкімдей бұлты жоқ аспан аясында сәулесін мол төккен күзгі күн еркін сыландайды. Көсіліп жатқан сары далада самал желпіген раң мен өлең тербеледі. Сол бірыңғай түсті сарғылт бояуға қаныққан дала өңіріне ерекше бір сән, көкшіл рең беріп, ойдым-ойдым бал оты жапырақ көрінеді. Жалпақ жазықтың арғы сауырында қарағайдай қаптаған бүрген сыңсиды.

Осы ең даланың иесі, ақтылы қойдың қожайыны аға шопан Сейілхан Жамалбаев оқтаулы қос ауызын жерге қаратып, тақымына қысып жатып:

— Жер бір жауынды күтіп тұр, — деді. — Шаңға малынған мына шөпті мал да сараң жейді. Бар маңызын бойына жиған, пісіп тұрған шөпті жесе тоймайтын, мал семіріп, егіздің аяғы сегіз болар шақ-ақ. Әттең, әзір жанбыр тамбай тұрғаны. Жауған күнмен жанғырып, жер көгеріп күш алар көктем күні болмаса да, күзгі жауында ақ нұр, мол береке бар. Күзгі жанбырдың сылпылдағы басым келсе де, көңіл көтерер шағы да мол. Әсіресе жанбырдан кейін жасаң тартқан шөптен мал бас көтермей, жақсы оттайды.

Қоғам дәулетін өсіруге елеулі үлес қосып жүрген жанашыр адамның сөзі осындай болса керек. Соңғы жылдары көп айтылып жүрген әке таяғына ие болып, малға барып жатқан білімді де мәдениетті жастар өкілінің бірі — осы Сейілхан. Ол сегізінші класты бітірген. Жауаптылығынан тартынбай қоралы қойды алдына салып, бөлек отар болған. Жетістігі де жаман емес. Былтыр жүз қойдан 153-тен қозы алған. Бәйгіге кілем алып, ат мінген. Жыл қорытындысында оған 2 300 сом ақша, қосымша 48 тоқты беріліпті. Байлық деп осыны айтса да болмай ма. Бүгін

де совхоз орталығынан Сейілхан салдырып жатқан төрт бөлмелі үйдің шатыры да көтерілген.

Сейілхан отарынан шыға совхоз орталығына қарай бет түзеген біз Таласты тағы бір жерден кесіп өттік. Боз даланың құты болған шағын өзенді осы сапарымызда «Кеңестің» қасынан да, Үшарал маңынан да бірнеше мәрте көріп ек. Көктемде арнасынан шығып, арындап кететін өзен қазір баяулап жылжып қана ағады. Өткелі мол.

Совхоз орталығын көмкерген ағаш алыстан мұнартып көзге түседі. Кең дала әзірге таусылар емес. Дала. Дүбірлеген еңбекке толы дала. Байлық қазынасын баурына басып, жана дүниенің жанғыртушылары келгенше меңіреу жатқан сар дала. Қазір береке, құтқа айналған дала. Осы далаға бостандық әперген батырлар да, данқ әкелген ерлер де көп бізде. Солардың бірсыпырасы осы «Бостандықта».

Енді бір сәт қайратпен қайнаған далаға ерекше сән келіп, жан біткендей болды. Қырға нұр ақтарылғандай еді. Жанды жылытып, жүректі елжіретіп күй төгілді кенеттен. Эфирден Түркештің «Көңіл ашары» күй-кылжыды. Күй үдеген сайын адамның көңіл құсы да шаттанғандай. Күй екпініне орайлас далада үйір-үйір жылқы жосып барады. Күй көкке өрлеген сайын дала бізді машинамен қоса тербетіп, әлдилегендей болады. Сол шақта Абай атаның «Ақылдының сөзіндей ойлы күйді, тындағанда көңілдің өсері бар» дегені ойға еріксіз оралып еді.

Ұзақты күнгі еңбектен соң күй сазына беріліп отырған совхоз директорының жұқалаң жүзі жайнай түскендей осы сәтте. «Онымен сөйлесу қиын болар». Әлсін-әлі қузап отырмасаңыздар, әңгіме айтпас та», — деп еді аудандағы жолдастар. Ол ақиқат екен. Әбиев өзі туралы жұмған аузын ашпады. Бірақ совхоз туралы, оның адамдары жайлы реті келгенде ақтарылып салған сәттері аз болған жоқ.

Іскер басшы С. Әбиевтің совхозға сіңірген еңбегі жайында кез келген жұмысшы сұрамай-ақ айтады. Сейілбек совхозға келгелі оңға келген істер деп саралап береді жетістіктерді. Жұрт сүйсінетіндей-ақ бар. Жыл сайын зиян шегіп ошарылған шаруашылықты облыс көлемінде озаттар санатына қосу оңай емес. Сол еңбегі үшін де Отан соғысының ардагері Әбиевтің омырауына ең жоғары награда — Ленин ордені тағылған.

Уақыт озған сайын совхоз экономикасы өрлей түсіп, жұмысшылар жағдайы жақсарған үстіне жақсарып келеді. Бірақ қол жеткен бұл табысты совхоз дирекциясы мен бастауыш партия ұйымы місе тұтып, мұратымызға жеттік деп отырған жоқ. Олар коммунистерге тән байсалдылықпен, көрегендікпен бүгінгі күннің белесінен ертеңгі шығар биікке көз тігуде. Құллі еліміздің ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің алдына партия Орталық Комитетінің октябрь (1968 ж.) Пленумы қойған алып асқар, ұлы жоспарды абыройлы орындап шығудың жолын қарастыруда. Соған бағытталған ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру үшін барлық күш-жігерін, ынта-ықыласын, шеберлігін аямайды. «Бостандық» совхозының былтырғы табысы да ауыз толтыра айтып, мақтан тұтарлықтай. Шалқи дамыған шаруашылықтың байлығына қосылған таза пайда мөлшері 400 мың сомға тақап отыр.

Бұл әрине үлкен жетістік. Сөз жоқ, сол жетістікке шебер ұйымдастырушы, парасатты тәрбиеші, өнегелі коммунист С. Әбиев қосқан сыбаға сүбелі. Жер ананың төсінен шапшып шығып, елеусіз ғана мөлдіреп ағып жатқан Жиделібұлақтың бастауындай, жаны жайдары жақсы адам, шебер ұйымдастырушы тани білгенге ел ішінде көп-ау, сірә.

III ЕСМҮРЗАЕВ.

«Бостандық» совхозы,
Талас ауданы,
Жамбыл облысы.

ИНЖЕНЕР АБЫРОЙЫ

...Оның Қарағандыны көрмегеніне жеті жыл болған екен. Көмірлі қаланың бұл жылдардағы үлкен өзгерісін аңғарған ол ерекше қуанышты еді. Бір жағынан шахта көбейіп, көмір өнімі тасқындаран болса, екіншіден қала көркейіп, қанатын кең жайып, сән түзеп алыпты. Шахтерлердің тұрмыс-тіршілігінде де өзгерістер көп. Ол бүгін № 3-бис шахтасының бас инженерлігіне тағайындалды, ертеңнен бастап осы жауапты қызметке кіріспек. Ал инженерлік — стол үстінде, қараз жазып, ақпар алып отыратын қызмет емес, күрделі техниканы, оның иесі адамдарды білгірлікпен басқарып, алға бастаушы, творчестволық мамандық.

Алдары істің аумақтылығын ойлаған инженер аздап жүрексінеді, дегенмен келешегіне үміттеніп, көңілдене қарайды, өзін күткен өмірмен араласуға асыға түседі. Қазір ол қала өмірімен, шахта өмірімен танысу үстінде. Сұңғақ бойлы, балғын денелі, өткір қара көзді, аққұба, көркем жігіт — жас инженер жаңа қаланың паркін аралап жүр. Ол міне өзінің өткен өмірінің кейбір белестерін еске түсіріп келеді.

...Әуелі Арқаның төскейіндегі туып өскен жері Атбасарда өткізген балалық, балдырған шағын, он жылдық мектеп бітіріп, үлкен өмірге жолдама алған кезін еске алса, енді бірде көңіл күйі ұлы астанамыз Москваға оралады.

...1940 жыл. Москва-кең институтының кең залында мәжіліс болып жатыр. Бұл институт бітірген бір топ инженерге диплом тапсыру салтанаты еді. Құттықтау сөздерден соң жас мамандарға диплом беріле бастады. Мәтеннің есімі аталды. «Мәтен Рақымбеков! Туған өлкеңе барып, жемісті қызмет атқаруыңа тілектеспін» деді директор.

Инженерлік диплом алған Мәтен Рақымбеков сол жылы Қарағандыға келіп, № 31 шахтадағы төртінші учаскенің бастығы болып тағайындалды. Бірақ ол мұнда онша көп істеген жоқ. Енді жұмысқа бар ынта-жігерімен кірісе берген шақта Ұлы Отан соғысы басталып кетті. Мәтен де еліміздің көп ер азаматтарымен бірге Отан қорғауға, қан майданға аттанды. Зұлым жауға қарсы сұрапыл шайқастарда ерлік көрсетті. «Біздің командир, ер қазақ талай фашисті жер жастандырды» деп мадақтаушы еді солдаттар Мәтенді. Жан түршігерлік кескілескен ұрыстардың бірінде Мәтен қатты жараланды. Отан қорғаудағы ерліктері үшін жас офицер «Қызыл жұлдыз» орденімен, бірнеше медальмен наградталды...

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін Мәтен Ленгир көмір кеніне барып, екі жыл қызмет істеді де, Арқаның алыбы — Қарағанды бассейніне жеті жылдан кейін қайта оралып еді. Бұл 1947 жылдың жазы болатын, жоғарыда аталған № 3-бис шахтасының бас инженерлігіне жолдама алған беті еді оның.

№ 3-бис шахтасының кеншілері жаңа бас инженерді ықыласпен қарсы алды. Халық сыншы ғой. Шахтерлер осы бір тұлғалы жігіттің қайтпас жігерінен, салмақты, бауырмал, мейірбан мінезінен, алғыр зейінінен, еңбек сүйгіш қабілетінен, кенші қауымға етене жақындығынан көп үміт күтті. Бұл үміт ақталды да.

М. Рақымбеков шахтаның күнбе-күнгі өмірінің ағымымен кетпеді, дайын жүйені басқарумен ғана жайбарақат отырмады, сол салаға, сол жүйеге ұдайы жаңалық қосуға ұмтылды, кездескен қиыншылықтарды жеңуге күлшынды.

Ол кезде № 3-бис шахтасы көп жыл көмір өндіргендіктен тереңдеп кеткен еді. Шахтерлер забойларға жер астымен үш-төрт километр жаяу жүріп баратын-ды. Бұған кем дегенде бір жарым сағаттай уақыт кететін. Көп жүріп шаршаған шахтерлердің еңбегі де онша өнімді бола бермейтін. Осыны аңғарған инженер партия ұйымының, кәсіподақ комитетінің алдына кеншілерді жер астына поездбен түсіру, содан кейін поездбен шығару жөнінде мәселе қойды, «адамға қамқорлық, адам еңбегін жеңілдету — бәріміздің абзал борышымыз» деп, бұл мәселені шешудің жолдарын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берді. Ақыры оның бұл творчестволық ой-пікірі, ұсынысы жүзеге асты. Қарағандыда шахта астына адам түсіріп, шығаратын поезд бірінші рет № 3-бисте жүргізіліп, кейін мұны бүкіл бассейн шахталары қолданды.

Біле білсек, шахта астында да қайнаған өмір бар. Онда талай жылдар жер қойнауында жатқан асыл кенді өндіруші тамаша адамдар істейді. Онда алуан түрлі кен қабаттары, сан қилы техника бар. Жер үстіндегі тіршілікке таза ауа қандай керек бол-

са, шахта астындағы өмірге де сондай тыныс керек. Ол кезде бұл шахтада таза ауа аз болып, жұмыс істеу біртіндеп қиындай түсті. Жағдай бұлай бола берсе, істің өрге баспай, мешеулеп қалатыны кәміл еді. Осы жәйт жас инженерді көп ойландырды. Ақыры мұның да түйінін тапты. Оның ұсынысы бойынша жер астына қуатты желдеткіш орнатылды.

«Ер данқы — еңбекпен» деген ғой, өзін өнегелі ісімен танытқан Мәтеннің абыройы артып, атағы бүкіл бассейнге жайыла бастады, шаршы топта, жиналыстарда оның есімі жиі аталды. 1950 жылдың бас кезінде Киров көмір тресінің басшылары Рақымбековты № 31 шахтаның бастығы етіп тағайындады.

Кейбір шахтаның жұмысты жақсы істеп келіп, бағзы уақытта мүдіріп қалатын кездері болады. Мәтен № 31 шахтаға барғанда істің жағдайы тап осындай еді. Шахта үшін жіті аралап, жағдайын тексерген ол елеулі бір кемшілікті бірден байқап қалды. Бұл тұтас қабатты пайдалануда жіберілген кемшілік еді. Ал енді оны қалай түзеу керек?

Көмір кенінде толып жатқан тұтас қабат бар. Оларға қойылған ат та алуан түрлі. Көмір өндіруде әр қабаттың жаратылысы еске алынады. № 31-бис шахтасында «Четырехфутовый», «Шестифутовый» деп аталатын тұтас қабаттардан көмір өндіріледі. Осы жерлерден көмір өндіргенде бірінен бірін оздырмай жүргізу шарт. Ал мұнда осы шарт әрескел бұзылып, «Четырехфутовыйдағы» забойлар артта қалып қойған екен. Екінші қабаттың кен қазбалары алға кетіпті. Енді Мәтен осы мінді түзетуге кірісті. Нұрлы қара көздері мол шұғыла шашқан алғыр жігіт үлкен ой үстінде еді. Ақыры ол сол ойының ұшығына жетті. Озған забойларды уақытша тежеп, соңындағы қазбаларды мейлінше қарқынды жүргізуге тура келді...

Бірақ кездескен мінді түзеумен іс біте ме? Ең алдымен кереметі — техникалық прогресс, жаңалық табу, мол өнім, жақсы сапа, өзіндік құнның арзандауы. Мұны дәстүрлі заң деп білетін Мәтен партия ұйымымен ақыл қосты. Тәжірибелі кеншілер Ворона, Митрофанко, Макаров, Сусяков, Величкин және басқаларымен ақылдасып, көмір өнеркәсібіндегі көп жаңалықтарды бассейнде бірінші болып қолданды.

Ол кезде «Донбасс» кен комбайны енді ғана шығып, еліміздің көмір бассейндерінде қолданыла бастаған еді. Соның алғашқы екеуін Қарағанды бассейнінде ең бірінші рет № 31 шахта пайдаланды. Бірақ Донбастың көмір қабаттарына лайықталып жасалған бұл машинаның кейбір құрылысы № 31 шахта кендеріне үйлесе қоймады. Әйткенмен өнерпаз кеншілер жаңа машинаны жетілдіріп, өз шахтасына лайықтап алды. Комбайнға өзгеріс жасау идеясын алғаш ойлап, ол туралы партбюро мүшелерімен ақылдасқан Мәтен өнер тапқыштардың комбайнды өзгертудегі ұсынысын бірден қолдады, оны іске асыруға тікелей өзі басшылық етті.

Жананы әрдайым сезе білудің, оны өмірге енгізудің өзі де үлкен өнер. Әр лавадан тәулік сайын цикл алу Донецк бассейнінен тараған жаңалық еді. Кен инженері М. Рақымбеков басқарған № 31 шахтаның коллективі мұны да бассейнде бірінші болып қолданды.

...1954 жылдың март айы еді. Қарағанды көмір комбинатының сол кездегі бастығы Павел Петрович Иноземцев өз кабинетінде Мәтен Рақымбековпен әңгімелесіп отыр. Әңгіменің тақырыбы сол тұста олқылықта отырған № 37 шахта еді.

— Мен, — деді Павел Петрович, — облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің секретарьларымен келістім, — қалай да сенің сол шахтаға бастық болып баруың керек.

Мәтен алғашқыда өзі үйренген коллективті, еңбек сіңірген кәсіпорнның қимай, бұл ұсынысқа көңісі келмеді. Бірақ ол коммунист қой. Партия комитеттері мен комбинат басшылары өзіне зор сенім білдіріп, жаңа үлкен іс тапсырып отырғанда одан бас тарту тәртіптілікке жатпайтын сияқты. Ал Мәтен тәртіпті мейлінше сүйетін адам. Кей-кейде оған жолдастары: «Мәтен! Сен тәртіпке келгенде өте қаталсың» дейтін. Сонда Мәтен: «Тәртіпсіз өмір — түл» деп жауап беретін.

Сонымен Мәтен № 37 шахтаға бастық болып тағайындалды. Кілең коксті көмір өндіретін алып шахтаның күллі жұмысын талдап зерттеген Мәтен тағы да сергек ой үстінде еді. Шахтаның олқылыққа малтығып қалуына бәрінен бұрын кен әзірлеу жұмысының нашарлауы, көп кен қазбасының жадаулануы, кей учаскеде еңбек тәртібінің бұзылуы себеп болған екен. Кен инженері бұған төзіп отыра алмады.

Өндіріс командирінің № 3-бис, № 31 шахталарда алған мол тәжірибесі № 37 шахтада тағы пайдаға асты. Өзі шахтерлерге кенеулі сөз айтса, олардан да мол ақыл-кеңес алып отырды. Ол уақ істің көленкесімен жүрмеді, коллективті ірі қадаммен алға бастырарлық келелі мәселелерді шешуге ұмтылды. Ал бұл мәселелер қандай еді? Алдымен жаңадан жақсы жабдықталған үш лава ашылды. Олардың бәріне де кен комбайны түсірілді, цикл графигі іске асты, айналасы бір жылдай уақыт ішінде 12 километр жерге проходка қазылды, жетілдірілген желдеткіш шахта ішіне таза, салқын ауа жіберіп тұрды.

Бәрінен де кадрларды іріктеп, тәрбиелеуге баса назар аударылды. Кен комбайншылары Попковтың, Шафиковтың, бригадир Лыгиннің, учаске бастықтары Кривцовтың, Тасмағамбетовтың, кен мастери Айтмағамбетовтың және басқа жүздеген еңбек өрендерінің есімі бассейнге мәлім болды.

..Бірде Рахымбеков өз кабинетінде біреуді күтіп отырды. Кен комбайншысы ашан жүзді, аққұба жігіт Шафиков кіріп келді. Жүзінен, қас-қабағынан жігіттің әлденеге кінәлі екені байқалғандай. Оның қатты қысылып тұрғанын бірден сезген Мәтен жайлап сөйледі.

— Сенің машинаң бүгін смена бойы тоқтап тұрды. Бір түйір көмір өндірген жоқсың.

— Иә, Рахымбеков жолдас, солай болды. Өзім де білмеймін, машина біресе оңға, біресе солға бұрылып, жөнді жүрмей қойды.

Мәтен жас жігітке ойлы көзімен біраз қарап отырды да, сабырлы кейпін сақтап, жайлап ұғындырды.

— Комбайн шаппасы жоғары кетсе, төбе топырағын қоса шабады да, көмірдің сапасын нашарлатады, әрі забойдың құлау қаупін туғызады, ал шаппа төмен кетсе, табан топырағын қоса шабады. Біресе оңға, біресе солға бұрылса, лава қисайып кетеді. Міне осылай болу себебін, оны түзеу жолын айтқанда, жаңа ғана қабағы салыңқы болып тұрған жігіттің жүзі жайнап кетті. Тіпті ол тұра жөнелуге бет алды.

— Тоқтай тұр, қайда барасың?

— Лаваға қайта түсем, Рахымбеков жолдас! Сіздің айтқандарыңыздың бәрі дұрыс. Менің әлі білгенімнен білмегенім көп екен...

— Тоқта, тоқта, лаваға бірге барамыз. Машинаны екеулеп түзейміз. Механик пен слесарьды да көмекке аламыз, — деді де, Мәтен шахтаға жөнелді.

Бұл айтып отырғанымыз көп мысалдардың бірі ғана. Кейіннен әлгі жас комбайншы көмір өндіруде дүние жүзілік рекорд жасағаны белгілі.

№ 37 шахта коллективіне қол жетпес қиялдай көрінген табыс та келіп жетті. 1955 жылдан бастап № 22 шахтаға қосылғанға дейін отыз жетіншінің жарыста мүдірген кезі болған жоқ.

Инженер Мәтен жайлы әңгімеге қайта оралайық. Ленин көмір тресі — бассейндегі ең үлкен трест. Киров көмір тресінің көп шахтасын қосып алып, онан әрі қомақтанды бұл трест. Міне осы трестке көп ұзамай Мәтен басқарушы болып тағайындалды.

Сөйтіп ол осы бір ауыр қызметте төрт жыл істеп, өзіне тапсырылған міндетті бұрынғысынан мүлтіксіз орындады, әсіресе ескі шахтаның екінші өмірі деп аталатын қайта жабдықтау ісіне шебер басшылық етті, бұл тресте тас көмірдің жалтырай түсіп, дариядай тасқындауына жол салды.

М. Рахымбеков 1966 жылы Абай көмір тресінің басқарушысы болды. Қазір бұл трест кеншілері бесжылдық жоспарын орындау жолында жемісті еңбек етіп келеді. Мәтен өзінің бар инженерлік өнер-білімін, көп жылғы тәжірибесін КПСС XXIII съезінің шешімдерін, бесжылдықтың тапсырмаларын абыроймен орындап шығуға жұмсап отыр.

К. САДЫКОВ

Қарағанды

Әлеуметтік-экономикалық әдебиетті қазақ тіліне аударудың кейбір мәселелері

Совет еліндегі барша халықтар сияқты қазақ халқы да Октябрьден бергі жарты ғасырдың ішінде алып қадаммен өркендеп, адамзат мәдениетінің, өнер-білімнің таңдаулы үлгілерін молынан пайдалана алатын дәрежеге жетті. Қазіргі кезде қазақ еңбекшілері Карл Маркстің, Фридрих Энгельстің, Владимир Ильич Лениннің данышпандық еңбектерін, партиямыздың тарихи шешімдері мен программалық документтерін, дүние жүзі және орыс классиктерінің шабытты шығармаларын өз ана тілінде оқиды. Бұл — Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының ұлы жемісі.

Совет өкіметі тұсында К. Маркс пен Ф. Энгельстің 70-тен астам түрлі еңбегі қазақ тілінде басылып шықты, бұлардың жалпы тиражы 400 мыңға жуық. Лениннің қазақ тіліне аударылып басылған 270 еңбегінің тиражы 4 миллионнан асады. В. И. Ленин Шығармаларының орысша төртінші басылуына сәйкес қазақ тіліне аударылып, жарыққа шығуы, К. Маркс «Капиталының» тұңғыш рет қазақ тілінде жарық көруі халқымыздың рухани өміріндегі үлкен оқиға болды.

Партиямыздың аса маңызды документтері, әлеуметтік, экономикалық, ғылыми-техникалық және көркем әдебиет шығармалары сан миллион тиражбен, қазақ тілінде оқушыларға тарап, олардың идеялық-саяси дәрежесін, ой-өрісін, эстетикалық талғампаздығын арттыра түсетін білімнің қайнар бұлағына айналып отыр.

Республикамыздың экономикалық және мәдени дамуына сәйкес бізде аударма ісінің де бірнеше сатыдан өтіп, жетілгені, өнер ретінде, ғылыми жұмыс ретінде танылатын бұл істің белгілі бір принциптері мен қаридаларының сараланып қалыптасқаны мәлім. Ал аударма атаулының, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық әдебиет аудармасының сапасы, кемелдігі оның осы принциптер мен қаридаларға қаншалық сай келетініне қарай бағаланады.

К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин өз еңбектерінде аударма ісіне үлкен мән беріп, мұны тілдің даму заңдарына байланысты, қай тіл үшін болса да практикалық маңызы бар творчестволық іс деп білген.

Марксизм-ленинизм классиктерінің аударма ісі жөнінде айтқан данышпандық пікірлері олардың тіл білімі жайында ұсынған негізгі қиғдаларынан келіп шығады, өйткені аударманың міндеті, алғашында басқа бір тілде айтылған пікірлерді екінші тілде сөйлейтін оқушыға мейлінше анық, мейлінше толық жеткізіп беруде. Сондықтан да кемеңгер көсемдеріміз аудармашыға аса қатаң талаптар қойды: аударманы жай кәсіпке айналдырмай, бұл іске өте жауаптылықпен, ұқыптылықпен, творчестволықпен қарау керек деп үйретті; аударманы ең алдымен түп нұсқаның тілін толық түсініп, оның мазмұнын, ой-пікір желісін, оқиға мәнін жетік біліп, оны екінші тілде айнытпай беруге міндетті деп көрсетті.

Бұдан шығатын қорытынды — аударманы белгілі бір еңбекті басқа тілге аударғанда түп нұсқаның тілін мүлтіксіз білумен қатар оған объективтік көзбен қарауға тиіс, басқаша айтқанда, түп нұсқаның (оригиналдың) рухы мен мағынасын дұрыс талдай отырып, соған дәлме-дәл келетін, адекватты, құнды аударма жасауға тиіс. Түп нұсқаны басқа тілге аударғанда, оған өз жанынан сөз қосуға да, түп нұсқадағы дербес лексикалық мәні бар бірер сөзді тастап кетуге де аудармашының ешбір правосы жоқ, өйткені бұл ретте аударылатын тексттің стиль ерекшеліктеріне, мағынасына, көркемдігі мен өт-

кірлігіне елеулі нұқсан келмек. Бұдан еркін аудару тәсілі дейтіннің мүлде жарамсыз екені көрінеді.

Сонымен қатар марксизм-ленинизм классиктері түп нұсқадағы сөз тіркестерінің формалық жағына елікпестен, шын мағынасын терең пайымдауды қатаң талап ете отырып, текеті қалай болса солай, сөзбе-сөз аударуға мейлінше қарсы болды. Өйткені сөзбе-сөз аударғанда, біріншіден, тексттің өзі мағынасыз болып шығады, екіншіден, белгілі-бір еңбек аударылатын тілдің нормалары бұзылады. Ұлы көсемдеріміз түп нұсқаның тілі мен аударма жасалатын тілді бірдей жетік білу, түп нұсқаның түр-сипаты мен мағынасын дәл беру мақсатымен екінші тілдің сөз байлықтарын барынша толық пайдалану құнды аударма жасаудың негізгі шарты деп баса көрсетті.

Марксизм-ленинизм классиктерінің аударма жөнінде алға қойған басты талаптарын біздегі аударма міндеттеріне сәйкес қысқаша былай тұжырымдауға болады: аудармашы, біріншіден, аударылатын еңбек қай тілде жазылған болса, сол тілді, біздің жағдайымызда орыс тілін жетік білуге тиіс; екіншіден, еңбек қай тілге аударылатын болса, сол тілді, яғни біздің жағдайымызда қазақтың әдеби тілін жетік білуге тиіс; үшіншіден, аударманың предметін, яғни аударылатын еңбектің идеясын, терең мазмұнын, автордың стиль ерекшеліктерін мүлтіксіз түсініп, соны басқа тілде бұлжытпай берерлік дәрежеде әбден сауатты болуға тиіс.

Аударманың теориясы мен практикасынан біз аударманың үш түрі, яғни үш түрлі тәсілі бар екенін білеміз, атап айтқанда: 1) еркін аударма, 2) сөзбе-сөз аударма және 3) дәлме-дәл, яғни адекватты аударма.

Бізде еркін аударма тәсілі жиырмасыншы, отызыншы жылдарда басым болды. Қазіргі кезде де әлеуметтік-экономикалық әдебиетті аударуға бұл тәсіл оқта-текте көрініп қалып отырады. Аударылатын еңбекті қалың оқушыларға түсінікті етеміз деген сылтаумен қолданылатын бұл тәсілдің мүлде жарамсыз екенін жоғарыда айттық.

Сөзбе-сөз аударманың зияны да бұдан кем соқпайды. Түп нұсқаның формасы мен баяндау желісін дәл береміз деген сылтаумен қазіргі кезде жиірек қолданылып жүрген бұл тәсіл көбінесе аудармашының творчестволық дәрменсіздігінен келіп шығады. Кейбір жолдастар «сөзбе-сөз аударма» және «дәлме-дәл аударма» деген ұғымдарды осы күнге дейін шатастырып келеді. Ал шындығында бұл екеуі үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, мүлде қарама-қарсы ұғымдар.

Дәлме-дәл аудару принципінің ең басты талаптары — түп нұсқаның ғылыми дәрежесін, автордың стилін қатаң сақтау, аударылатын тексттің мазмұнын, пікір желісі мен логикалық байланысын бұлжытпай беру, нақтылы ұғымдардың мағынасын дәл көрсететін терминдерді дұрыс қолдану.

Аударма ісіне аса қатаң талаптар қойылатыны, аса жауапты міндеттер жүктелетіні осыдан айқын көрінеді. Аударманы жай бір қара дүрсін кәсіп деп, қосымша табыс көзі деп қарамай, терең білімді, жетік шеберлікті, тіпті дарындылықты керек ететін нағыз творчество деп санайтындар ғана осы талаптар мен міндеттердің дәрежесінде болмақ.

Осы талаптардың тұрғысынан алып қарағанда, әсіресе, соғыстан кейінгі жылдары әлеуметтік-экономикалық әдебиетті аударуда тәп-тәуір табыстарымыз бар. В. И. Ленин Шығармаларының, К. Маркс пен Ф. Энгельстің Таңдамалы шығармаларының, К. Маркс «Капиталының» I және II томдарының қазақ тілінде басылып шығуы бізде аударма ісінің дамуындағы жаңа кезең болды. Қазақстан партия ұйымының басшылығымен ұзақ жылдар бойы жүргізілген творчестволық іздену-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бізде дәлме-дәл, адекватты аударманың ғылыми принциптері қалыптасып, баянды етілді, өз ісін әбден жақсы білетін көптеген шебер аудармашыларымыз бен редакторларымыз өсіп жетілді.

Аударма ісіндегі жетістіктеріміз баршаға аян. Бірақ осынау үлкен істе әлі де тиянақты шешілмей жүрген мәселелердің, елеулі кемшіліктердің аз емес екені де даусыз. Ендігі міндет бар күш-жігерімізді осы мәселелерді жан-жақты талдап, түпкілікті шешуге, кемшіліктерді жоюға жұмсауда болып отыр.

Маңызды творчестволық мәселелердің бірі — орысша сабақтас құрмалас сөйлемдерді аудару жайы. Барша жұртқа мәлім, қазақ тілінің грамматикалық құрылысы орыс тілінің грамматикалық құрылысынан мүлде өзгеше. Жоғарыда айтқанымыздай, еркін аудару тәсілін жақтаушылар сабақтас құрмалас сөйлемді беталды бірнеше жеке сөйлемге бөліп жібереді де, түп нұсқаның мағынасына көрінеу нұқсан келтіреді.

Бұл пікірімізді дәлелдейтін бір мысал мынау: орысша текстіндегі **Определяя программные задачи, Коммунистическая партия исходила из реальных исторических условий, в которых Советская страна совершает переход к коммунизму** деген құрмалас сөйлемді аудармашы дербес екі сөйлем етіп былайша бөліп жіберген:

1) Программалық міндеттерді айқындаған кезде Коммунистік партия нақты тарихи жағдайларды негізге алды.

2) Совет елі коммунизмге осы жағдайларды шешу арқылы өтетін болады.

Мұнда біртұтас күрделі сөйлем ешбір қажеті болмаса да қазақша дербес екі сөйлемге айналдырылған, соның салдарынан фразеологиялық сөз тіркестерінің логикалық байланысы мен бірлігі бұзылып, орысша тексттің мағынасы өрескел бұрмаланған. Оның бер жағында қазақша екінші сөйлемнің мағынасыз болып шыққаны сондай, тіпті сынауға да тұрмайды.

Өз ісіне байыпты қарайтын тәжірибелі аудармашы бұл сөйлемді орынсыз бөлшектемей-ақ, оның формасы мен мазмұнының бірлігін бұзбай-ақ, әбден түсінікті етіп, дәл аударған болар еді.

Бір өкінішті жері — біз бір оқулықтан алып келтірген бұл мысал жеке-дара емес. Еркін аудару тәсілінің мұндай «үлгілері» біздегі аударма әдебиетте ара-тұра кездесіп қалып отырады. Енді екінші ұшқарылықты, құрмалас сөйлемді сөзбе-сөз аударушылықты көрсететін басқа бір мысал келтірейік.

Бір саяси документте мынадай орысша сөйлем бар: **Наука о строительстве социалистического общества, воплощенная в реально существующий социализм в СССР — выдающийся вклад в сокровищницу марксизма-ленинизма.**

Осы тексттің бастапқы қазақша нұсқасы былай болып шыққан: **Социалистік қоғам орнату жөніндегі, СССР-де нақты өмір сүріп отырған социализмде тұлғаланған ғылым — марксизм-ленинизм қазынасына қосылған көрнекті үлес.**

Мұнда аудармашы әңгіменің байыбына бармастан сөйлемді сөзбе-сөз аударған да, қазақша текстті түсініксіз етіп жіберген. Оның үстіне сөйлемнің алғашқы жартысы тілзаңының, жазу, сөйлеу мәдениетінің талаптарына мүлде қайшы келеді. Сонымен, сабақтас құрмалас сөйлемді аудару, аударғанда қазақ тілінің нормаларына сәйкес тексттің формасын, тұтастығын, логикалық байланысы мен мазмұн-мағынасын толық сақтау аудармашыдан үлкен шеберлікті керек етеді.

Тағы бір маңызды творчестволық мәселе — бейнелі сөздерді аудару жайы.

Орыс тілі дүние жүзіндегі ең бай, ең өркендеулі тіл екені мәлім. Онда бейнелі, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер мольнан кездесіп отырады. Орыс тілінің өзіне ғана төн идиома сөздер де көп.

Лениннің данышпандық еңбектері — ұлы орыс халқының орамды, мәнерлі, бай тілін шебер қолданудың, оны ілгері дамытудың асқан өнегесі. Ленин іргелі еңбектерінде, мақалаларында, хаттарында, сөйлеген сөздерінде орыстың ұлы жазушылары жасаған образдарды, типтерді, теңеулерді, нақыл сөздерді, халықтың мақал-мәтелдерін жиі пайдаланып, бұларды жұмысшы табының қас жауларын, кертартпалық пен бой күйездікті, сұрқиялық пен пасықтықты өлтіре әшкерелеп түйрейді өткір құрал етіп қолданады. Ленин Щедринаң «Головлев мырзалар» деген романындағы сұрқиялық пен екі жүзділіктің бейнесі болған Иудушка Головлевтің сипатына қарай халық жауы Троцкийді Иудушка деп атады; бос кеуде, су жүрек халықшыларды, әсерлерді Щедринаң сөздерімен данасынған шабақтар (премудрые пискари) деп бейнеледі; Гогольдің жасаған образдары бойынша патша өкіметінің озбыр, сотқар, топас өкілдерін Держимордалар деп, бос қиялға салынушыларды Маниловтар деп атады; меншивиктер түріндегі аянкес мешандықтың тұлғасын Чеховтың сөздерімен құндақты адам («Человек в футляре» деп түйреді, т.т.

Ленин өз еңбектерінде Крыловтың мысалдарындағы, Грибоедовтың «Ақылдың азабы» атты комедиясындағы нақыл сөздерді мақал-мәтелдер қатарында жиі қолданады. Мәселен, **А судьи кто? (Ал төрешілер кімдер?), — Услышишь суд глупца (Көшенің төрелігін тыңдар болсаң), Не приметить слона (Көрмес пілді де көрмес), Сильнее кошки зверя нет (Мысықтан күшті аң жоқ), Кукушка хвалит петуха (Қоразды көнек мақтайды), т.т.**

Халықаралық көлемде қолданылатын, тарихи мәні бар теңеулер де Ленин еңбектерінде жиі кездеседі. Мәселен, көзсіз авантюристік әрекет — **донкихоттық (донкихотство)**, нәтижесіз әрекет, яғни босқа арамгер болу — **Герастрат әурешілігі**, өте тар шеңбер — **Прокурст аясы (Прокустово ложе)**, осалдықтың белгісі — **Ахиллес өкшесі (Ахиллесова пята)** деп аталды.

«Не істеу керек?» деген атақты еңбегінде Ленин мынадай бір қызық мысал келтіреді: XVI ғасырда Лейпцигте кітап бастырушы Иван Балгорн дейтін кісі әліппенің сыртында ежелден бейнеленіп жүрген қораздың қасына қос жұмыртқаның суретін салғызыпты да, мұқабаның сыртына «түзетіп бастырған Иван Балгорн» деп жазғызыпты. Содан бері нәмістер орынсыз түзетуді, яғни дұрыс нәрсені бұлдірушілікті Балгорншілеу (**обалгорнивание**) деп атайды екен. Ленин осыған орай: Плехановтың пікірлерін

тереңдетемін деп өңін айналдырған Мартынов Балгорниның аяғын құшып отыр деп мысқылдайды.

Орыс тілі идиом сөздерге өте бай. Лениннің еңбектерінде, басқа да әдебиетте идиомдар жиі кездеседі. Жалпы идиом атаулыны бір тілден екінші тілге дәлме-дәл аудару мүмкін емес. Сондай-ақ, мәселен, **братъ быка за рога, вывести на чистую воду, дело в шляпе, держать нос по ветру** деген сияқты орысша сөз тіркестерін қазақ тіліне дәл аударуға келмейді. Сондықтан орыс идиомдарын, былайша айтқанда, ерекше фразеологиялық тіркестерді жетік білу — құнды аударма жасаудағы негізгі шарттардың бірі.

Бірақ, жасыратыны жоқ, идиомдарды барлық құрамдас бөлшектерін сақтап, сөзбе-сөз аударатын дүмше аудармашылар бізде әлі де аз емес. Осындай аудармашылардың бірі **держатъ нос по ветру** деген орысша сөз тіркестерін қазақша мұрнын желге тосу деп аударған, орыстың **насолить** деген оспақ сөзін тіке мағынасында **тұз себу** деп алған да, **он мне насолил** деген тіркестерді **ол маған тұз септі** деп көшіре салған! Мұндай үлгілердің қазақ тілінің нормаларына қайшы келетіні былай тұрсын, тіпті барып тұрған тіл бұзарлық екені айтынаса да белгілі.

Сондықтан мұндай идиомдарды тек қана мағынасына қарай аудару керек, яғни идиомдарды солардың теңбе-тең төлеуі, баламасы боларлық қазақша сөз тіркестерімен беру қажет. Мәселен: **братъ быка за рога** — тоқ етерін айту немесе түйінді жерін табу; **вставить палку в колеса** — кедергі жасау немесе аяқтай шалу; **вывести на чистую воду** — бет пердесін ашу — немесе әшкерелеу, **держатъ нос по ветру** — аңысын аңдау, т.т.

Енді орысша мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аудару жайын алатын болсақ, мұны аударма ісіндегі ең қиын творчестволық мәселе деу керек. Өйткені мақал-мәтелді аударғанда оның мағынасын да, формасын да, ұйқас, ырғақ, көркемдік жарын да толық сақтау шарт, ал мұның өзі екінің бірінде қолдан келе бермейді.

Сорыстан бұрын бұл жөнінде екі түрлі ұшқарылық болып келді: не орысша мақал-мәтелдің төлеуі ретінде орынды жерінде де, орынсыз жерінде де, қазақтың соған орайлас мақал-мәтелі қолданылды, не кездескен мақал-мәтел сөзбе-сөз аударылып алынды, бұл ретте нақыл сөздің мағынасының бұрмаланғанын былай қойғанда, оның ерекше қасиеті, көркемдігі мен өткірлігі жойылып кетіп отырды.

Сорыстан кейінгі жылдары марксизм-ленинизм классиктерінің, әсіресе В. И. Лениннің Шығармаларын қазақ тіліне аудару кезінде жинақталған тәжірибеге сәйкес бейнелі сөздерді, оның ішінде мақал-мәтелдерді орысшадан қазақ тіліне аудару принциптері белгіленіп, қалыптасты.

Ол принциптер мынадай:

1. Мақал-мәтелді мүмкін болған реттердің бәрінде табиғи сипаты мен көркемдігін, нақылдығы мен бейнелілігін сақтап, дәлме-дәл аудару керек. Былайша айтқанда, орысшадан аударылған мақал-мәтел өзінің формасы мен мазмұны жарынан түп нұсқаға мейлінше жақын, сонымен қатар қазақтың төл сөзі сияқты қонымды, өрі белгілібір нақты жағдайға деп келетін болуға тиіс.

Марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, әсіресе Ленин еңбектерін және басқа да әлеуметтік-экономикалық әдебиетті аудару нәтижесінде көптеген жаңа мақал-мәтелдер жасалып, қазақ тіліне сіңіп кетті. Мысалы:

Волков бояться в лес не ходить — Қасқырдан қорыққан тоғай араламас.

Дружба дружбой, а служба службой — Достық өз жөнімен, қызмет өз жөнімен.

И волки сыты, и овцы целы — Қасқыр да тоқ, қой да аман.

Не все то золото, что блестит — Жылтырағанның бәрі алтын емес, т.т.

Бұл мысалдардан біз аударманың түп нұсқамен дәл үйлесіп жатқанын, былайша айтқанда, форма мен мазмұн бірлігінің сақталғанын көреміз.

Бұл жерде айта кету керек, басқа тілдегі мақал-мәтелдер орысша баламалары болмаған реттерде орыс тіліне осы әдіспен аударылады. Осылайша орыс тіліне сіңіп кеткен шетел нақыл сөздері көп-ақ. Мысалы, **хорошо смеется тот, кто смеется последним** деген мақал — француз мақалының дәл аудармасы. Неміс, француз, ағылшын тілдерін жетік білген Ленин өз еңбектерінде мұндай мақал-мәтелді дәл аударып алады да, бұл нұсқа орыстың пәлендей мақалымен, не мәтелімен мағыналас деп көрсетіп отырады. Мысалы, **биз волков бояться** — **в лес не ходить** деген мақалды **қасқырдан қорыққан тоғай араламас** деп алғанда осы жайларды ескердік. Әрине, орыстың бұл мақалын мағынасына қарай шегірткенен **қорыққан егін екпес** деп аударуға да болар еді, бірақ бұл ретте мақалдың орыс халқына ғана тән өзгешелігі көрінбей қалар еді.

2. Орыс мақалын мазмұны мен формасын бірдей сақтап дәл аудару мүмкін болмаған жағдайда түп нұсқадағы кейбір сөйлем мүшелерін сәл өзгертіп қолдануға болады. Бірақ бұл ретте жаңа мақал-мәтелдің түп нұсқадағы мағынасына қайшы келмеуі және

көркемдік сипаты мен үндестігі жағынан қазақ мақалына мейлінше ұқсас болуы шарт. Мысалы:

Не спросясь броду, не суйся в воду — Өткелін білмей, су кешпе.

Кто в лес, кто по дрова — Біреу орман паналайды, біреу отын арқалайды.

Охота смертная, да участь горькая — Талабы зор-ақ, тағдыры тозақ, т. т.

Бұл мысалдардан көретініміз, аудармада мақал-мәтелдердің орысша тұрпаты сәл өзгергенімен, бұлардың қазақша баламалары мағына жағынан түп нұсқадан титтей де алшақ кеткен жоқ, ал нәші мен ырғағы жағынан бұлар қазақтың төл мақал-мәтелдері сияқты естіледі.

3. Орыс тіліндегі бірқыдыру мақал-мәтелдің орнына қазақ мақал-мәтелдерін қолдануға болады. Бірақ мұнда бір мықтап ескеретін жай бар: орысша мақал-мәтелдің орнына қолданылатын қазақша баламалар тек қазақ халқына ғана тән тұрмыс салты мен дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға байланысты болмауы шарт. Орысша нұсқалардың баламалары ретінде қолдануға болатын қазақ мақал-мәтелдерінің түрі бар екенін тәжірибеден білеміз.

Біріншіден, мағынасы жағынан да, формасы жағынан да орысшаға азды-көпті дәл келетін мақал-мәтелдер бар. Мысалдар.

Друзья познаются в беде — Достың достығы басыңа іс түскенде танылар.

Дурной пример заразителен — Жаман әдет жабысқақ.

Лучше поздно, чем никогда — Ештен кеш жақсы.

Утопающий хватается за соломинку — Суға кеткен тал қармар.

Поспешишь — людей насмешишь — Асыққан қалар ұятқа.

Что посеешь, то и пожнешь — Не эксең, соны орарсың, т.т.

Екіншіден, формасы жағынан үйлеспегенімен, мағынасы жағынан орысшаға дәл келетін мақал-мәтелдер бар. Мысалы:

Кошку бьют, невестке наветки дают — Қызым, саған айтам, нелінім, сен тыңда.

Сонымен, жорарыда келтірілген қазақ мақалдары мен мәтелдері көркемдігі мен бейнелілігі жағынан да, өткірлігі мен әсерлілігі жағынан да орысша нұсқаларға саймасап және олардың логикалық мағынасын дәл береді.

Қорыта айтқанда, дарқан орыс тіліндегі қанатты сөздердің, мақал-мәтелдердің көптеген үлгілері ұлы Лениннің еңбектерін және басқа әлеуметтік-экономикалық әдебиетті аудару арқылы қазақ тіліне еніп, оның сөздік құрамын байытып отыр.

Терминология мәселесі — марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын аудару жөніндегі негізгі мәселелердің бірі және құнды аударма жасау терминдерді дұрыс қолдануға да тікелей байланысты.

Термин дегеніміз ғылымда, техникада, өнер саласында қолданылатын белгілі бір ұғымды дәлме-дәл беретін сөз.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институты, Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты, Мемлекеттік терминология комиссиясы, тіл мамандары мен аудармашылар, әдебиетшілер мен журналистер қазақ тілінің әлеуметтік-экономикалық терминологиясын белгілеп, орнықтыруға едәуір еңбек сіңірді.

Бұл мәселеде кезінде екі түрлі ұшқарылықтың болғаны мәлім. Бірінші ұшқарылық — шетел немесе орыс тіліндегі ұғымдарды қалай болғанда да қазақ сөздерімен беруге тырысушылық еді де, екіншісі — аудармада шетел сөздері мен орысша ұғымдарды орынсыз қолданушылық болатын. Қазақстан партия ұйымы мен ғылыми жұртшылығымыз бұларға мықты тойтарыс беріп, терминологияны марксизм-ленинизм классиктерінің жетекші принциптеріне сәйкес ғылыми негізге салды.

Қазақ тілінде жаңа терминдер жасау үш түрлі барытта жүргізілді: біріншіден, интернационалдық терминдерді (соның ішінде орысшаларын да), олардың қазақша баламалары жоқ болса, аудармай алу (партия, революция, завод, т.т.) екіншіден, шетел немесе орыс терминдерінің мағынасын дәл бере алатын қазақ сөздерін қолдану (класс — тап, переворот — төңкеріс, эксплуатация — қанау, т.т.), үшіншіден, қазақ тілінің нормаларына сәйкес мүлде жаңа терминдер жасау (промышленность — өнеркәсіп, производство — өндіріс, изобретение — өнертабыс, кустарничество — майдагерлік, учебник — оқулық, т. б.)

Сонымен, марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін және басқа әлеуметтік-экономикалық әдебиетті қазақ тіліне аудару нәтижесінде қазақ тілі мыңдаған жаңа ұғымдармен, терминдермен, бейнелі сөздермен байыды.

Бірақ әлеуметтік-экономикалық терминдер саласында бізде әлі де анықтай түсуді, ақылдасып шешуді керек ететін жайлар көп. Бұл жөніндегі ала-құлалықты, шалағайлықты, теріс кетушілікті енді біржола жоятын мезгіл жетті. Осы пікірімізді растайтын бірнеше мысалдар келтіре кетейік.

Баспасөзде, радио мен телевизияда кейбір интернационалдық терминдер мен ұғымдар түрліше нұсқада жазылып, айтылып жүр. Мәселен, 1966 жылы шыққан бір оқулықта конфиснация деген термин қазақша төрт түрлі алынған: кәмпескелеу, конфескелеу, конфискалау, конфискелеу. Бұл — шалағайлық пен білместіктің нәтижесі. Оның дұрысы — конфиснация, конфиснациялау болуға тиіс (национализация-национализациялау деген терминдер сияқты).

Тағы бір оғаш нәрсе — кейбір аудармашыларымыз бен журналистеріміз орыстың біраз сын есімдерін қазақша теріс нұсқада қолданып жүр. Мәселен, прогрессивное человечество, прогрессивный строй, агрессивная политика империализма деген ұғымдарды тиісінше прогрессивтік адамзат, прогрессивтік құрылыс, империализмнің агрессивтік саясаты деп аударатындар бар. Бұлар сөздің сын есім формасы мен түбірін ажырата білмейді. Ал жоғарыдағы сын есімдер прогресс және агрессия деген түбірлерден шыққан. Ендеше біз келтірген тіркестерді: прогресшіл адамзат, прогрестік құрылыс, империализмнің агрессиялық саясаты деп алған дұрыс емес пе?!

Кейбір жолдастар орысша қолданылатын сын есім формаларына қарай документальный дегенді документалдық, экспериментальный дегенді эксперименталдық, патриархальный дегенді патриархалдық деп алады. Бұл да түсінбестіктің салдары. Дұрысы: документтік, эксперименттік, патриархтық.

Үшінші бір қателік — орысша біркелкі айтылып, жазылатын, бірақ мағынасы әртүрлі омонимдерді бір-бірінен ажырата білмеушілік. Мысалы, кредит деген сөздің негізгі екі түрлі мағынасы бар. Бірақ мұны кейбір аудармашыларымыз қай контексте тұрса да әрдайым несие деп аударады. Шынында финанс-банк қызметіне байланысты кредит деген ғылыми термин бар, мұның өзі — саяси экономияның категориясы, сондықтан мұны қазақша тек қана кредит деп алу керек. Ал енді екінші мағынадағы кредит сауда-саттық саласына жатады, товарды сатып алушыға белгілі бір мерзімге дейін ақшасыз беретін жайды аңғартады, сондықтан тек осы мағынадағы кредитті ғана несие деп аударған мақұл.

Орыстың военный деген сын есімін аудару жөнінде де осыны айту керек. Бұл сөздің де екі түрлі мағынасы бар екенін, бірі тікелей соғыс ұғымын білдірсе, екінші мағынасы ел қорғауға, әскерге, армияны жабдықтауға байланысты екенін ажырата білмей, мұның екеуінде де соғыс деген сөзді қолданып келдік: соғыс комиссариаты, соғыс-теңіз флоты, революциялық-соғыс комитеті, т. т.

Қазір терминкомның қаулысы бойынша бұл қателік түзетілмекші. Енді мұны екі түрлі мағынасында дұрыс қолдану керек. Мәселен, Военная опасность — соғыс қаупі, военный комиссариат — әскери комиссариат, военная организация — әскери ұйым, военно-революционный комитет — әскери-революциялық комитет, т. т.

Газеттер мен журналдар бетінде, радио мен телевизия хабарларында екінің бірінде оғаш, ерсі сөздер мен сөйлемдер кездесіп отырады. Бұл жағдай аудармада ғана емес, қазақ тілінде әзірленген материалдарда да орын алып келеді.

Мысалы, мегежін деудің орнына аналық шошқа, тораи деудің орнына шошқаның баласы, саулық деудің орнына аналық қой деушілер әлі де аз емес. Тегінде орыстың маточное поголовье деген сөздерін аналық мал деп алу дұрыс емес. Мұны төлдейтін мал деу керек.

Немесе мынадай сөз тіркестерін оқығаныңда қатты налисың: Тағдырдың еркіне тасталды, Польша мен Чехослованияны азат етуге бастама салынды, жоспар жасауға кірісілді, халықтың аз бөлігін құрайды, т. т. Кейбір жолдастар қазақтың бірлі-жарым төл сөздерін де бұрмалап қолданады: аспаз — аспазшы, диқан — диқаншы, шашта-раз — шаштаразшы, куэ — куәгер, т. т.

Әрине, мұның бәрі тіл бұзарлықтан басқа түк те емес.

Бір тәуір жері, мұндай «аударма тілі» өмірден бірте-бірте аласталуда, ендігі міндет бұл сияқты «үлгілерден» біржолата арылуда болып отыр.

Кемшіліктерден тезірек арылып, тіл мәдениетін шыңдал, жетілдіре беру үшін баспасөзде тілдің тазалығын сақтау, терминдер мен атаулардың мағынасын қалың еңбекшілерге түсіндіру, бұларды орынды қолдану бағытында тынбай жұмыс істеу қажет болады.

Қ. САҒЫНДЫҚОВ

Кемеңгер көсем туралы естеліктер

Владимир Ильич Ленин туралы, оның өмірі мен қызметі, ленинизм салтанаты туралы соңғы жылдардың өзінде талай тамаша кітап жарық көрді. Ленин тақырыбына шығармалар басып шығару, әсіресе қазір көсеміміздің туғанына 100 жыл толу мерекесіне әзірлік күндерінде қызу қолға алынып отыр. Мерекелік кітаптардың ішінде Владимир Ильичпен кездесулер жайында сыр шертетін естеліктердің, естелік жинақтарының алатын орны айрықша. Бұл түсінікті де. Өйткені данышпан ұстазымыздың, кемеңгер көсеміміздің өмірі мен қызметін оқып үйренуде естеліктер аса бағалы құрал.

Көп ұлтты байтақ Отанымызда В. И. Ленинді көріп, онымен кездесіп, әңгімелескен партия, совет, комсомол қызметкерлері, ғалымдар, акын, жазушылар, қарапайым еңбек адамдары легінде қазақстандықтар да болғанын біз мақтаныш етеміз. Мысалы, тарихи деректерден, 1917 жылдың аяқ шенінен бастап 1924 жылға дейінгі аралықтың өзінде екі жүзден астам қазақстандық Ильичпен кездескені белгілі.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институты соңғы жылдары Ленин тақырыбына арналған сан тарау кесек туындылармен бірге естеліктер жинағын шығарып тұруды да игі дәстүрге айналдырып отыр. Институт коллективі 1968 жылы Владимир Ильичпен кездескен адамдардың естеліктерінен құралған осындай бір жинақты¹ оқушылар қауымына ұсынды.

Әр тұста, әр кезде Ильичпен кездескен көрнекті партия, мемлекет қайраткерлерінің, жұмысшылар мен солдаттардың көсем туралы жүрек тебіренерлік естелік-әңгімелері өзінің шынайылығымен, егжей-тегжейлі құнды деректерімен, анық та айқын әуезімен жұртшылықты қызықтырып отырады. Бұлай болуы заңды да. Өйткені естеліктерде көсемнің адамгершілік асыл қасиеттері, ақыл-ой парасаты, сөздерінің терең мағыналылығы, алмастай өткірлігі, логикалық күш-күдіреті, тапқырлығы мен даналығы кестеленеді. Естеліктер көсемнің еңбекшілерге деген мейірбандығын, қарапайымдылығын, кішіпейілдігін, принциптілігін әңгімелейді.

«Олар Ленинмен дидарласқан» атты кітапта жарияланған естеліктер де, негізінен, жұртшылыққа ұлы көсемнің өмірі мен қызметіне байланысты талай-талай ғажайып деректерді баяндап береді. Жинақтың құндылығы да міне осында.

Ілгеріде айтылғандай, 1917—1924 жылдары Қазақстаннан қызмет бабымен Москваға барған 200-ден астам адамды Владимир Ильич қабылдаған. Бұлардың қатарында Ә. Жанкелдин, С. Меңдешев, С. Сей-

¹ Олар Ленинмен дидарласқан. «Қазақстан» баспасы. 1968 ж. Жинақты құрастырған тарих ғылымының кандидаты Х. Айдарова. Редакциясын басқарған С. Бейсенбаев.

фуллин, Т. Рысқұлов және республикамыздың басқа да көрнекті қайраткерлері бар. Олар идеялық жағынан шынығуды лениндік ұлы мектебінен өтті, сөйтіп Қазақ Советтік республикасының көрнекті партия және мемлекет қайраткерлері дәрежесіне дейін өсті. Жинаққа енгізілген естеліктер Ильичке деген шынайы сүйіспеншілікке, жүрек түкпірінен шыққан жылы лебіздерге, көсемнің жарқын бейнесі мен оның ұлылығын паш ететін деректерге толы.

«Шығыстың түрлі халықтарының өткен замандарда талай ұлы адамдары, данышпандары, пайғамбарлары, қаһармандары болған; ол адамдарынан айрылып та жүрген. Бірақ ол ұлы адамдар тек бір халыққа ғана, дұрысын айтқанда, бір халықтың аukatты таптарына ғана қымбат еді.

Ленин Шығыстың барлық халықтарына қымбат. Бұлардың көзінде Ленин данышпанның данышпаны, көзі қырағы пайғамбар, үздік туған қаһарман. Революциялық күрестің, жұмысшы табы қарулы көтерілісінің, еңбекшілер өкіметі диктатурасының және дүние жүзі империализмінің қанды шенгелінде езілгендердің қорғаны. Шығыс халықтарының көзінде — Ленин.

Бүтін Шығыста, ұланғайыр жалпақ шөлдерде Ленин есімін білмейтін бір үй, бір лашық жоқ...»

Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сәкен Сейфуллиннің қаламынан туған «Ленин һәм оянып келе жатқан Құншығыс» деген естеліктегі осынау сөз кестесін тебірене оқысын, одан дүние жүзі еңбекшілерінің ұлы көсемге деген жүрек лүпілін ұққандай боласын.

Естеліктер Ильичпен кездесу кезеңдеріне орай хронологиялық тәртіппен орналастырылған.

Естеліктерде Лениннің Қазақ республикасының партия, мемлекет қайраткерлерімен, қатардағы еңбек адамдарымен кездесулері әңгімеленеді, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің Қазақстанда революциялық ұлы өзгерістерді жүзеге асыруға көрсеткен шексіз үлкен көмегі, әкелік қамқорлығы суреттеледі.

Бұл жинақты оқығанда қазақ еңбекшілерін социалистік революцияға баулуда, ұлт-азаттық күресте пролетарлық ықпалды қамтамасыз етуде, еңбекшілердің интервенттерге, аққардияшыларға, алашордашыларға қарсы күресінде, Қазақстанда лениндік ұлт саясатының мүлтіксіз жүзеге асырылуында, жергілікті жерлерде партия және советтік мемлекет органдарының ұйымдастыруда Ильичтің әкелік қамқорлығын айқын көресің.

Лениннің Қазақстанның гүлденуіне көрсеткен қалтқысыз көмегін сипаттайтын әсерлі көріністің бірін мысалға келтірейік.

Ә. Жанкелдинмен әңгімелесіп отырып, Владимир Ильич былай дейді:

«— Дала өлкесіне аттаныңыз да, жұмысқа кірісіңіз. «Барлық өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранды жақтаныз. Қысылшан сәттерде үзбей хабарласып тұрыңыз, ұялмай-ақ менің өзіммен тікелей сөйлесе беріңіз. Сіз Торғай облысының Төтенше облыстық әскери комиссары болып тағайындалып отырсыз...»

Ильичтің Қазақстанда экономикалық, әлеуметтік ұлы өзгерістердің жүзеге асырылуына ұдайы көңіл қойып, зер салып отырғанын көрсететін жарқын фактілерге кітапта кең орын берілген. Осы орайда 1919—1920 жылдары Қазақ өлкесінде Әскери-революциялық комитеттің председателі болып істеген Станислав Станиславович Пестковскийдің естелігіндегі мына бір факт ерекше назар аударады.

С. С. Пестковский Ильичтің қабылдауында болып, өлкенің жалпы шаруашылық және саяси жағдайын баяндап береді. Әңгіме жол қатынасының қиындықтарына, осымен байланысты саяси-ағарту жұмысын жүргізудегі, әсіресе жаппай сауатсыз көшпелі қазақтар арасында жүр-

гізілетін жұмыстың қиындықтарына ойысқанда Ленин айрықша бір соңы ұсыныс жасайды: баяндамалар мен лекциялардың көбін қазақ тілінде грамофондық пластинкаларға түсіріп, жазып алған абзал болар еді. Егер қазақ лекторлары жеткіліксіз болса, лекцияларды орыс тілінен аудару керек. Бәлкім, грамофондарды көбірек алып, содан соң оларды әлгі пластинкалармен бірге сахараға таратып беру керек болар...

Лениннің Қазақстанға көрсеткен қалтқысыз көмегі мен шексіз қамқорлығы басқа да көптеген естеліктерде өз өрнегін тапқан. Бұл естеліктердің желісі халықтардың құрыштай берік, айнымас достығы мен пролетарлық интернационализмнің лениндік идеясына негізделген. Осы бағыттағы тарихи деректер мен фактілер әсерлі де тартымды.

1898 жылдан КПСС мүшесі, кәнігі революционер, Василий Николаевич Соколовтың «Халықтар достығы» деген естелігінде Лениннің ұлт қатынастарын терең талдап, данышпандықпен тұжырымдай білгені жақсы суреттеледі.

1920 жыл. Кремль. Мұнда жана құрылған Қазақ автономиялы республикасы мен Сибирь арасындағы шекара мәселесі талқыланып жатыр.

— Баяндамашы кім? — дейді Ленин мәжілісті ашып, — Серго¹ жолдас... Кәне, бастаңыз! Істің түйінін ғана — қысқаша баяндап беріңіз.

Председательдік етуші сағатты желетінің қалтасынан алып, стол үстіне қойды: әрбір минутын зая жібермеуге дағдыланған, бір кездегі астыртын жиналыстар өткізуде қалыптасқан ескі әдетін қатаң қадағалайтыны көрініп тұр.

Лениннің «қысқаша» деген сөзінің мән-мағынасы жұрттың бәріне әбден түсінікті. Мұның мәселені талқылаудағы асығып-аптығумен, үстірттікпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын бәрі де терең ұққандай. Бұл сөздің мағынасы мәселенің байыбына барып, ойдың жинақты баяндалуында жатыр.

Шекара мәселесінде кейбір жолдастар біржақты, теріс ұғымда болған еді. Біреулер Ертіс бойындағы қазақтар мен қоныстанушылар орналасқан территорияның Қазақстанға берілуіне қарсы болса, өнді біреулер қоныстанушыларды Қазақстан жерінен қайтадан көшіріп алып кету керек деген ұшқары пікірде еді. Мәжіліс барысында осы екі бағыттағылар да өз пікірлерінің мүлдем қате екенін ұқты.

В. И. Ленин мәселенің жан-жақты талқыланып, алақанға қойғандай айқын шешілуіне, әр шешеннің өз ойын іркілмей, еркін айтуына, олардың көзін шындыққа жеткізуге зер салып отырды.

Мәжіліс өткізілетін бөлмеге Қазақстан өкілдері кіргенде, Ленин оларды аса бір жылы шыраймен бірден баурап алды:

— Бәрекелді, мінеки, біздің той иелеріміз де келіп қалды! Сәлеметсіздер ме! Сөз басы осы болсын, сіздер мына бір жайды айтыңыздаршы: казактардың сіздерге өктемдік еткені хауіпті ме, әлде сіздердің казактарға өктемдік еткендеріңіз хауіпті ме, — қайсысы хауіпті?

Ғалым Тәжібаев қолындағы малақайын жұмарлап, жиналыста отырғандарды шолып шықты, сөйтті де, не дерін білмей саскалақтап, қолын жая берді. Бірақ Ленинге көзімен бір қарап алды да, масайрай күліп, жүзі гүлдей жайнап тұрып:

— Қайдам... Соның екеуі де хауіпті-ау осы! Менің ойымша, біреудің «өктем» болуы неге керек немесе біреудің «тәуелді» болуы неге керек?.. Тізе қосып, бір сапта болайық та осы!

Ленин, риза болып, жадырай күліп тұрды.

Әлгі Ғалым Тәжібаев мәжілісте сөз алып, өз пікірін ортаға салады. Ол Ертістің Қазақстанға берілуі қажет деген пікірді қостай келіп, со-

¹ Әңгіме Г. Қ. Орджоникидзе туралы болып отыр. — Ред.

нымен бірге қоныстанушылар жайындағы ойын да айтады: «Және де біз казак еңбекшілері мен орыс шаруаларын Сибирьге көшіру керек деген ұсынысқа қарсымыз...».

Ғалым жүрегі лүпіл қағып, толқып тұр. Аузына ойындағы сөзі түспей, сасқалақтап қалғандай. Осы кезде Владимир Ильич ерекше бір мейірбандылықпен, адептілікпен Тәжібаевтың сөзін жалғастырып әкету үшін оның ойын жетектейтін сұрақ береді:

«— Ертiс сiздерге шаруашылықтың қыбын тауып жүргiзуге үйрену үшін керек қой, солай ма?»

— Иә, иә, солай... — деп Ғалым Тәжібаев қойылған сұрақты қуана құптай жетті, — қыс көзі қырауда, жемшөп тапшылығынан, қыруар мал қырылып жатады. Қазактар пішен дайындайды — олардан мұны біз үйренуіміз керек!

— Демек, ұстаздарыңды, — деп құптай сөйледі Ленин — көшіріп жібергілерің келмей ме?

— Көшіріп не керек? — дейді Ғалым жадырай сөйлеп. — Көшірудің керекі жоқ! Олар тұра берсін, — олардан казактарға келер пайда шексіз көп!

— «Бәрекелді, мінеки, бұл тіпті жақсы, — деді Ленин».

Осы бір мысалдың өзінен-ақ Ильичтің адамдар ойын ашық, анық, еркін білдіруге жетелеп, халықтардың өзара тәжірибе алмасып отыруын, достықты көздің қарашығындай сақтап, нығайта беру, жас Совет өкіметі еңбекшілерін интернационалдық рухта тәрбиелеу жөніндегі қағиданы терең ұға білуіне көмектескенін аңғарамыз.

Кітаптары естеліктерде баяндалатын көптеген тамаша деректерден Ильичтің пролетарлық интернационализм мен халықтар достығы принциптеріне үлкен маңыз бергені айқын көрінеді. Ильич еңбекшілер арасында жүргізілетін саяси-көпшілік жұмыстардың дәйектілігіне, пәрменділігіне, нақтылығына үздіксіз зер салып, қадағалап отырды. Көсемнің осынау талаптарының социализм мен капитализм арасында кескілескен идеологиялық күрес жүріп жатқан қазіргі кезеңде де маңызы зор.

«Олар Ленинмен дидарласқан» атты жинақ — жұртшылықтың қызыға оқитын кітабы. Ильичпен кездескен адамдарды іздеп табуда, олардың естеліктерін баспаға әзірлеп, фактілердің тарихи шындығын, дәлдігін анықтап, сұрыптауда қыруар іс тындырылғаны байқалады. Дегенмен жинақ кейбір кемшіліктерден құралақан емес. Айталық, Ильичпен кездесуге тікелей қатысы жоқ бірлі-жарым естеліктерге кітаптан орын берілгені, ал жекелеген естеліктердің үстірт жазылғаны немесе кейбір авторлардың естеліктерінде орынсыз қайталаулар кездесетіні бұған дәлел.

И. М. Губкиннің естелігін оқып шыққанда тіпті ол Ильичпен кездеспеген бе деп ойлап қаласың. Өйткені, автор өзінің кездесулері жайында нақты ештеңе айта алмаған. Ал Ж. Избасаровтың, И. Г. Гуреевтің, Е. И. Ривлиннің және басқаларының естеліктері бірін-бірі қайталау болып шыққан. Егер бұл қайталаулар бірінің айтпағанын екіншісі толықтырып отырса, онда бұған ешкімнің де таласы болмас еді. Бірақ олай болып шықпаған.

Естеліктерді редакциялау үстінде жеткен ағаттықтар да бар. Авторлардың айтпақ ойын ұштай түсіп, мәнерлеп отыру жағы ескерілмеген.

Қорыта келгенде аталған жинақтың Қазақстанда шығарылатын Лениннамадан өзінің лайықты орнын алары сөзсіз. Осындай естеліктер жинағына үгітшілер мен насихатшылар ғана емес, сонымен бірге қалың бұқара өте зәру.

М. МАМАЖАНОВ.

Лениндік ұлт саясатының салтанаты

Соңғы кезде республикамызда қоғамдық ғылымдар саласынан бір-қатар кесек еңбек жарыққа шықты. Солардың бірі — жуырда «Қазақстан» баспасы шығарған, тарих ғылымының кандидаты Н. Киікбаевтың «Қазақстанда лениндік ұлт саясатының салтанат құруы» деген монографиясы.

Ұлт мәселесі — марксизм-ленинизм ілімінің күрделі саласы. Бұл мәселенің маңызы Октябрь революциясы жеңіп шыққаннан бері, халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы күшейіп, империализмнің отарлық саясаты күйреп отырған кезде, жаңа құрылған тәуелсіз мемлекеттер дербес даму жолына түскен кезде онан сайын арта түсуде. Осы тұрғыдан дүние жүзіндегі бірінші социалистік ел — Совет Одағында ұлт мәселесінің шешілу тәжірибесі айрықша орын алады. Сондықтан ұлт мәселесіне арналған еңбектердің қандайы болсын оқушы қауымды қызықтырады, олардың ынтасын арттырады. Жалпы көлемі 18 баспа табақ болып, орыс тілінде шыққан бұл еңбек — автордың көп жылдар бойы ізденіп, жинаған материалдары мен ой пікірлерінің, тұжырымдарының жемісі.

Монография екі тараудан, кіріспе мен қорытындыдан тұрады. Монографияның басты ерекшелігі КПСС-тің лениндік ұлт саясатын Қазақ республикасының мысалымен жан-жақты терең зерттеуінде. Ұлт саясатының салтанат құру заңдылықтары, бұл жөніндегі Коммунистік партияның бай тәжірибесі мол қарастырылып, тиянақты тұжырымдалады. Автор кітабында көптеген нақты материалдарға сүйене отырып, Қазақстанда Совет өкіметі жылдарындағы ұлт мәселесінің негізгі белестерін елестетеді. Сонымен бірге монографияда қазақ халқының социалистік ұлт болып қалыптасқаны, ұлттар арасында жаңа социалистік қоғамдық қатынастар орнағаны әңгімеленеді. Тағы бір айта кететін жәйт, еңбекте ұлы орыс халқы мен қазақ халқының арасында мызғымас достық орнағаны және соның нәтижесінде қазақ халқы мәдени, экономикалық мешуәліктен біржола арылғаны, алдыңғы қатарлы дамыған халықтармен теңесіп, бір сапқа тұрғаны дәлелденеді.

Шынында да Коммунистік партияның дана басшылығы арқасында ұлт мәселесінің дұрыс шешілуі, ал ұлт аймақтарындағы халықтардың Совет өкіметі жылдарында ұлы орыс халқының шынайы достық, қалтқысыз көмегі арқасында орта ғасырлық патриархтық-феодалдық қатынастардан бірден тура социализмге өтуі — зор табыс, халықаралық маңызы зор оқиға.

СССР-де ұлт мәселесінің шешілуі — ұзақ жылдар ішінде жүзеге асырылған көптеген әлеуметтік, экономикалық және мәдени шаралардың баянды нәтижесі. Рецензияланып отырған еңбекте мәселе міне осы тұрғыдан зерттелген. Монографияның негізгі тараулары лениндік ұлт саясатының жемістерін баяндауға, оны жүзеге асыру жолындағы көптеген тәжірибелерді жинақтап қорытуға және осы тақырыпқа байланысты еңбектерді талдауға арналған.

Сонымен қатар Н. Киікбаевтың кітабында тарихи шолулар жасалады. Қазақтар, дейді автор, Совет Одағындағы ежелгі халықтардың бірі.

Оның тарихы көне дәуірден басталады. Советтік тарих ғылымының деректері бойынша қазақ халқының дербес қалыптасуы біздің заманымызға дейінгі II ғасырдан басталып, біздің заманның XV—XVI ғасырларында аяқталған. Сөйтіп, автор қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы тарихи ұзақ мерзімге, яғни 17—18 ғасырға созылғанын аңғартады. Бұл шындығында да солай. Өйткені тек қазақ халқы ғана емес, басқа да Шығыс халықтары көпшілігінің дербес халық болып қалыптасуы ұзақ мерзімге созылған. Мәселен, монғолдардың, тағы басқа халықтардың рулық қоғамнан алғашқы таптық қоғамға көшуі мың, мың жарым жылға созылғаны тарихтан белгілі. Олай болатын себебі, көшпелі шаруашылықпен айналысқан халықтардың өндіргіш күштері қашан да шабан дамып, рулық қоғамның ыдырауы мен таптық қоғамның қалыптасуы ұзақ мерзімге созылады.

Кітапта Қазақстанның тарихында елеулі белес болған, қазақтардың Россияға өз еркімен қосылуы және оның прогрестік маңызы баяндалады. Сонымен бірге патшалық Россияның отарлық саясатын ашып көрсететін деректер келтіріледі.

Қазақ халқының тұтас ұлт болып қалыптасуында маңызды роль атқарған В. И. Ленин мен М. И. Калинин қол қойған, Бүкіл Россиялық Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасын құру туралы 1920 жылғы 26 августағы тарихи декрет екенін автор дұрыс атап өткен. Қазақ АССР-інің құрылуы, дейді автор, қазақ халқының Коммунистік партияның басшылығы мен ұлы орыс халқының зор көмегі арқасында феодализмнен социализмге өтуіне данғыл жол ашты.

Лениндік ұлт саясатының Қазақстанда жүзеге асу жолдарын талдай отырып, автор өзіндік тұжырымдар жасайды, кейбір соны пікірлер айтады. Мысалы, қазақ социалистік ұлтының қалыптасуы мен дамуын автор үш дәуірге бөледі.

Бірінші дәуірге 1917 жылдың октябрінен 1927—1928 жылдарға дейінгі кезең жатқызылған. Бұл дәуірде, дейді автор, қазақ халқының социалистік ұлт болып қалыптасуының саяси, әлеуметтік, экономикалық және идеологиялық негізі жасалды.

Екінші дәуір 1928 жыл мен 1937 жылдың аралығын қамтиды. Бұл жылдары, дейді автор, социалистік индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендіру және мәдени революция жасау арқылы елімізде социалистік өндіріс әдісі орнатылды. Бұл дәуірде қазақ социалистік ұлтының қалыптасуы аяқталды.

Үшінші дәуір — қазақ социалистік ұлтының гүлденіп, өркендеу дәуірі, социалистік қоғам құрылысынан коммунизмге қарай аяқ басқан дәуір. Міне осы дәуірлерге сипаттама бергенде автор көптеген тарихи, статистикалық деректерді, архив қазынасынан алынған материалдарды пайдаланған.

Монографияда еліміз халықтарының туысқандық достығын нығайтуда, ұлттардың жаңа қарым-қатынасын орнықтыруда, Советтік Социалистік Республикалар Одағын құруда В. И. Лениннің орасан зор роль атқарғаны тәуір көрсетілген.

Сөз жоқ, республикамыздың экономикалық, мәдени, саяси дамуында көп уақыт Қазақстанның автономиялық республика ретінде РСФСР құрамына кіруінің ерекше маңызы болды, мұны автор да дұрыс атап өткен. Өйткені мұның өзі қазақ халқының ең алғаш рет мемлекет болып өркендеуі үшін, келешекте ілгері қадам басқан елдердің қатарына қосылуы үшін бірден-бір дұрыс жол еді.

Қазақстандағы социалистік құрылыс мәселелеріне партиямыздың Орталық Комитеті, оның көрнекті қайраткерлері И. В. Сталин, С. М. Киров, М. И. Калинин, А. А. Андреев, Г. К. Орджоникидзе және басқалар айрықша көңіл бөліп, ұдайы жәрдем көрсетіп отырғанын автор орынды

еске салады. Сонымен бірге Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері В. В. Куйбышевтің Қазақстанға сіңірген еңбегін, Қазақстанмен тығыз байланыс жасағанын көрсеткен орынды болар еді. Әрине, В. В. Куйбышевтің есімі кітапта кездесіп отырады, бірақ басқа мәселелерге байланысты жол-жөнекей аталады.

Қазақ халқының социалистік ұлт болып қалыптасуында елімізді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің зор роль атқарғанын автор жүйелі талдайды.

Индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясатының жалпы заңдылықтарымен бірге олардың Қазақ республикасындағы ерекшеліктері, жергілікті жерлерде орын тепкен қиыншылықтар мен кедергілер нақты фактілерді талдау арқылы ұғымды түсіндірілген. Ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың, әсіресе Қазақстанда өте маңызды болу себебін автор коллективтендіруге дейін қазақ халқының 90 проценті шаруалар болып келгендігінде деп дәлелдейді. Кітаптың тағы бір қозғаған мәселесі — бұрын көшпелі шаруашылықпен айналысып келген шаруалардың коллективтендіру нәтижесінде отырықшылыққа көшу жолдарын зерттеу, оның маңызын көрсету. Бұл жөнінде де монографиядан көптеген нақты фактілер мен тұжырымдар табылатыны даусыз.

Қазақ халқының мешеулігін жоюдағы мәдени революцияның ролі де кітапта бірсыдырғы жақсы баяндалған. Автор мәдени революцияны жалпылама түрде ғана емес, сонымен бірге оның нақты Қазақстан жағдайындағы мәнін де саралап аша білген.

Н. Қижбаев қазақ халқының социалистік құрылыс жылдарында қолы жеткен сан алуан табыстарын, Қазақстанның одақтас республикаға айналуын, сондай-ақ қазақ социалистік ұлтының дамып, өсуін арнайы сөз еткен. Осыған орай Қазақ өлкесінде Коммунистік партия ұйымдарының құрылу, даму мәселелері, КПСС-тің жауынгер отрядтарының бірі — Қазақстан Коммунистік партиясының өсу, нығаяу белестері сөз болады.

Оқушы қауым бұл кітаптан ұлт мәселесінің Қазақстанда даму тарихы мен кезеңдері туралы, коммунистік құрылысты кең өрістету кезіндегі ұлттық қарым-қатынастардың шындалып, жетілуі туралы, Совет Одағы Коммунистік партиясының ұлттық қатынастарды дамыту бағытындағы шаралары туралы көптеген мағлұмат алады.

Алайда Н. Қижбаевтың кітабы жеке кемістіктерден құр емес. Әрине, Қазақстан сияқты ірі республикада лениндік ұлт саясатының салтанат құруының барлық кезеңін бір кітапта егжей-тегжейлі баяндап шығу қиын. Сондықтан болу керек, монография авторы ұлт саясатын іске асырудың барлық дәуірін қамтимын деп, кей кезеңдерді үстірт шолып шыққан.

Кітаптың жалпы мазмұны тарихты буржуазияшыл бұрмалаушыларға соққы беретіні ақиқат. Әсіресе Совет өкіметі тұсында қазақ халқының қолы жеткен табыстары әсерлі баяндалады. Бірақ Советтік Қазақстан тарихын буржуазия насихатшыларының бұрмалау фактілері, олардың теориясымақтары терең сыналмайды.

Лениндік ұлт саясатының салтанат құруын сөз еткенде еске алатын нәрсе — партия ұйымдарының еңбекшілерге интернационалдық тәрбие беру тәжірибесі. Ал монографияда міне осы мәселеге жете көңіл бөлінбеген. Интернационалдық тәрбие мәселелері монографияның әр жерінде шашыранды сөз болмай, өз алдына тарау, не жеке бөлім ретінде толығырақ баяндалуы жөн еді.

Лениндік ұлт саясатының біздің елімізде, оның ішінде Қазақстанда жүзеге асырылуы ұдайы жеңіл табыс үстінде, тарихтың даңғыл жолымен самғау жағдайында болған жоқ. Оның толып жатқан соқпақтары мен қиыншылықтары бар еді. Бірақ аталған еңбекте бұл мәселе жан-

жақты зерттелмегені байқалады. Оны автордың өзі де кіріспесінде мойындайды.

Лениндік ұлт саясатын Қазақстанда іске асыру барысында ұлы державалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдыққа, оның қалдықтарына қарсы күрес тек үстірт қана аталып өтеді. Тіпті осы тақырып төңірегінде шыққан кітаптарға да ғылыми талдау жоқ. Ақырында монографияда орынсыз қайталаулар (17, 28, 38, 39, 93, 233, 264, 324, 354-беттер), ағат пікірлер, олақ құрылған сөйлемдер мен сөз тізбектері кездеседі.

Дегенмен, жеке кемшіліктеріне қарамастан, Н. Қиікбаевтың «Қазақстанда лениндік ұлт саясатының салтанат құруы» деген еңбегі — қоғамдық ғылымдарға қосылған үлес. Мұндай еңбектердің қазақ тілінде де шыққаны жөн болар еді.

Д. ҚІШІБЕКОВ,
философия ғылымының докторы, профессор.
А. ЕРЖАНОВ,
тарих ғылымының кандидаты, доцент.

Орал өңірінің байлығы

«Қазақстан» баспасы биыл Орал облыстық партия комитетінің секретары Б. Жұмағалиевтің «Байтақ даланың ризығы» деген кітабын басып шығарды. Онда Орал облысы ауыл шаруашылығының өткені мен қазіргі жайкүйі, болашағы сарапқа салынған. Кітап алты тараудан және қорытындыдан тұрады. Әрбір тарау бойынша архив және санақ материалдары мол пайдаланылған.

Автор ең алдымен революциядан бұрынғы облыс ауыл шаруашылығына сипаттама береді. Батыс Қазақстан өткен заманда патшалық Россияның артта қалған шет аймағы болатын. Ұсақ товарлы ауыл шаруашылығы, экономикалық және мәдени мешеулік — міне Жайық атырабының Ұлы Октябрьге дейінгі көрген күні осылай қараң еді. Екіншілік мәдениетінің төмендігі, қораш техника салдарынан астық шаруашылығы табиғат жағдайларына тікелей бағынышты болды. Өндіргіш күштердің дамуына феодалдық-крепостняктік өндіріс қатынастарының орасан қырсығы тигені мәлім.

«Облыс ауыл шаруашылығы тың игергенге дейін» деген тарау-

да Б. Жұмағалиев тың жер игерілгенге дейін тіпті ауа райы қолайлы болған жағдайлардың өзінде облыс шаруашылықтарының ең көп дегенде тапсыратын астығы 6 миллион пұтқа әрең жететін еді деп жазады. Автор мал шаруашылығына кеңірек тоқталады. Жергілікті партия, совет органдарының қоғамдық мал шаруашылығын өрге бастыруға шұғыл шаралар белгілеуі нәтижесінде Ұлы Отан соғысының алдында, яғни 1935 жылдан 1940 жылға дейін Орал өңірінің колхоздарында мал саны қауырт өсті. Кітапта осы мерзім ішінде ірі қара 301 процент, қой-ешкі 479 процент, жылқы 323 процент өскені мысалға келтірілген. Ал мұның өзі майданды мал шаруашылығы өнімдерімен үздіксіз жабдықтап тұруға қолайлы жағдай жасаған еді.

«Тың және тыңайған жер игеру», «Тың игеру жылдарында облыс мал шаруашылығының өркендеуі» деген тарауларда автор көптеген құнды материалдарды жинақтап қорытқан, ауыл шаруашылығының барлық саласын мықтап өрге бастыру жөніндегі партия мен үкімет шешімдерінің өміршеңдігін нақты көрсеткен. 1954 жылдан 1958 жылға дейін

облыстың колхоздары мен совхоздарында 1 миллионнан астам гектар тың және тыңайған жер игерілді, мұның өзі астық өндіруді едәуір молайтуға, мемлекетке астықты еселеп тапсыруға мүмкіндік берді. 1958 жылы Отан қоймасына 50,7 миллион пұт дән күйылды, ал бұл осының алдында өткен 14 жыл бойы тапсырылған астық мөлшерімен бірдей еді. Осы табыстары үшін Орал облысы республикада бірінші болып Ленин орденімен наградталды.

Б. Жұмағалиев облыс шаруашылықтарын экономикалық және материалдық-техникалық жағынан нығайту мәселелерін сөз ете келіп, ауыл шаруашылығы қызметкерлерін материалдық ынталандыру принципін қатаң сақтау керек екенін еске салады. «Пермский», «Правда», «Трудовик» сияқты тың совхоздарының тәжірибесіне сүйеніп, автор еңбекке ақы төлеудің прогрестік әдістерін насихаттайды.

Облыс мал шаруашылығының қазіргі жай-күйі — кітаптың өзекті тақырыбы. Автор мал санының өсуін, мал шаруашылығы өнімдерінің мемлекетке тапсырылуын дәлелдейтін фактілер мен мысалдарды мол келтіреді. Кітапта Орал облысы мал шаруашылығының жетекші саласы — қой шаруашылығын өркендету мәселесі жан-жақты әңгіме болады. Автор өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың озық тәсілдері туралы айта келіп, еңбек өнімділігін арттыруда ірілендірілген, механикаландырылған шопан бригадаларының пайдалы екенін дәлелдейді.

«Жүрекке жол табу керек. Экономиканы білу керек» деген тарауда партия, совет, шаруашылық ұйымдарының еңбекшілерді бесжылдық тапсырмаларын орындауға жұмылдыру жөнінде жүргізген ұйымдастыру және саяси тәрбие жұмысы баяндалған. Автор былай деп жазады: «Облыстың еңбек табыстары — партия ұйымдарының еңбекшілерді коммунистік құрылыс міндеттерін ойдағыдай орындауға жұмылдыру-

да орасан қызмет атқаруының тамаша жемісі».

Орал партия ұйымдарының қызметіндегі елеулі бір жетістік — өндірісте тікелей жұмыс істейтін коммунистердің саны көбейді. Кітапта былай деп атап көрсетілген: қазір колхоздар мен совхоздардың партия ұйымдарында коммунистердің 84 проценті тікелей өндірісте істейді. Тек партияның XXIII съезінен кейін ғана облыс мал шаруашылығына бір мындай коммунист жіберілді.

Кітапта облыс партия ұйымдарының колхоздар мен совхоздарды кадрлармен нығайту жөніндегі тәжірибесі жинақталған. Орал облысының колхоздары мен совхоздарында жоғары және орта білімі бар 2 860 маман қызмет істейді. 101 совхоз директорының 90-ы ауыл шаруашылығының мамандары, сондай-ақ 36 колхоз председателінің 24-і мамандар. Бөлімше, ферма басқарушыларының, трактор және мал бригадалары бригадирлерінің ішінде 857 коммунист бар. Жайық бойында 74 Социалистік Еңбек Ері, жүздеген озат дикандар мен сауыншылар қажырлы еңбек етеді. Біздің мақсатымыз, деп жазады Б. Жұмағалиев, осы шамшырақтардың өнегелі тәжірибесін күллі ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің игілігіне айналдыру.

Қорыта айтқанда Б. Жұмағалиевтің «Байтақ даланың ризығы» деген кітабы Орал облысы ауыл шаруашылығының даму белестерінен едәуір мағлұмат береді. Кітапта тек фактілер жинақталып, талданып қана қоймай, сонымен қоса облыстың егіншілігі мен мал шаруашылығын өркендету жөнінде құнды пікірлер мен ұсыныстар айтылады. Әрине, кітаптың жеке кемшіліктері, орынсыз қолданған сөз тізбектері, пікір қайталаулары жоқ емес. Бірақ бұл еңбектің ауыл шаруашылық білімдерін насихаттауда пайдалы екенінде талас жоқ.

Б. ҒҰМАРОВ,
экономика ғылымының
кандидаты, доцент.

АУДАНДЫҚ ГАЗЕТ БЕТТЕРІНЕН

КӨСЕМ ӨМІРІ — ӨНЕГЕ

Қызылорда облысы, Қазалы аудандық «Ленин туы» газеті ұлы көсеміміз Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлікті тәуір жаза бастады. «Лениндік еңбек вахтасында», «В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы қарсаңында» деген рубрикалармен қазірдің өзінде газетте бірсыпыра материал жарияланды. «Ленин туы» көсем мерекесіне байланысты жастар тәрбиесіне айрықша назар аударып отыр. В. И. Лениннің күреске толы бүкіл өмірі — жастарға коммунистік тәрбие беруде, партия мен совет халқының данқты дәстүрлерін насихаттауда, оларды марксизм-ленинизм ілімімен қаруландырып, дүние танымын қалыптастыруда таптырмайтын құрал.

Газеттің өткен жылғы 16 ноябрь күнгі номерінде «Көсем өмірі жастарға үлгі» деген мақала жарияланды. Мақалада Қ. Сәтбаев атындағы мектепте В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына қызу әзірлік жүріп жатқаны айтылады. Класс жетекшілерінің тәрбие жоспарларында оқушыларға көсем өмірін оқытып үйрету арнайы қарастырылған. Пионер отрядтарында, комсомол ұйымдарында «Біз Ленинше оқып, өмір сүреміз» деген тақырыппен жиындар өткізілуде. Мектеп радио торабынан пластинкаға жазылып алынған көсем сөзі жиі естіледі. Мектеп пионерлері көсем оқыған мектеп пионерлерімен хат алысып тұрады. Оқушылар Совет өкіметін орнатуға белсене қатысқан И. Ильин, Н. Сәдіров, Б. Мәшенбаев сияқты ардагерлермен кездесті.

Ата-аналар арасында да данышпан көсемнің өмірі мен революциялық қызметін бейнелейтін әңгімелер, лекциялар өткізілуде. «В. И. Ленин бала тәрбиесі

туралы» деген тақырыпқа арнаулы әңгіме өткізілмекші. Мектеп кітапханасында арнайы бұрыш ұйымдастырылды. Онда көсем өмірін бейнелейтін түрлі естеліктер, көркем әдебиеттер қойылған. Мектеп залындағы үлкен стенд те көсем өмірінің жеке белестерінен мағлұмат береді.

Өткен жылғы декабрь айындағы бір номерінде бұл аудандық газет Жана Қазалы поселкесіндегі № 422 мектептің директоры Ә. Ермақановтың «Ұлы есімнен үйреніп...» деген мақаласын басты. Онда да жас жеткіншектердің көсемге деген сүйіспеншілігі әңгіме болады. Мектеп кітапханасында «Ленин және Қазақстан» деген бөлім жасалып, онда республикамыздың жарты ғасыр ішіндегі өнеркәсібі мен мәдениетінің дамуын, Лениннің Қазақстанға жасаған үлкен қамқорлығын бейнелейтін суреттер мен Ленин еңбектері қойылғаны, мектепте революция және еңбек ардагерлерімен «Бізді Ленин тәрбиеледі» деген қызықты кездесулер өткізіліп тұратыны, осының бәрі мектеп оқушыларын Ленин ісіне, коммунизм мұраттарына шын берілгендік рухта тәрбиелеуге көмектесетіні айтылған.

Демек, газеттің көсем өміріне байланысты жастар тәрбиесін кеңінен жазуы құптарлық. Коммунизмнің белсенді құрылысшылары — жастарды тәрбиелеуге Коммунистік партия мен Совет үкіметі әрдайым аталық қамқорлық жасап келеді. КПСС Орталық Комитетінің «ВЛКСМ-нің 50 жылдығы және жастарға коммунистік тәрбие беру міндеттері туралы» қаулысында: «Өскелең жас ұрпақтың саналылығы неғұрлым жоғары болса, коммунистік құрылыстың жоспарларын жүзеге асыру соғұрлым табысты атқарылады» делінген. «Ком-

мунистік тәрбие жұмысы жақсы жолға қойылған коллективте еңбек те өнімді, тұрмыс та көңілді, — дейді «Ленин туы» өзінің декабрь айындағы «Жастар тәрбиесі» деген бас мақаласында, — мұның мысалын біздің ауданымыздың өмірінен де көруге болады. Абай атындағы колхоздың шопандары түгелдей дерлік жастар. Олардың бәрі де өнегелі еңбек етуде. «Бозкөл» совхозының механизаторы, Социалистік Еңбек Ері Қ. Әлимаевтың, Қарл Маркс атындағы совхоздың сауыншысы Л. Жанабергенованың және басқалардың есімін мақтаныш сезіммен ауызға аламыз. Жас адам — жас шыбық, демек, оны әрдайым көздің қырына алып өсіру, ағалық ақыл айтып, коммунистік тәрбие беру, сол арқылы ұлы мұраттарға үлкен сеніммен құлаш ұрғызу — коммунистердің, жасы үлкен ағалар мен апалардың төл ісі. Бастауыш партия ұйымдары жас жеткіншектердің дұрыс тәрбие алып, өнегелі азамат болып өсуіне ықпал етуге міндетті».

ЛЕНИНДІК ЕҢБЕК ВАХТАСЫНДА

Жамбыл облысы, Талас аудандық «Ленин жолы» газетінде де торқалы тойға әзірлікке арналған материалдар жиі жариялана бастады. Бұлар «Аудан лениндік еңбек вахтасында», «В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы қарсаңында» деген рубрикалармен берілуде. Өткен жылдың тек соңғы екі айының ішінде ғана осындай рубрикалармен 15-тен астам подборка мен мақала басылған. Мәселен, ноябрь айындағы бір номерінде газет Ильич атындағы совхоз партия комитетінің секретары Л. Кеніпбековтың «Даңқты күнге әзірлік» деген мақаласын жариялады. Онда көсем атындағы совхоз еңбеккерлерінің даңқты күн қарсаңында өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдағаны баяндалады. Совхоз коллективі өткен жылдың міндеттемелерін абыроймен орындап шыққан. Совхоз партия комитетінде 15 лектор, 38 саяси хабаршы, 73 үгітші бар. Олардың күшімен бұқара арасында көсемнің өмірі мен қызметі жайлы әңгімелер өткізіліп, лекциялар оқылуда. «Қазір, бізде лениндік жұмалықтар өткізу қолға алынды, — делінген мақалада, — онда совхоздың басшылары мен мамандары еңбекшілермен кездесіп,

баяндамалар жасайды, әңгімелер өткізеді, шаруашылық барысы туралы есеп береді. Қазір совхозда В. И. Лениннің өмірбаянын оқытатын екі мектеп, марксизм-ленинизм негіздерін оқытатын үш мектеп және бір саяси бастауыш мектеп жұмыс істейді. Бұларға 87 коммунист тартылған. Совхозда 1968 жылдың он айы ішінде үгітшілер мен баяндамашылар 167 лекция оқып, 24 баяндама жасады.

Совхоз партия комитетінің жанынан қоғамдық негізде ұйымдастырылған саяси-ағарту кабинеті ашылып, ол керекті құралдармен толық жабдықталды. Кабинетте В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына байланысты «Коммунист» деген бөлме ашылды. Сондай-ақ көсемнің балалық шағын бейнелейтін стенд жасалды».

НАСИХАТШЫНЫҢ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

Осылайша аталатын рубриkanı Жезді аудандық (Қарағанды облысы) «Октябрь туы» газетінің беттерінен соңғы кезде жиі кездестіруге болады. Өйткені партия оқуы жүйесіндегі тыңдаушылардың марксизм-ленинизм ілімін терең оқып үйренуіне насихатшы шеберлігінің пайдасы мол. Мәселен, «Насихатшының шеберлік мектебі» деген рубрикамен берілген насихатшы Т. Омаровтың «Тыңдаушы және даярлық» деген мақаласында былай делінген: «Насихатшы жұмысының негізгі көрсеткіші — тыңдаушылардың идеялық дәрежесінің өсуі. Егер жылма-жыл оқып жүргендердің ой өрісі кеңейіп, теориялық білімі арта түссе, насихатшы үшін одан артық мәртебе жоқ. Олай болса, олар тыңдаушыларға тиянақты білім беру үшін өз шеберлігі мен білімін арттырып, насихатшылық жұмыстың барлық тәсілдерін қолданып отыруға және оны жетілдіре беруге тиіс. Тыңдаушыларды өздігінен жұмыс істеуге дағдыландыру, конспектілеуге үйрету — білім берудің тиімді әдісі. Оны әр насихатшы әртүрлі әдіс арқылы жүргізуі мүмкін. Бірақ соның қайсысы әсерлі, тиімді екенін зерттеп, тәжірибеге енгізіп отыру насихатшының ісі». Газеттің партия оқуы жөнінде материалдарды жиі жариялауы, мұндағы негізгі тұлға насихатшының шеберлігі туралы келелі сөз қозғауы орынды.

ЖАҢА ЖҮЙЕ ЖЕМІСІ

Аякөз аудандық (Семей облысы) «Алға» газеті жоспарлау мен экономикалық ынталандыру шараларының жаңа жүйесі бойынша кәсіпорындардың жұмыс істеуін тәуір жазып келеді.

Газет таяуда ғана «Реформа және техникалық прогресс» деп бас мақала берді. Онда жаңа жүйенің қала кәсіпорындарына кеңінен енгізіліп отырғаны, соның нәтижесінде кәсіпорындардың дербестігі мен инициативасы артқаны келеді сөз болады. Дәлірек айтқанда, жаңа жүйенің артықшылығы еңбек өнімділігінің еселеп артуынан, табыстың көбеюінен, өндірістің рентабельділігінен, яғни кәсіпорын экономикасының нығаюынан көрініп отыр. Бұған дәлел ретінде газет жіп иіру фабрикасы мен вагон депосының жұмысын мысалға келтіреді.

«Алға» газетінен «Жаңа реформа жүзеге асуда» деген рубриkanı жиі кездестіруге болады. Осындай рубрикамен октябрь айында берілген материалдың бірі — жіп иіру фабрикасының бас инженері Г. Никифоровтың «Еңбек өнімділігінің артуы» деген мақаласы.

КПСС Орталық Комитеті сентябрь (1965 ж.) Пленумы белгілеп, партиямыздың XXIII съезі мақұлдаған жаңа жүйе — кәсіпорындардың жұмысын жоспарлау мен экономикалық көтермелеу жүйесі жіп иіру фабрикасына енгізілгеніне бір жылға жуық уақыт өткен.

«Осы уақыттың ішінде, — дейді автор, — фабрика коллективі экономиканы нығайтуда, рентабельдікті көтеруде айтарлықтай табыстарға жетті. Еңбекшілердің белсенділігі мен творчестволық инициативасы өріс алды. Соның нәтижесінде жіп шығару жөніндегі 9 айлық жоспар 101 процент орындалып, еңбек өнімділігі 16 процент, орташа еңбекақы 11,3 процент өсті. Сыйлық беру шарттары норманы орындауға ғана байланысты емес, сондай-ақ өнімнің өзіндік құнын арзандатуға, шикізатты үнемдеуге, бірінші сортты өнім шығару дәрежесін арттыруға да байланысты. Материалдық ынталандыру қорынан 1968 жылдың 8 айы ішінде сыйлық ретінде 20,4 мың сом жұмсалды. Қазіргі кезде сыйлық еңбекақы қорынан да, сондай-ақ директор қорынан да төленеді. Осының бәрі әрбір еңбеккердің, маманның жауапкершілігін арттыруға ықпал етті».

Партия тұрмысының хабарлары

МАСТЕРДІҢ ӨНДІРІСТЕГІ РОЛІ

Ақтөбенің рентген аппараттарын жасайтын заводында 50-ден астам мастер жұмыс істейді. Бұлар — тәжірибелі маман, өндірістің шебер ұйымдастырушылары. Олардың көпшілігі өз учаскелерінде өндірісті білгірлікпен басқарып, коллективтің қоғам жұмыстарына белсене қатысады. Мастерлердің бірқатары — цехтық партия ұйымдарының секретарьлары.

Мастердің өндірістегі ролін көтеру жөнінде завод партия ұйымының есебін тындаған облыстық партия комитеті ұйымның бұл саладағы жұмысының тәуір жақтарымен бірге, бірсыпыра кемшіліктерін де атап көрсетті. Партия ұйымы арнаулы білімі жоқ мастерлердің түгелдей оқуын қамтамасыз етпеген. Мастердің өндірістегі ролін арттыру жөнінде партбюро белгілеген шаралар толық жүзеге асырылмайды.

Жекелеген цехтық партия ұйымдары мастердің жұмысына қатаң талап қоймайды, партия жиналыстарында, партбюроның мәжілістерінде олардың есебін жиі тындап тұрмайды.

Ақтөбе облыстық партия комитеті завод партия ұйымын әрбір цехтың жұмысын жақсартуға, коллективті тәрбиелеудегі мастердің ролін арттыруға міндеттеді.

ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ЖАҚСАРТЫЛСЫН

Жамбыл облыстық партия комитеті жүнді алғашқы өңдеуден өткізетін фабрика партия ұйымының әйелдер арасындағы тәрбие жұмысы жайлы есебін тындады. Бұл коллективтің үштен екі бөлігі әйелдер. Олардың басым көпшілігі нормаларын артығымен орындап, өндірісте абыройлы еңбек етіп жүр. Көптеген әйелдер коллективтің қоғам жұмыстарына да белсене қатысады. Партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының құрамында 60-тан астам әйелдер бар. 58 әйел — лектор, үгітші және саяси хабаршы. Өткен жылдың өзінде ғана 342 жұмысшы әйел мамандығын арттырды.

Дегенмен фабрика партия ұйымының әйелдер арасындағы жұмысында елеулі кемшіліктер де бар. Әйелдердің өндірістегі, қоғамдық жұмыстағы ролін арттыру мәселелері партбюроның мәжілісінде, партия жиналыстарында сирек талқыланады. Жас жұмысшы әйелдердің жиналысы өткізілмейді. Әйелдер советінің жұмысы ықпалсыз.

Облыстық партия комитеті фабрика партия ұйымының бұл саладағы жұмы-

сын жақсарту жөнінде нақты шаралар белгіледі.

ТӘЖІРИБЕ ҚОРЫТЫЛДЫ

Алматы облыстық партия комитеті Боралдай автобазасы партия ұйымының еңбекті ұйымдастыру, өндіріс мәдениетін арттыру жөніндегі жұмыс тәжірибесін қорытты.

Партия ұйымы бұл шараларды жүзеге асыруға мамандарды, инженер-техник қызметкерлерді, дәрігерлерді, суретшілерді, озат жұмысшыларды кенінен қатыстыра отырып, оларды техникалық прогресс, қоғамдық өндірістің тиімділігі мен еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күреске жұмылдыра білді.

Автобаза коллективі Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігінің Орталық нормативті-зерттеу станциясымен бірлесе отырып, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудың үш жылдық комплексті жоспарын жасаған. Мұнда 272 техникалық, ұйымдық және экономикалық шаралар жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде 1965—1967 жылдары базадағы машина жүргізушілердің еңбек өнімділігі 52 процент өсті. Бұл — еліміздің автомобиль транспортындағы орташа көрсеткіштен үш есе астам.

Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудың нәтижесінде автобаза соңғы үш жылда барлық техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартты.

Облыстық партия комитетінің бюросы автобаза партия ұйымы мен коллективінің жұмыс тәжірибесін мақұлдап, оны облыстың басқа да автомобиль шаруашылықтарына кенінен тарату қажет деп көрсетті.

УЧИЛИЩЕ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ СЕКРЕТАРЬЛАРЫНЫҢ СЕМИНАРЫ

Қарағандыда кәсіптік-техникалық училище бастауыш партия ұйымдары секретарьларының облыстық семинары болып өтті.

Халық шаруашылығына маман жұмысшы кадрларын даярлаудың сапасын жақсарту жөнінде училище партия ұйымдарының міндеттері туралы облыстық партия комитеті мектеп бөлімінің меңгерушісі Д. Әбдірахманова баяндама жасады. Сол сияқты семинарға қатысушылар алдында облыстық партия комитеті ұйымдастыру-партия жұмысы бөлімінің меңгерушісі К. Устименко, облыстық кәсіптік-техникалық білім басқармасы бастығының орынбасары А. Голоскак баяндама жасады.

Семинарға қатысушылар өзара пікір алысты, тәжірибе алмасты.

Журнал жанашырлары

Биылғы жылы да республика партия ұйымдары баспасөзге жазылуды зор ұйымшылдықпен өткізді. Соның нәтижесінде партиялық баспасөзге жазылудың жайы бұрынғымен салыстырғанда әлдеқайда жақсы болып отыр. Бұл заңды да. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесінің жақындай түсуіне байланысты ұлы көсеміміздің идеялық мұрасын оқып үйренуге деген құштарлық барлық жерде бірдей күшейе түсті. Өйткені орталық қоғамдық-саяси журналдардағы мақалалар, консультациялар, арнаулы хабарлар тыңдаушылар мен насихатшылар үшін елеулі септігін тигізетін болады. Сондықтан да республика еңбекшілері «Коммунист», «Партийная жизнь», «Политическое самообразование», «Агитатор», «Қазақстан коммунисті», «Партийная жизнь Казахстана» сияқты партиялық журналдарға көптеп жазылды. Мәселен, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің теориялық және саяси журналы «Қазақстан коммунисті» жаздырып алушылар саны былтырғыдан едәуір көбейіп, журналдың биылғы тиражы 44 мыңға жұықтап отыр. Әсіресе Шымкент, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Ақтөбе, Гурьев, Талдықорған облыстарында журналға жазылушылар саны өткен жылдардағыдан едәуір асып түсті.

Баспасөзге жазылуды ұйымдастыру — маңызы зор науқан. Бұл саяси науқанға партия ұйымдары нақты басшылық жасап, кәсіпорындар мен шаруашылықтарда, оқу орындары мен мекемелерде баспасөзге жазылуды қамтамасыз ететін арнаулы пункттер ұйымдастырды. Жергілікті партия ұйымдары қоғамдық баспасөз таратушылардың кеңесін жиі-жиі өткізіп тұрды. Орталық республикалық партиялық журналдарға көптеп жазылуға облыстық, аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары, олардың секретарьлары, партком мүшелері, қатардағы коммунистер мен

комсомолецтер, үгітшілер мен насихатшылар және жалпы ауып интеллигенциясы үлкен жәрдем көрсетті.

Бұл — партия ұйымдарының және идеялық-саяси дәрежесі мықтап өскен коммунистердің нағыз шынайы қамқорлығы. Шымкент облысындағы Алғабас, Қызылқұм, Алматы облысындағы Кеген, Нарынқол, Балқаш, Жамбыл облысындағы Талас, Сарысу, Мойынқұм, Қарағанды облысындағы Егіндібұлақ, Ақтоғай, Талдықорған облысындағы Ақсу, Шығыс Қазақстан облысындағы Тарбағатай аудандық партия комитеттері журналды көп таратуға ерекше көмектесті. Бұл аудандардың әрқайсысында 400-ден 1000-ға дейін «Қазақстан коммунисті» таратылды.

«Қазақстан коммунисті» журналының редакциялық коллегиясы журналды көп таратуға белсене ат салысқан барлық облыстық, аудандық, партия комитеттеріне, бастауыш партия ұйымдары мен олардың секретарьларына, қоғамдық баспасөз таратушыларға шын жүректен алғыс айтады.

«Қазақстан коммунисті» журналын таратуда Тарбағатай, Махамбет, Қызылқұм, Нарынқол, Ақсу, Жаңақорған аудандық партия комитеттерінің қызметкерлері, Жаңақорған ауданының баспасөз тарату бөлімінің бастығы Ш. Әшімов, қоғамдық баспасөз таратушы, Семарық станциясындағы селолық Советтің секретары С. Абылов, Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы, Буланбай байланыс бөлімшесінің қызметкері Ж. Молдағұлов, Балықшы ауданындағы (Гурьев облысы) Ленин атындағы колхоздың партия ұйымының секретары М. Шәжімов, Талдықорған облысындағы «Қос ағаш» совхозы парткомының секретары С. Омаров, Арасан колхозы партия ұйымының секретары М. Сламбеков, және басқа көптеген жолдастар айтарлықтай еңбек сіңірді.

УГ07448.

Зак. 13

Тираж 43811.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Қ. Сағындықов (бас редактор), З. Айтмағамбетов (жауапты секретарь), С. Бейсенбаев, Ж. Бектепов, Ш. Есмұрзаев, Т. Жанкелдин, С. Қожамсейітов, К. Мевдібаев, Т. Ыдырысов.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, идеология және экономика бөлімдері — 2-57-23, редактор — 2-23-03.

31/ХІІ-1968 жылы басуға қол қойылды, қар. 70×108^{1/16}, 2,5 қар. — 6,85 авт. табак.

Қазақстан КП Орталық Комитеті баспасының баспаханасы
Алматы, Ленин проспекті, 4.